Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 378.091 Қолжазба құқығында

**КАСЕНОВА САМАЛ АБИЛЖАНАТОВНА**

# Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу

6D010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
п.ғ.д., профессор Джанабаева Р.А.
PhD доктор, Анкара
университетінің доценті
Джем Бабадоган

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2014

## МАЗМҰНЫ

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**........................................................ 3
**АНЫҚТАМАЛАР**........................................................................... 4
**КІРІСПЕ**..................................................................................... 6
**1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** ........................................................ 16
1.1 Рухани-адамгершілік тәрбиенің мәні............................................. 16
1.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің зерттелу деңгейі............................................................ 34
1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдіснамалық тұғырлары.................................................................................. 48
**2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МОДЕЛІ**.............................................................................. 59
2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі тұлғалық-бағдарлы технологиялар сипаттамасы ............. 59
2.2 «Өзін-өзі тану» курсы - тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік білім беру тұрғысынан .......................................................................... 73
2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің моделі.... 84
**3 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ**.................................. 98
3.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдірудің жолдары......................................................................... 98
3.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары .................................................................... 113
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері.................................... 120
**ҚОРЫТЫНДЫ**............................................................................ 135
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**…….................................. 138
**ҚОСЫМШАЛАР**.......................................................................... 150

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010ж., ҚР Президентінің №1118 Жарлығы, Астана.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. – Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылғы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы, 24.02.2004ж., Астана.

Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесі. – ҚР Білім және ғылым министрінің № 583 бұйрығы, 2007ж., 29 қараша.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014 жылғы 17 қаңтар.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Гуманизм (адамшылық, азаматтық)** – адам құндылығын қабылдайтын, ерік-жігер құқығымен дамытатын іскерлігін көрсете алатын, қоғамдық қарым-қатынастарда адам игілігін бағалаудың өлшемдік түсінігі.

**Руханилық** – адамның материалдық емес, адамгершілік құндылықтар басымдығына негізделген адам мен адамзат өмірінің рухтық-сезімдік жақтары, адамдардың өзгеше ойлау бейнесі мен тіршілік әрекеті.

**Рухани даму** – өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсіну және өзін-өзі үздіксіз, бірқалыпты жетілдіру. Адамның тәндік, физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік дамудың өлшемі.

**Мораль (латын mores - әдет-ғұрып)** – қоғамдық сананың бір формасы, қоғамдық өмірдің барлық салаларында адамдардың мінез-құлқын реттеу функциясын атқаратын әлеуметтік институт.

**Адамгершілік** – адамдардың практикалық өмірінен тамыр алып, пайда болған әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді тудырып, солармен сәйкес дамиды. Адамгершілік қасиеттері отбасында, қоршаған ортада, адамдардың іс-әрекетінің барысында бір-бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасады.

**Адамгершілік тәрбиесі** – мақсатқа негізделген көзқарасты сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі.

**Қазіргі ұлттық тәрбиелік идеал** – бұл жоғары адамгершілік, шығармашылық, Қазақстанның құзыретті маманы болу, өзінің Отанының тағдырына үлесін қосу, елінің қазіргі және болашағына өзінің жеке саналы жауапкершілігі, көп ұлтты Қазақстан халқының рухани және мәдени дәстүрлерін жетілдіруге қатысуы.

**Мінез** – адамның жеке басындағы қоғамдық ортаның, тәрбиенің әсерімен қалыптасып, оның ерік күшімен өзіне және қоршаған өмірге қарым-қатынасын айқындайтын күрделі үрдіс.

**Іс-әрекет** – адамның қоршаған шындықпен өзара белсенді әрекеттесуі, оның барысында адам субъекті ролін атқарып, объектіге мақсатты бағытталған ықпал жасайды және өзінің қажеттілігін қанағаттандырады.

**Құндылық** – қоршаған ортадағы объектілерді анықтау, оның адамға, қоғамға жағымды және жағымсыз мәнін (қайырымдылық және қатыгездік, әдемілік және зұлымдық) белгілеу, адамның қоғамдық өмір немесе табиғат құбылыстарына қатынасы.

**Жалпыадамзаттық құндылық** – әлеуметтік жүйе ретіндегі барша адамдарға, бүкіл адамзатқа ортақ, дүниежүзі халықтарының ғасырлар бойғы

тәжірибесін қорыту нәтижесінде тұжырымдалған, қазіргі заманғы өркениеттің дамуын анықтайтын мұраттар.

**Құндылықты қатынас** – бұл бір бағытты субъектілі-объектілі қатынас. Құндылықты қатынас объектісінің екі типі анықталған: ахуалды құндылықтар жүйесі және шынайы құндылықтар жүйесі.

**Тұлғалық-бағдарлы білім беру** – бұл студент пен оқытушы тұлғасы субъект ретінде танылатын, тұлғаның қайталанбастығы мен даралығын дамытуға, оқыту үрдісінде білім алушының субъектілі тәжірибесін есепке алуға бағытталған, оқытушы мен студенттің ынтымақтастық қарым-қатынастарына және таңдау еркіндігіне негізделген білім беру үрдісі.

**Тұлғалық-бағдарлы технология** – қазіргі педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздеріне сәйкес студенттің даралығын, шығармашылық ерекшеліктерін ашу және есепке алу. Ол рухани және интеллектуалды сапаларының қалыптасуына бағытталады.

**Даралық** – бұл тұлғаның қайталанбайтын өзгешелігі, оның дамуы студенттің жас ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Балалық шақта адамның өзіндік әлеуметтік-мәдени бейнесін іздеуі, таңдауы және қалыптасуы, белгілі бір топқа қатыстылығы жүзеге асады, өзінің ересек адам ретіндегі өмір сүруінің құндылықтары мен мәдениеті қалыптасады.

**Субъект** – іс-әрекеттің белгілі бір түрінің тасымалдаушысы, ал объекті субъект іс-әрекетінің бағытталу нысаны; адам практикалық іс-әрекетінде объективті әлемді қайта түрлендіріп қана қоймайды, әлемді тану арқылы гносеологиялық субъект ретінде көрінеді; ойлау және таным адамның іс-әрекетінде жүзеге асады; индивид тек қоғамда және қоғам арқылы ғана субъект болады; адам тәжірибе жинақтағанда және тәрбиелеу нәтижесінде ғана субъектіге айналады.

**Индивид (лат. Individuum)** – жекелей табиғат иесі. Nomo sapiens өкілі, филогенездік және онтогенездік дамуда, туа және жүре біткен қасиеттердің иесі ретіндегі адам.

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі**

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемдік озық отыз елдің құрамына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы жағдайында және оған сәйкес әлемдік білім беру кеңістігіне ену қажеттілігі бүгінгі болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілікке ие, бәсекеге қабілетті, рухани-адамгершілік тұрғыдан жан-жақты дамыған маман болуын талап етіп отыр. Ал бұл болса, республикадағы педагог кадрларды кәсіби даярлау жүйесін жаңашылдықпен жаңғырту керектігін, соның ішінде білім беру мен тәрбиелеу саласындағы жаңа технологияларды жаңартуды қажет етеді. Біздің бұл ойымызды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтауға байланысты... Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу; екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор; ... бесіншіден, оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс; алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет» делінген стратегиялық міндеттері де дәлелдей түседі [1].

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі» деп көрсетілуі мен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты міндеттері қатарында «ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адам әрекетін ұйымдастыруға, тұлғасын дамытуға және кәсіби әрекетін шыңдауға бағытталған сапалы білім беру үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани әлеуетін дамыту мен дербес ерекшеліктерін анықтауға қолайлы жағдай туғызу» деп қарастырылуы, бүгінгі таңда рухани-адамгершілік тәрбиені дамыту көкейкестілігін айғақтайды [2,3].

Оның үстіне республикада нашақорлық, маскүнемдік, жұмыссыздық пен тастанды балалар санының азаймауы, Қазақстан сәбилерінің жер жүзіне таралып, қолды болу сияқты қоғамымызға жат келеңсіз жағдайлардың көрініс алуы тәрбие үдерісінің күрделене түскендігін, бүгінгі балалар мен жастардың бойында адами қасиеттерді, адамгершілік әрекеттерді, психологиялық-тұлғалық қабілеттерді дамытудың, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Осыған байланысты жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісі мазмұнының тұлғаға бағдарлы қарастырылуының маңыздылығы артады. Өйткені, болашақ мұғалімдердің тұлғалы-бағдарлық технологиялар негізінде өзін-өзі анықтауы, өзін-өзі жетілдіруі, өзін-өзі бағалауы жүзеге асуы нәтижесінде олардың тұлғалық қасиеттері, субъектілік ерекшеліктері, даралығы дамиды. Ал бұл

болса, олардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің жоғары деңгейге көтерілуіне тікелей ықпал етеді.

Сондықтан да қазіргі уақытта қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бет-бұрыс жоғары оқу орындарындағы, соның ішінде педагогикалық оқу мекемелеріндегі болашақ мұғалімдердің дара ерекшеліктерін анықтауға, тұлға аралық қатынасын дамытуға, өзіндік баға беруге бейімдеуге мәнді ықпал ететін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру қажеттілігін арттырып отыр.

Тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру барлық кезеңдерде де өзекті мәселе болып келді. Оның өнегелі үлгілерін жастар тәрбиесінде пайдалану қажеттілігі Конфуций [4], Сократ [5], Платон [6], Аристотельден [7] бастау алып, Гегель [8], Р.Декарт [9], М.Монтень [10], И.Кант [11], Л.И.Толстой [12], Я.А.Коменский [13], Ж.Ж.Руссо [14], К.Д.Ушинский [15], В.А.Сухомлинский [16], А.С.Макаренко [17], Б.С.Гершунский [18], И.П.Подласый [19] және т.б. ғалымдар еңбектерінде жалғасын тапты.

Рухани-адамгершілік құндылықтарының мәні, тәрбиелік маңызы туралы ғұлама ойшылдар әл-Фараби [20], Ж.Баласағұн [21], Қ.А.Яссауи [22], М.Х.Дулати [23], ұлы ағартушылар Ш.Уәлиханов [24], Ы.Алтынсарин [25], А.Құнанбайұлы [26], ақын, жазушылар, қоғам қайраткерлері Ш.Құдайбердіұлы [27], А.Байтұрсынұлы [28], Ж.Аймауытов [29], М.Дулатов [30], М.Жұмабаев [31] және т.б. еңбектерінде құнды ойлар айтылған.

Рухани-адамгершілік құндылықтардың әлеуметтік-философиялық негіздерін алыс және жақын шетел философтары П.Адлер [32], Н.А.Бердяев [33], В.В.Зенковский [34]; қазақстандық Ә.Нысанбаев [35], Д.Кішібеков [36], Ү.Сыдықов[36], М.Орынбеков [37], Қ.Әбішев [38], Ж.Алтаев [39], Т.Ғабитов [40] С.Нұрмұратов [41] және т.б. ғалымдар қарастырса, психологиялық негіздерін шетелдік Л.С.Выготский [42], Б.Г.Ананьев [43], А.Н.Леонтьев [44], Л.С.Рубинштейн [45], В.В.Давыдов [46], Д.Б.Эльконин [47]; отандық М.Мұқанов [48], Т.Тәжібаев [49], А.Темірбеков [50], Қ.Б.Жарықбаев [51], Ә.Алдамұратов [52], Х.Т.Шерьязданова [53], Ж.Ы.Намазбаева [54], С.М.Жақыпов [55] және т.б. психолог-ғалымдар зерттеген.

Педагогика ғылымы саласынан адамгершілік тәрбиесінің теориясы мен әдістемесін В.А.Гаврилова [56], Н.Б.Крылов [57], Д.С.Лихачев [58], И.Ф.Харламов [59] және т.б. ғалымдар негіздесе, рухани-адамгершілік құндылықтардың тұлға дамуындағы рөлін Т.И.Власова [60], В.Т.Ганжин [61], О.С.Газман [62], М.С.Каган [63], А.И.Шемшурина [64], Е.Н.Щуркова [65], П.Р.Драккер[66], Z.Bursalıoğlu [67], Özdemir, Muhammet [68], Koray, Özlem [69], Aytaç, Serpil [70], Ataman, Aysegül [71] қарастырған.

Мұғалімдердің рухани қалыптасуы мен оқушыларды рухани дамыту әрекетіне даярлау мәселесін А.К.Маркова [72], Л.И.Романкова [73], В.Н.Сагатовская [74] және т.б зерделесе, жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу мен

өзін жетілдіру мәселесі К.А.Абульханова-Славская [75], А.А.Вербицкий [76], Ю.Орлов [77], И.И.Чеснакова [78] және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Тұлғалық-бағдарлы технологиялардың әдіснамасы мен оларды жобалау негіздері, технологиялық ерекшеліктері шетелдік И.Я.Лернер [79], М.Н.Скаткин [80], В.В.Краевский [81], Б.М.Бим-Бад [82], В.С.Леднев [83], П.И.Пидкасистый [84], А.В.Петровский [85], И.С.Якиманская [86], отандық Ә.М.Мұханбетжанова [87], Б.Б.Жақыпақынов [88], Б.К.Құдышева [89], С.М.Бахишева [90] және т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылған.

Қазақстанда рухани-адамгершілік тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негіздері, білім алушылардың халық шығармашылығы, педагогикалық мұралар негізінде және экологиялық іс-әрекеттерде, сондай-ақ өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру арқылы рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту мәселесі А.А.Бейсенбаева [91], Р.К.Төлеубекова [92], А.А.Калюжный [93], Қ.Қ.Жампейісова [94], Ұ.М.Әбдіғапбарова [95], Г.А.Аңламасова [96], А.Қ.Қаплиева [97], А.Г.Ерғалиева [98], А.Т.Утебаева[99], Р.Ж.Шалтаева [100], Г.А.Омарова [101], А.Қ.Рысбаева [102], К.Т.Атемова [103] және т.б. еңбектерінде жан-жақты зерттелген.

Бастауыш білім берудің теориялық-әдіснамалық, әдістемелік негіздері, кәсіби-педагогикалық, технологиялық даярлау мәселелері Қ.А.Аймағамбетова [104], С.Р.Рахметова [105], Ш.Х.Құрманалина [106], Б.А.Тұрғынбаева [107], Ә.С.Әмірова [108], Қ.А.Сарбасова [109], Р.К.Бекмағамбетова [110], Қ.Т.Ыбыраимжанов [111], Б.М.Қосанов [112], Б.Т.Барсай [113], Г.Т.Абдуллина [114] және т.б. ғалымдар зерттеулерінде зерделенген.

Алайда, жоғарыда аталған еңбектер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесінің зерттелмегендігін дәлелдейді. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытуға қоғамның сұранысы мен оның зерттелмегені арасында; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруде тұлғалық-бағдарлы технологиялар әлеуетінің кеңдігі мен оның ғылыми негізделмеуі арасында; тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды тиімді жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асыру моделі, әдістемесі, педагогикалық шарттарының жасалмағандығы арасында қарама-қайшылықтың бар екені анық байқалады. Осы қарама-қайшылықтың шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемасын анықтауға және тақырыпты **«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу»** деп таңдауға себеп болды.

**Зерттеудің мақсаты:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді теориялық тұрғыда негіздеу, әдістемесін жасау және оны тәжірибелік-экспериментте тексеру.

**Зерттеу объектісі:** жоғары педагогикалық оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі.

**Зерттеу пәні:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу

**Зерттеудің ғылыми болжамы**: егер, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлық технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық-әдіснамалық негіздері анықталса, оларды жүзеге асырудың моделі мен әдістемесі жасалып, педагогикалық шарттары айқындалса және олар жоғары педагогикалық оқу орнының оқу-тәрбие үдерісіне ендірілсе, онда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық қасиеттері, даралығы дамиды, субъектілік ерекшеліктері ашылады, тұлғалық-адами сапалары артады, рухани-адамгершілік іс-әрекеттері белсендіріледі, нәтижесінде олар кіші мектеп жасындағы оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруге, олардың тұлғалық өсуіне оң ықпал ете алады.

**Зерттеудің міндеттері**

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;
- тұлғалық-бағдарлы технологияны сипаттау және оның тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесімен арақатынасын анықтау;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттарын анықтау;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдістемесін жасау және оны тәжірибелік-эксперименттен өткізу, ұсыныстар беру.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** әлемдік білім беру кеңістігіне ену жағдайында жоғары оқу орындарындағы тұлғалық-бағдарлы технологияларға негізделген рухани-адамгершілік тәрбие үрдісі болашақ мамандардың тұлғалық сапаларын дамыта отырып, кәсіби құзыреттілігін шыңдай түсіп, бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді, жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіреді.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері**: жеке тұлғаны тәрбиелеуге қатысты философтардың, психологтардың, педагогтердің ғылыми-теориялық қағидалары және олардың жеке материалдық, руханилықтың бірлігі мен тұтастығы негізіндегі қағидалары, диалектикалық білімдері, тұлға, таным және іс-әрекет теориялары, жүйелі қатынас принциптері мен әдістері, іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлы қатынастарының психологиялық

тұжырымдамалары, жоғары білім беру жүйесіндегі қағидалар, тұтас педагогикалық үдеріс теориялары.

**Зерттеу көздері:** философтардың, әлеуметтанушылардың, психологтар мен педагогтердің еңбектері; Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдары, Білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру мәселелері туралы нормативті құжаттары мен оқу кешендері (тұжырымдамалар, стандарттар, типтік оқу бағдарламалары және т.б.); шетелдік және отандық педагогтердің ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; ғылыми мерзімді басылымдар; ізденушінің педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

**Зерттеу кезеңдері**

Зерттеу жұмысы 3 кезеңге сәйкес жүргізілді.

**1 кезең (2011-2012 жж.) -** қарастырылып отырған проблема бойынша материалдар жиналып, жүйеге келтірілді, ғылыми аппарат айқындалды, жоғары оқу орындарының, мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелері жинақталып, қорытыланды, эксперимент жұмысының бағдарламасы даярланды.

**2 кезең (2012-2013жж.) -** жоғары оқу орнының білім беру ортасында пайдаланылатын тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік тәрбие материалдары сұрыпталды, тұлғалық-бағдарлы технология мен рухани-адамгершілік тәрбиенің арақатынасы анықталды. Элективті курс бағдарламасы даярланып, мазмұны айқындалды және тұлғалық-бағдарлы технологияларға негізделген жеке сабақтар әзірленді. Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиені жүзеге асыру моделі құрастырылды. Модельді тиімді іске асыру әдістемесі жасалды, сабақтан тыс іс-әрекеттердегі іс-шаралар жоспарланды. Тәжірибелік-эксперимент жұмыстары жүргізілді, аралық кесінділер алынды.

**3 кезең (2014 ж.)** – тәжірибелік-эксперимент барысында алынған қорытынды нәтижелерге талдау және өңдеу жасалып, диссертациялық зерттеу талапқа сай рәсімделді.

**Зерттеудің базасы:** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.

**Зерттеу әдістері:** жалпы теориялық (философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге; жоғары оқу орындарының құжаттарына және студенттердің жұмыстарына талдау жасау, болжау, модельдеу, жүйелеу); эмпирикалық (студенттер мен оқытушылар арасында сауалнама жүргізу, педагогикалық бақылау, әңгімелесу, тестілеу, озық педагогикалық тәжірибелерді оқып-үйрену және жинақтап қорыту), педагогикалық эксперимент (анықтау, қалыптастыру, қорытындылау), зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні**

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық-

әдіснамалық негіздері айқындалып, рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұны жасалды;

- тұлғалық-бағдарлы технологияларға сипаттама берілді және осы технология мен тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесінің арақатынасы анықталып, негізделді;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары анықталды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдістемесі жасалды және ұсыныстар берілді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

- зерттеу мәселесі бойынша «Тұлғалық-бағдарлы технологиялар және рухани-адамгершілік тәрбие» атты жоғары оқу орнының студенттеріне арналған элективті курс бағдарламасы дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді;

- зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, педагогикалық колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесінде, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар**

1. Зерттеу проблемасын теориялық тұрғыда негіздеу барысында нақтыланған «рухани-адамгершілік», «рухани-адамгершілік құндылықтар» ұғымдары рухани-адамгершілік тәрбиеге қажетті адами қасиеттер, адамгершілік әрекеттер, психологиялық-тұлғалық қабілеттер, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтар кіріктірілген тұлғалық сапаны қалыптастыруды білдіреді.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде тұлғалық-бағдарлы және тұлғалық іс-әрекеттік әдіснамалық тұғырлар негізге алынады.

3. Тұлғалық-бағдарлы технологиялардың жан-жақты сипатталуы олардың рухани-адамгершілік тәрбиемен арақатынасын анықтайды. Жоғары оқу орындарында тұлғалық-бағдарлы технологияларға негізделіп берілген білім мен тәрбие болашақ маманның тұлғалық қасиеттерін, даралығын дамытады, субъектілік ерекшеліктерін ашады. Мұның болашақ мұғалімнің рухани-адамгершілік тәрбиесін арттыруға мүмкіндігі жоғары.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің құрылымдық

моделі мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастырушылық, нәтижелік құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастырады.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық жалпы шарттары жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үрдісін әдіснамалық, материалдық, басқарушылық, кадрлық қамтамасыз ету қажеттілігін талап етсе, жеке шарттары оқу-тәрбие үрдісінде рухани-жағымды орта құру; оқу мен оқудан тыс іс-әрекеттерді кіріктіру; оқу бағдарламаларының рухани-адамгершілік әлеуетін кеңінен пайдалану; тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиенің түрлі әдістерін өңдеу және т.б. керектігін сипаттайды

6. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу; тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен білімдермен қаруландыратын элективті курс, тұлғалық-бағдарлы технологияларға негізделген жеке сабақтар мен іс-шаралар жоспарын жасау, оларды оқу және оқудан тыс іс-әрекеттердің кіріктірілуінде жүзеге асыру олардың рухани-адамгершілік тұрғыдан жан-жақты дамуына тиімді ықпал етеді.

**7.** Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиесін дамыту мазмұндық-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етіледі.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі** – зерттеу мақсатына сәйкес кешенді әдіс-тәсілдердің қолданылуымен, білім алушының танымдық, тұлғалық іс-әрекетінің қалыптасуына арналған философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі қағидаларды басшылыққа алуымен; тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелерін өңдеумен және алынған деректерді талдау қорытындысымен қамтамасыз етілді.

**Диссертацияның құрылымы** – кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

**Кіріспе бөлімінде** зерттеудің көкейкестілігі, ғылыми аппараты: объектісі, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық- әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық мәні, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі ашып көрсетіледі.

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық-әдіснамалық негіздері»** атты бірінші тарауда зерттеу проблемасының теориялық негіздері анықталады, рухани-адамгершілік, рухани-адамгершілік құндылықтар ұғымдарының мәні нақтыланады, рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұндық құрылымы жасалады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесіне қатысты қарастырылған еңбектер талданып, жүйеленеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы

технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдіснамалық негіздері анықталады.

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі тұлғалық-бағдарлы технологиялар және оларды жүзеге асыру моделі»** атты екінші тарауда тұлғалық-бағдарлы технологияларға сипаттама беріледі, тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік тәрбиенің арақатынасы анықталады. Өзін-өзі тану курсы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде тұлғалық-бағдарлы технология тұрғысынан негізделеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу процесінің құрылымдық моделі жасалады, оған сипаттама беріледі, өлшемдері мен деңгейлері анықталады.

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің тәжірибелік-эксперимент жұмысы»** атты үшінші тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиесін жетілдірудің жолдары мен педагогикалық шарттары анықталады, әдістемесі жасалып, мазмұнды сипатталады. Тәжірибелік эксперимент жұмысын ұйымдастыру жан-жақты мазмұндалады. Тәжірибелік эксперимент жұмысының нәтижелері баяндалады.

**Қорытындыда** зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

**Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру:** Зерттеу барысында қазақстандық ғылыми-әдістемелік журналдарда – 5, шетелдік басылымдарда – 6, отандық, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда – 7, барлығы – 18 ғылыми мақала жарық көрді:

1. Білім беру жүйесіндегі құзыреттіліктің түрлері мен ерекшеліктері. «Ұлт тағылымы». №2, 2012ж. Алматы, 156-161 б.б.

2. Студенттерді адамгершілікке тәрбиелеуде тұлғалық-бағдарлы тәрбие технологиясын қолдану. «Жаһандану үдерісі контексінде педагогикалық білім беру жүйесінің дамуы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары (I бөлім), Астана, 2012ж. 49-52 б.б.

3. Жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ ертегілерін қолданудың рөлі. «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты халықаралық педагогикалық оқулар материалдары. 31 қазан - 1 қараша, 2012ж. 36-39 б.б.

4. Духовно-нравственное воспитание в современных школах Казахстана. Материалы VIII международной научно-практической конференций 07-15 март, 2012 год. Педагогические науки. Чехия, Наука и студия, стр. 23-26

5. Бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді даярлау. «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты халықаралық педагогикалық оқулар материалдары. 31 қазан -1 қараша, 2012ж. 94-97 б.б.

6. Научно-теоретические основы духовно-нравственного воспитания современного студента. «ЖОО-нан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетті дайындаудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 28 қараша 2012 ж. 318-321 б.

7. Оқытудың жаңа технологиялары негізінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың теориялық аспектілері. Садықов оқулары. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2012ж. 199-201б.б.

8. Білім беру жүйесіндегі тұлғаға бағдарлап оқыту технологияларының маңызы. Абай атындағы ҚазҰПУ«Хабаршысы». «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2(38)2013ж . 4-6 б.б.

9. Студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық негіздері. Педагогика және психология, №3 (16) 2013 ж. 108-111 б.б

10. Рухани-адамгершілік ұғымдарының ғылыми әдебиеттердегі мәні мен мазмұны. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршы ғылыми журналы, №5(96)2013 ж. 113-116 б.б.

11. Formation of tolerance and humanistic worldview the students based personality-oriented technology. 2nd Cyprus International Conference on Educational Research. Procedia – Social and Behavioral Sciences – 2013. Vol.89.P.921-926.

12. Tolerance in the System of Formation of World-View Culture and Spiritual and Moral Development. Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. Vol. 17. Iss. 6. - P 802-804.

13. Experimental Study of Teenager's Ethnic Identity. 2nd International Conference on Educational Research. Procedia (CY-ICER-2013). Procedia – Social and Behavioral Sciences – 2013. Vol.89.10 October 2013, P.939-943.

14. Тұлғалық-бағдарлы технологиялар және олардың ерекшелігі. ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. №1(41) 2014ж.73-75 б.б.

15. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің қазіргі білім беру жүйесіндегі орны. «Қазақстан Республикасындағы психологиялық-педагогикалық білім берудің заманауи мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 31 қаңтар, 2014 ж. 139-141 б.б.

16. Духовно-нравственное воспитание учащихся в школах Казахстана. «Профессионализм педагога: сущность, содержание, перспективы развития» международная научно-практическая конференция. Москва, 12-14 март, 2014 г. Стр. 351-355.

17. Experimental Study of Students' Spiritual-moral Development. 3rd World Conference on Educational Technology Researches Sciences. Procedia social and 2013, WCETR 2013, 7-9 November 2013. Antalya, Turkey. Vol. 131. 15 May 2014, P. 465-469.

18. ЖОО-да тұлғаға бағдарланған технологияларды қолдану – бүгінгі күн талабы. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Н.Д.Хмельдің 85

жылдығына арналған «Тұтас педагогикалық процесс теориясы – болашақ мұғалімді дайындаудың негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 28-29 наурыз, 2014ж. 179-181 б.б.

# 1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Рухани-адамгершілік тәрбиенің мәні

Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі қоғамның барлық дәуірі дамуында ең өзекті, күрделі мәселенің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда да техникалар мен технологиялардың қарқынды өсуі жағдайында жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу аса маңыздылықты құрап отыр. Баланы жастайынан тәрбиелеуге үлесі мен мүмкіндігі басым педагогтер санатында бастауыш сынып мұғалімдерін атайтын болсақ, онда олардың алдымен өздерінің рухани-адамгершілік тәрбиелілігі жоғары болуы қажет етіледі. Осыған байланысты қарастырылып отырған мәселенің теориялық негіздерін анықтау барысында «адамгершілік», «адамгершілік тәрбие», «рух», «руханилық», «рухани-адамгершілік», «рухани-адамгершілік құндылықтар», «рухани-адамгершілік тәрбие» ұғымдарының мәнін анықтауды жөн санадық.

«Адамгершілік» термині «мораль» сөзінің аналогы тұрғысынан алғаш рет сөздіктерде XVIII ғасыр аяғында пайда болған. Педагогикада «адамгершілік» қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғымдардың жиынтығы ретінде қарастырылады [120].

Мораль (латын mores - әдет-ғұрып) – қоғамдық сананың бір формасы, қоғамдық өмірдің барлық салаларында адамдардың мінез-құлқын реттеу функциясын атқаратын әлеуметтік институт. Мораль талаптары жеке біреудің жарлығымен тағайындалмайды, ол адамдардың барлығы орындауға тиісті мінез-құлық формасы болып табылады [118].

Осылайша, мораль бала тұлғасының әлеуметтік рухани күшіне сырттай ықпал ете отырып, баланы қоғамдық өмірдің жағдайына бейімдеуді қамтамасыз етеді, мінез-құлық ережелері мен нормалар аясында ұстайды. Сондықтан да тұрақты педагогикалық нәтиже бере бермейтін моральдық тәрбие, ағарту мен үйрету адамға қоғамдық әсердің нәтижесі, абсолютті мақсаты бола алмайды. Ол тек тұлғадағы негізгіні, яғни рухани-адамгершілік бастауларын дамыту мен өсірудің кезеңі ғана болып табылады.

«Адамгершілік», «адамгершілік тәрбие» ұғымдарына энциклопедиялық, философиялық, педагогикалық, түсіндірме сөздіктерде жан-жақты анықтама берілген. Соларды саралап, айтып көрелік, мәселен *«адамгершілік»:*

- «тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудағы этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Ол отбасының, мектептің, ұстаздың, еңбектің, қоғамның, тұлғаның ықпал етуі арқылы іске асырылады» (*қазақ совет энциклопедиясы)* [115];
- «адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет» *(қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі)* [116];

- «қоғамдық өмірдің объективтік зандылықтарына сәйкес адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір гуманистік принциптерді білдіретін моральдық ұғым» *(қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі*) [117];

- «адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы, кісілік, ізгілік, имандылық тәрізді ұғымдармен мәндес... Адамгершілік – адамдардың практикалық өмірінен тамыр алып, пайда болған әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді тудырып, солармен сәйкес дамиды» *(Қазақстан Республикасының ұлттық энциклопедиясы)* [118, 94 б.];

- «адамдар оқиғаларға баға береді, өзінің мінез-құлық бағытын моральдік ұғымдарды, бастан кешіретін әр түрлі құбылыстарды мақұлдауы немесе айыптауы арқылы таңдайды» *(философиялық сөздік)* [119] деп түсіндіріледі.

Ал *«адамгершілік тәрбие»* ұғымына:

- «мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыру, адамгершілік сезімдерді дамыту, моральдық сананы мақсатты қалыптастыру (*қазақ совет энциклопедиясы)* [115, 92 б.];

- сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы дамытуға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі» *(қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі*) [117, 89 б.];

- «ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы» *(қазақ тілінің түсіндірме сөздігі)* [120, 127 б.] делінген анықтамалар беріледі.

Берілген анықтамалар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін-бірі толықтырып, аталған ұғымдарды жан-жақты аша түседі. Яғни, мұндағы адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырып, этикалық білімді, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы және руханилықтың басқалармен қарым-қатынаста көрініс беретін нормалары болмақ.

Адамгершілік тәрбие туралы *психолог, педагог ғалымдар* да бірқатар тұжырымды ойлар айтқан болатын. Енді оларға тоқтала кеткеніміз жөн.

Адамгершілік тәрбиенің мәнін зерттеуге А.С.Макаренко зор үлес қосты. Ол «...мектеп барлық уақытта өз ұрпағының оң шешімдер қабылдайтын, өз қылығын саралай білетін және басқалардан да дұрыс мінез-құлық танытуын талап ететін, белсенді қоғам мүшелерін тәрбиелеп шығаруы тиіс» - деп адамгершілігі жоғары рухани адамды қалыптастыруда белсенді, әрекетшіл тәрбиені қолдады, тәрбиеленетін оқушының идеалын педагогикалық жұмыста тірек ету керектігін баса айтты [17, с. 99].

Яғни, жастардың өзіне-өзі сын көзбен қарауына, намыс туралы ойлауына, өмір өрісінен көрінуіне, адамгершілік қасиеттердің қажеттілігін салмақтап саралауына, бүгінгі қоғамның жаңа бағытында еркін, жігерлікпен адамдыққа ұмтылып, сергек болуына аса мән берді.

Жастарға адамгершілік тәрбие беруде теория мен практиканы бірлікте қарастыру мәселесі белгілі педагог В.А.Сухомлинскийдің еңбектерінде айқын

көрініс тапқан. Оның адалдық, адамгершілік сезімді тәрбиелеу үдерісінің негізін айқындайтын теориялық ереже ұсынғаны, адамның адамгершілігінің қайнар көзі мейірімді сезім, қайырымдылық, кішіпейілділік, адамдарға деген сүйіспеншілік, адамдарды сыйлау, адамдардың жан күйзелісін түсіне білу, сондай-ақ қуанышын бөлісе білу т.б. адамдық көңіл-күй, сезім студенттерге жас кезінен тәрбиеленетінін тәжірибесінде дәлелдеген. Оның: «Адам бала кезінен-ақ эмоциялық өмір мектебінен, адамдық сезім, көңіл-күй тәрбие мектебінен өту керек» - деп тұжырымдауын біз өзекті мәселе деп есептедік [16, с. 78]. Себебі, бала жақсылық пен жамандықты, қаталдық пен мейірімділікті білмесе, онда ол рухани құндылықтарды бойына қалыптастырмайды.

Белгілі психолог ғалым Б.Г.Ананьев: «жеке тұлғаның адамгершілігінің дамуы адамның ішкі күш-қуатының тәрбиеленуі арқылы ғана жүзеге асатындығын» көрсетеді [43, с. 7].

П.М.Якобсон адамгершілікті жеке тұлғаның құндылығы тұрғысынан зерттеп, оның мынадай салаларында:

- адамның қызығушылықтарының ерекшеліктерінде,
- оның алдына қоятын мақсаттарының ерекшеліктерінде,
- оның құндылық бағдарында. Әлеуметтік және жеке өмірінің маңызды құбылыстарына қатынасында көрініс беретінін айтады [121].

Л.И.Божович адамгершіліктің қалыптасуын жеке сапалық нормаларының жетілуі деп есептейді. Ол адам қабілетінің сыртқы мінез-құлыққа емес, ішкі мінез-құлыққа бағдарлануы, адамгершілік дамуының ең жоғарғы деңгейі болып табылатындығын көрсетеді. Бұл деңгейге жету үшін бала өзі нақты адамгершілік қатынастар мен мінез-құлықтарын тәжірибеге енгізуі қажет - деп адамгершілік тәрбиені екіге бөледі. Біріншіден, баланың үлкендер талабын орындауы ал, екіншіден өзінің қатарымен қарым-қатынаста болуы, - деп көрсетеді және ол адамгершілік тәрбиені баланың әлеуметтік аймақ талабына бой алдыруы деп түсіндіреді [122].

Б.Т.Лихачевтің [58, с. 3] пайымдауынша адамгершілікте барлық иманжүзді адамдарға тән ортақ рухани бастама бар, оның өзі өмір сүру принциптерінде көрініс табады, олардың бастылары қатарында автор мыналарды бөліп көрсетеді: сенімділік, адамгершілік шешімдер қабылдау және оны іске асыру әрекетін таңдау бостандығы, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті тұлға тұрғысынан өзіне адалдығы, адамгершілікке, имандылыққа жат келеңсіз қылықтарға белсенді рухани қарсылығы, өмір құндылықтарын қайта өзгерту қабілеттілігі, басқаша айтқанда, адамгершілік ойлаудың икемділігі, қарым-қатынас үйлесімділігі.

Осы айтылып өткендер адамгершілік тәрбиенің міндеттерін былайша жүйелеуге мүмкіндік береді:

- адамның әрбір жеке қасиетінің (ізгілік, адалдық, батылдық, т.б.) жиынтығы болатын адамгершілік сенімді, сезімді және әдетті қалыптастыру;
- адамдарға құрмет сезімін дамыту, кішіпейілділікті, қайырымдылықты тәрбиелеу;

- жеке мүддені қоғамдық мүддемен ұштастыра білуге тәрбиелеу;
- патриотизм мен интернационализмге тәрбиелеу;

Міне, сондықтан адамгершілік тәрбиенің қазақ жерінде қалыптасқан қоғамдық ой-пікірлерінің негізгі ерекшеліктерін анықтамай, тарихта болған ғұламалардың дүниетанымын сараптамай жетістіктерге жету мүмкін емес.

Адамгершілік адам қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік ерекшеліктерімен, қайшылықтарымен бірге қайнасып, ұлы ғұламалардың мұраларында елеулі орын алған [92, 37 б.].

Н.Г.Аюпов адамгершілікті этика ұғымдарының негізі ретінде қарастырып, адам өміріндегі адамгершілік қордың жиналуы, тек адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас емес, әлеммен, табиғатпен және өзімен-өзі өзара қарым-қатынасы деп онтологиялық тұрмыстың мәні тұрғысынан түсіндіреді[123]. Ғалым А.А.Калюжный адамгершілік – екінші туынды құбылыс, оның құпиясы оның өзінде емес, қоғамның материалдық-экономикалық қажеттілік көзінде, әр кезеңдегі уақытша, өтпелі құндылыққа негізделіп, адамгершілік ұғымы өзгеріп, қоршаған ортадағы шынайылыққа бейімделгіш болды. Қорыта айтқанда, адамгершілік – адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болады. Адамгершілік – жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Оның негізгі көрсеткіштері: басқаларға жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу. ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, әділдік, қанағатшылық, өзін-өзі дамытып жетілдіру болып келеді [93, с . 79].

Ғалым Р.К.Төлеубекова өзінің зерттеу жұмысында «адамгершілік мінез-құлқы өзінің дербестігі мен жауапкершілігін ұғынуы, екінші жағынан ынтымақтастық қарым-қатынаста болуы және өзі өмір сүріп отырған қоғам мүддесімен жеке басының мүддесін сәйкестендіре білуі арқылы көрінуі керек» - әрбір оқушының адамгершілік әрекеті қоғамды ізгілендірудің негізі болып табылатынын көрсетеді [124].

Адамгершілік тәрбиесі – жас ұрпақтың белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасын, сенімін, парасатын, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған тәрбиенің құрамдас бөлігі.

Адамгершілік тәрбиесі тәрбиеленушінің дамуына қандай игі әсер ететіндігін, тәрбие әсерімен тұлға қалай өзгеретіндігін, адамгершілік кемелінің жаңа сатысына қалай көтерілетіндігін педагог жақсы білуі тиіс. Ол үшін адамгершілік тәрбиесінің бүкіл үрдісін жеке буындарға бөліп, әрқайсысын жекелей қарастырған жөн. Бұл үдерістің аса маңызды буыны – адамгершілік сананы қалыптастыру.

Мәселен, «Даналық әліппесінде» – «Адамгершілік дегеніміз не?» – деп сұрапты ұлағатты бір қария жас жігіттен.

Ата, адамгершілік дегеніміз – ақылды адамның асыл қасиеті, – депті жігіт.

Дұрыс балам, – депті қария.

- Адамгершілік ақылды адамнан шығады, ал ақымақ адамнан надандық шығады.

Адамгершіліктің жеті қасиеті бар:

- Ақылдылық – адамгершіліктің алғашы сатысы.
- Сәлемдесу – адамгершіліктің бастамасы.
- Сыйласу – адамгершіліктің ары мен нұры.
- Құрметтеу – адамгершіліктің қолдаушысы.
- Кішіпейілділік, ізеттілік, мейірімділік – адамгершіліктің достары.

Ал, ары жоқтың адамгершілігі болмайды, адамгершіліктің қас жауы – өсек, өтірік, мақтаншақтық. Сондықтан адамгершілік тек арлы адамда болады, – депті [125].

Яғни, ол адамның руханилығы оның іс-әрекетінің қалыпты үлгілерінен жоғарырақ, адамды өзімен бірге оны қоршаған ортаны жағымды жаққа өзгертетін құбылыс ретінде қарастырады.

Адам рухының арқасында биікке көтеріле алады. Руханилық –барлық нәрсеге деген сүйіспеншілік, ол негізінен әрбір адамға тән және ол оның шынайы адами дамуына қажетті дүние.

Сондықтан адамның адамшылығын ашатын руханилығына келетін болсақ, онда бұл құбылыстың өте күрделі астары бар екенін байқаймыз. Өйткені жай ғана қарағанда қарапайым көрінген заңдылықтарды танып білу, құндылықтар әлемін сараптай білу қиынның қиыны, сынақтың үлкені.

Руханилық мәселесі бірқатар зерттеулерде қарастырылды. Осы еңбектердегі «рух», «руханилық» ұғымына берілген түсініктемелерді кестеге түсірдік (кесте 1).

Кесте 1 – Сөздіктер мен ғалымдар еңбектеріндегі «рух», «руханилық» ұғымына берілген бірқатар анықтамалар

| № қ/с | Ғалымдардың аты-жөні | Анықтамалар мазмұны | Еңбек атауы, жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | | Рух – «жан дүниесі», кейде «жан» атауының баламасы ретінде қолданылады. | Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 1995. |
| 2 | | Рух – табиғи материалдық бастаманы білдіретін философиялық ұғым. | Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2002. |
| 3 | | Рух – материяның «жоғары көркі», бұл – адам және адамзаттың шабытты-сезімдік жағы, адамдардың ойлауы мен өмір әрекетінің ерекше бейнесі. | Философиялық сөздік, 1996. |
| 4 | Конфуций | Тұлғаның рухани-адамгершілігінің дамуы үш таным амалымен: эмпирикалық, сезімдік тәжірибеге сүйенуі, рациональдық, яғни ақылдың көмегімен тануы; интуитивтік тұрмыстың рухани деңгейінде таралуы. | Анатомия мудрости 120 философов. Жизнь. Судьба. Учение. 1996. |
| 5 | Сократ | «Рух», «жан» бұл – саналы «Мен», интеллект, ар, мораль. Ақыл-парасат мейірімділікке, әдемілікке, сенім және сүйіспеншілікке сүйене ақиқатты ашады. | Воспоминания о Сократе. 1993. |
| 6 | Платон | Рухани бірлік, оның идеялары материалдық емес, сүйіспеншілік жеке жан мен идеялар әлемін қосушы күш. | Платон. Сочинения в трёх томах. 1971. |
| 7 | Аристотель | Руханилық – метаэмпирикалық, тәннен жоғары. Жан дененің қозғаушы күші, мақсатқа бағытталған, тәннен бөлек емес, ағзаны реттеп отыратын амал және күштің қайнар көзі. | Аристотель. «Политика. Афинская полития». 1997. |
| 8 | Л.П.Буева | Руханилық – бұл діндарлық қана емес. Қазіргі руханилық – ғылым мен діни ойлардың қайшыласа орналасқан күрделі құрылымы. Руханилық ұғымы, діндарлық ұғымынан да бай. Мұның бәрі адамда бар және өз қабілетіне сай, биіктікке, сұлулыққа, қайырымдылыққа бағыт алуы. | Деятельность как объект социальной психологии. 1975. |

1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 9 | Г.Г.Соловьева | Руханилық – адамның ішкі жарықты, нұрды қабылдай білу қасиеті | Загадка счастья. Опыт философского размышления. 1983. |
| 10 | І.Ерғалиев | Руханилық – Адам болмысының ерекше бір белгісі. | Рухани қажеттіліктер және жеке адам. 1986. |
| 11 | Шәкәрім | Рухтың табиғаты – материалдық зат емес, оның табиғаты – асыл нұр. Күн адамның рухы болса, күн сәулесі – ақыл дейік. Себебі ақыл – рухтың құрамдас бөлігі. Рухани бай адам – ең алдымен әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды болады. | Құдайбердиев Ш. Шығармалары. 1988. |
| 12 | Б.П.Битинас | Руханилық – туғаннан және тәрбие үрдісі арқылы жинақтаған өз мәдениетінде жеке адамның «өніп-өсуі» арқылы өзінен-өзі көрінеді. Бұл «өніп-өсу» тұлғаның қалыптасу үрдісі, ол өз еркіндігімен ерекшелене отырып және ішкі мүмкіндігімен өз шешімдерін қабылдай білу қабілетінен байқалады. | Введение в философию воспитания. 1996. |
| 13 | М.Қозыбаев | Рух – туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, түйіндеп айтқанда Отанмен тағдырлас. | Қазақ тарихы дала өркениетінің құрамды бөлігі, 1998. |
| 14 | С.Б.Крымский | Руханилық - бұл сыртқы болмыс бейнесін тұлғаның ішкі дүниесіне этикалық негізде айналдыру қабілеті, сол ішкі әлемді құрау қабілеті арқылы, үнемі өзгеріп отыратын жағдайдың алдында, адамның өзіне сәйкестігі мен оның еркіндігін жүзеге асыра білу | Контуры духовности: Новые контексты индивидуальности // Вопросы философии. – 1999. |
| 15 | В.С.Барулин | Руханилық – адам субъективтілігі тек санамен ғана байланысты; идеалдықпен сәйкестендіру арқылы адам мен қоғам арасындағы әмбебапты байланыс; адам болмысының детерминациялық – шығармашылықтық импульсі (адамның шығармашылыққа ұмтылысы) | Әлеуметтік философия 2000. |

1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 16 | Б.Момышұлы | Адамның моральдық-адамгершілік қасиеттері рухани күш деген сөздермен анықталады. Рухани күштің негізгі күштері мен қозғаушы күштері: ақыл, сезім, ерік-жігер. Адамның қасиеттерінің осы үш элементтеріне бағытталған және мақсатты жұмыс тәрбиенің пәні болады. | Патриоттық қанға сіңген қасиет пе? //2000 |
| 17 | С.Е.Нұрмұратов | Руханилықтың тағы бір келбеті – адамдардың өз бойындағы барлық жақсы қасиеттерін әлемге беруге дайындығы, яғни ақылын, дарынын, қабілетін, шеберлігін, ішкі нұрын, жүрек жылуын адамдарға, табиғатқа, ғаламға беру ұмтылысы. Осындай ұстанымдар басымдық танытқанда ғана адам рухани дамудың жолына түсті деуге болады. | Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. 2000. |
| 18 | А.Г.Косиченко | Руханилық – адамның өмір сүру тәсілінің нәтижесі, ол адамнан бұрын пайда болғанымен, адамның рухты қажетсінуі жоққа шығарылған емес. Адам өзінің рухани күшін өмірлік іс-әрекетінің сан түрлі формасында іске асыра алады, сондай-ақ рухани дүние жасай алады. | Философия в духовном развитии человека на пороге третьего тысячелетия. 2002. |
| 19 | Ш.Майғаранова | Рухани даму – тұлғаны қалыптастырудың өзегі және ол адамның тәндік, жандық, рухтық сипатының біртұтас үйлесімділікте өрбуі. Рухани дамыту дегеніміз – өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсіну және үздіксіз, бір қалыпта жетілдіру. Рухани даму тұлғаны қалыптастырудың өзегі болып табылады. | Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері, 2002. |

1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 20 | Б.Қ.Игенбаева | Руханилықтың мәнін ашу қаншалықты қиынға түссе, соншалықты маңызды да. Өйткені жеке тұлға руханилығынан айрылса, ішкі нұрынан, жүрек жылуынан айырылып, рухани тығырыққа тіреледі. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиетінің негізгі өлшемі оның жақсылыққа деген талпынысы. | Ана тілі сабағында жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі, канд.дисс., 2002. |
| 21 | Н.С.Шынтаева | Рухани-адамгершілік – адамның іс-әрекетте, қоғамдық қарым-қатынаста адамгершілік істері арқылы ішкі жан дүниесі, мінез-құлқы мен сана-сезімінің көрініс беруі. | Қорқыт Ата мұралары арқылы оқушылардың рухани адамгершілігін қалыптастыру, канд.дис., 2009. |
| 22 | З.Ж.Айджанова | Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру – тұлғаның рухани-адамгершілік санасын, сезімін, еркін, мінез-құлқын дамытуға бағытталған мақсатты, жүйелі, жоспарлы жүргізілетін тәрбие үрдісі. | Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (сыныптан тыс жұмыстар негізінде). Канд.дисс. 2009. |

Кестеде берілген анықтамалар руханилық ұғымының бірнеше бағытта қарастырылғанын көрсетеді: бірінші бағыт бойынша авторлар зерттеулерінде руханилықты тұлғаның сапалық интеграцияланған мінездемесі, адамгершілік сапаның бөлігі тұрғысынан қарастырады. Екінші авторлар мәдени-тарихи кеңістіктің құндылығы және адамның руханилығы оның мәдени-тарихи құндылықтарды меңгеру деңгейі тұрғысынан түсіндіреді. Үшіншілері қандай да бір діни көзқараспен байланыстырады. Төртіншілер объективтік шынайылық ретінде іс-әрекеттің туындысы емес, табиғаттың жоғары бөлігі адам мен әлем бірлігі, ұлттық рухани дәстүрлер тәрізді адамзат санасының жиынтығы, жалпыадамзаттық мәдениет, жоғары идеал деп түсіндіреді. Адам шексіз рухани әлеуетті меңгеруші, оны жүзеге асырушы тұрғысынан қарастырылады. Кестеде берілген қай анықтаманы алып қарамайық *руханилық* тұлғаның даму өзегі болып табылатынын жоққа шығармайды. *Соның ішінде біз өз зерттеуімізде ежелгі ғасырда айтылып бүгінгі күнге дейін құнын жоймаған Сократтың рух бұл Мен, ар, интеллект, ақыл деген анықтамасына сүйенеміз. Бұл бізді адамгершілік руханилық негізінде дамып отырады деген ойға итермелейді. Өйткені адамгершіліктің негізгі қозғаушы күші болып ар, интеллект, ақыл болып табылады.*

Біздің бұл тұжырымымызды ақын, жазушылардың айтқан ойлары да дәлелдей түседі. Мәселен, С.Торайғыров «адамның өсуі жолында екі азық бар: бірі – дене азығы, яғни материалдық азық, адамның тіршілігі үшін жағдайлар жасауы; екіншісі – рухты азықтандыратын ар азығы; ол әділдік болса ғана өседі, көріктене түседі», - десе, Ә.Кекілбайұлы «Жалпақ әлемді аузыңа карату үшін рухани ерлік, жалпақ әлеміне қысылмай, қымтырылмай қарау үшін рухани байлық керек», - дейді [126, 127].

Екі жазушының да айтып отырғаны – ар азығы мен рухани байлық. Ар мен рухтың бірлігін, сабақтастығын дәлелдеп отыр. Ал бұл болса *адамгершілік тәрбиенің рух, руханилықпен өзара байланыстылығын, өзара тәуелділігін көрсетеді.*

Кеңес тоталитаризмі тұсында *рух* дінмен байланысты ұғым тұрғысынан қабылданып келгендіктен, соңғы он жылдыққа дейін үрке қарағандар да аз болған жоқ. Тек білім берудің гуманистік парадигмасына көшу үрдісінің ықпалының нәтижесінде оң көзқарастар қалыптасты.

*Жоғарыдағы зерттеулерге сүйенсек рух дегеніміз – адам бойындағы өзек, ал руханилық – осы өзектің құрылымы болса, адамгершілік дегеніміз – ізгі қасиеттер жиынтығы. Жеке тұлғаның рухани дамуы тұлғаның әлеуеттік, адамгершілік құндылықтарының дамуы болып табылады.*

Ш.Майғаранованың пікірінше, рухани даму дегеніміз – өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсіну және өзін-өзі үздіксіз, бірқалыпты жетілдіру. Адамның тәндік, физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік дамуын рухани дамудың өлшемі ретінде алуға болады [128].

Орыс философтары Н.А.Бердяев [129], Н.О.Лосский [130], П.Ф.Флоренский [131] дамытқан адам тұжырымдамасында, дара тұлға мәдениеттің кіндігі, оның жоғарғы рухани құндылығы ретінде көрінеді. Тұлға мәдениетті жасау және игеру арқылы өзінің рухани болмысын табады, соның негізінде адамзаттың ажырымас бөлігіне айналады. Ал бұл болса, адамның мәдени болмысының оның рухани-адамгершілік тәрбиесін жүйелеуші құрамды бөлігі болып табылатындығын көрсетеді. Руханилық жалпыадамзаттық, адамгершілік құндылықтарға бағытталғандықтан оның мазмұнын сүйіспеншілік, жауапкершілік, шыншылдық, қайырымдылық, мейірімділік және т.б. құрайды.

Жалпы «Адам – Қоғам», «Адам–Әлем» қарым-қатынастары адамның дүниеге көзқарасының ғылыми ұстанымдарға негізделетіндігін көрсетеді. Өйткені, әлемді рухани-адамгершілікпен игеру процесі барысында адам болмысты өз құндылықтары негізінде қарастырады. Бұл қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар тұлғаның сезімдеріне, қызығушылық ұмтылыстарына сәйкес келетін әлемге деген ерекше эмоционалдық реңке ие болатын қатынасты білдіреді. Адамның әлемге қатынасының ерекшелігі оның қоршаған ортаға қарым-қатынасынан, қоғамға еңбек етуінен көрінеді.

*Біз зерттеу объектімізге орай болашақ мұғалімді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында рухани-адамгершілік тәрбиесінің мазмұндық құрылымын анықтау қажеттігі туындады. Осыған байланысты рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұнын құрайтын құндылықтарды айқындау қажет болды.*

Алдымен, *«құндылық»* ұғымына тоқталып өтейік. Құндылық объективтік және субъективтік екі бөліктен тұрады. *Пәндік құндылықтарға* заттардың қажеттілігі, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұралар, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық және жақсылықтың іске асуы жатады [132]. *Санадағы құндылық* ұғымына қоғамдағы ойлау мен бағалау, мақсат және оған жету жолдары, қоғамда кездесетін түрлі нормалар жатады. Пәндік құндылық – баға берудің объектісі болса, субъективті құндылық – олардың өлшемі мен әдісі болып табылады [133].

Зерттеу барысында бірқатар ғалымдардың «құндылық» ұғымына берілген анықтамалары талданды. Осы ұғымға әр ғалым өзінше түсінік береді, мәселен *«құндылық» бұл:*

- «адамдардың өз мінез-құлқының мақсаты мен қалпы туралы талдап, қорытындылаған түсініктері, онда адамзаттық тарихи тәжірибе жинақталады, белгілі бір этнос пен адамзат мәдениетінің мәні ашылады» (*О.А.Лапина)* [134];
- «адамдардың қажеттіліктері мен мақсаты және қызығушылығы жағынан алып қарағанда пайдалы, қажетті және жағымды деп есептелетін құбылыстар немесе құбылыстар қасиеттері» *(В.П.Тугаринов)* [135];
- «негізі адам мүдделерінен туындайтын құбылыс. Ол қажеттілік пен сұраныстар немесе мұқтаждықпен астасады» *(Л.А.Харисова)* [136];
- «кез-келген пайда мүддеге, тілек ықыласқа, талапқа жауап беретін

заттардың бәрі» *(А.А.Ивин)* [137];

- «тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеалдар» *(Ш.Майғаранова)* [128, 52 б.] және т.б.;

Жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың басқа құндылықтардан (ұлттық құндылықтар, материалдық құндылықтар, діни құндылықтар, әлеуметтік құндылықтар, саяси құндылықтар, моральдық құндылықтар, эстетикалық құндылықтар және т.б.) ерекшелігі – ол ұлттық, саяси, діни және басқа да танымдарға тәуелсіз, бүкiладамзатқа ортақ мүддені көздейді және де осы тұрғыдан алғанда жалпыадамзат өркениетінің күретамыры болып табылады. Кез келген құндылық философиялық категория ретінде болмыстың адам өміріне, мүддесіне қатысты дұрыс, жағымды жақтарын білдіреді [139].

Әлемдік қауымдастық тарихи тұрғыдан мойындаған жалпыадамзаттық құндылықтарға: өмір, адам, уақыт, бақыт, махаббат, ізгілік (жақсылық), ар-ұждан, арман, сенім, парыз, сол сияқты қоршаған ортамен қарым-қатынасы кезінде анықталатын адами қасиеттер жатады. Жалпыадамзаттық құндылықтарды бұрмалау адамзатқа қарсы қылмыс болып саналады.

Махаббат, жақсылық, өмір мәні, ақиқат, еркіндік, сұлулық, адамның өзіндік құндылығы, лайықты өмір сүру, жалпы адамгершілік және т.б. рухани құндылықтардың да негізін құрайды.

Осы құндылықтардың мәні не, маңызы қандай, мақсаты неде дегенге келетін болсақ, құндылықтардың әрқайсысы адам баласының өмірлік ұстанымына тікелей әсер-ықпал етіп, жеке тұлғаның бағыттылығын, оның сенімдерін, дүниеге көзқарасын, идеалдарын, ұмтылыстарын, өмір сүру түрін еркін таңдай алуын өз бетінше іске асырып, жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді.

Өмірдің мәнін түсіну жағымды эмоционалдық жағдай тұрғысынан мақсатқа ұмтылушылықпен, қарым-қатынастағы өз орнын сезінумен, басқа адамдарға деген қызығушылықпен, олармен бірігу сезімімен, белгілі ережелерді ізгілік ережелері тұрғысынан қабылдаумен, болмыстағы өз орнын, арман-тілегін сезінумен қоса жүреді.

Адамгершілік құндылық – адамдық қасиетінің өлшемі. Оның жақсылыққа талпынуы, өзге адамға жанашырлық білдіруі. Айналадағы адамдарға қайырымы, өмір сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып сол арқылы дүниені – әлемді тануы.

Адам өмірінде барлық тарих сынағынан сүрінбей өткен, адамзаттық мәнді қасиеттері бар құбылыс – адамгершілік құндылық болып табылады. Өйткені, адам болмысының қасиеті: ар мен ұят, адамгершілік пен қайырымдылық, ақниеттілік пен жан тазалығы, шынайылылық пен ұстамдылық негіздері өз құндылығын жойған емес [140].

*Философтар* «құндылық – танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы» деп түсіндірсе, *психологтар* құндылықты қоғам үшін әлеуметтік-тарихи мәнге ие және жеке адамдар үшін тұлғалық мағынасы бар болмыстың белгілі бір құбылыстары тұрғысынан сипаттайды

[141, 142].

Бұдан басқа да, құндылық қоғамның моральдық қатынастарының көріну формасы болып табылатындығын ескерсек, оның *моральдық нормалар, принциптер, мұраттармен қатар жеке тұлғаның адамгершілік әрекеттері,* жалпыадамзаттық қасиеттері, рухани-гумандық ұғымдар тұрғысынан да айқындалатыны көрінеді. Осы тұрғыдан құндылық педагогикалық зерттеу объектісі болып табылады.

Осыған байланысты адамгершілік құндылықтар, рухани-адамгершілік құндылықтардың педагогикалық мәнін ашу қажеттілігі оларға берілген жіктемелерге талдау жүргізу керектігін көрсетеді.

Адамгершілік құндылықтар, рухани құндылықтар, рухани-адамгершілік құндылықтар түрлері мен жіктемесі ғұлама ойшылдар мен ағартушылардың еңбектерінде де қарастырылып топтастырылған.

Әл-Фараби рухани құндылықтар арасынан «қайырымдылық» ұғымын бөлектеп көрсетеді. «Қайырымдылықты» этикалық және зияткерлік деп екі топқа бөліп, зияткерлікті - (жанның) ақыл-парасаттылық жағына жататын қайырымдылық – деп түсіндіреді [143].

Жүсіп Баласағұн адами құндылықтардың жүйесін былайша топтастырады:

1) адам, адамның өмірі, жеке тұлға;
2) имандылық, ізгілік, руханилық;
3) тектілік, парасаттылық, кісілік;
4) оқу-білім, ақыл, даналық;
5) әділдік, әділ заң;
6) байлық, дәулет, құт;
7) қанағат, ынсап, тәубешілдік;
8) жомарт жүрек;
9) тіл өнері, сөз шеберлігі;
10) ел басқару өнері, билік [21, 48 б.].

Осы ойы оның «адамшылдыққа – адамшылық, қайырымға-қайырым ету» жыр жолдарында көрініс тапқан:

Ілкі сәттік өмірің болса жалғанда,
Қайырым ет, қайырым қылған жандарға,
Сиымды бол сыйлап сені жақтаса,
Тайраңдама, қалың елің мақтаса.
Адамшылық - адамға тән қазына,
Солай қазір, солай болған бағыдан.
Қайырым етсе достарың, не бауырың,
Еселеп бер, көтер жүктің ауырын. Яғни адам баласы – адам деген ұлы, қасиетті есімді алып жүргендіктен, оған кір келтірмей, жақсы істерді істеуді, басқа адамдармен адами қатынасқа түсуді, өз бойына адами-ұлттық құндылықтарды сіңіруді өзіне парыз деп санау қажет екенін ашып, айқын-өрнекті сөздермен суреттеп береді [21, 73 б.].

Ал, философ, ойшыл Ахмет Иүгінеки мұрасында негізгі орын алатын «Ақиқат сыйы» [144] деген еңбегінде жомарттық, кішіпейілділік қасиет - сапалар мен олардың қалыптасу ерекшеліктерін «Өмірде жақсы мінез - «жомарт» деген», - деп адамдарды мейірімділікке, жомарттыққа шақырып, адамгершілік-ұлттық-гуманды қасиет сапалардың әлеуметтік мәнін айқындаған.

Белгілі ойшыл өз еңбектерінде жомарттық пен сараңдықты қарама-қарсы қойып түсіндіреді. Оның пікірінше жомарттық болған жерде «алынбайтын – асу, жылымайтын – жүрек жоқ» деп тұжырымдайды.

Ағартушы Шоқан Уәлиханов өз туындыларында жалпы адамзаттық құндылықтардың ең жоғары биіктегі құбылыстар және оған қарай үнемі ұмтылу рухани дамудың бір қыры болып табылатындығын көрсетеді. Шоқан Уәлиханов қазақ халқының әлеуметтік психологиясындағы кейбір кертартпа қасиеттерді ғана емес, сонымен қатар, жалпы этникалық мәдениетті және ондағы құндылықтарды толық зерттеген ғалым. Оның «Іле өлкесінің географиялық очеркі», «Сахарадағы мұсылмандық туралы», «Қазақ шежіресі», «Сот реформасы жайында хат» сияқты еңбектерінде халықтың діні мен ділінің ерекшеліктеріне мазмұнды сипаттайды. Ш.Уәлихановтың түсінігінде адам, оның өмірі - ең басты құндылық, жаратылыстың ғажайып жемісі. Сол себепті де ол: «Табиғат пен адам, өмір мен өлім саналы ұғымға тіптен түсініксіз, таңғажайып құпия құбылыс болып келеді. Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, одан құпия не бар?» - деп толғанған болатын. Шоқанның «біздің қоғамда адамгершілікті тек діннен іздеуге насихаттаушы бағыт қазіргі кезеңнің басым бағыты болып тұрғандығын жасыру мүмкін емес. Бірақ, адамгершілік тек діни ұғым деп түсіну қате, жеке адам адамгершілікке құдайдан қорыққаннан емес, саналы түрде өз еркімен, жүрегінің әмірімен жетуі тиіс деген ойы бүгінгі таңда да көкейкестілігін жойған жоқ [24, 97 б.].

Ал, Ы.Алтынсарин адамгершілікке мынадай 7 қасиетті жатқызады:

Бірінші: Имандылық.

Екіншісі: Жоғарғы әділдік.

Үшіншісі: Адалдық, аққөңілділік.

Төртіншісі: Сыпайылық, момындық.

Бесіншісі: Адал ниетпен өсиет беру.

Алтыншысы: Жомарттық, қайырымдылық.

Жетіншісі: Дұрыс заңдылық [25] .

Ұлы Абайдың да шығармашылығында рухани-адамгершілік құндылықтар топтастырылып, қарастырылады. Мәселен оның 19-қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» - деп ақыл-естің, тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп береді. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді [26,

114 б.].

Рухани құндылықтарды қалыптастыру бірқатар мәдени ағарту мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдар және т.б. жүйелер арқылы жүзеге асады. Руханилық – қоғамдағы мәдени тұтастық пен ішкі бірлік және әлеуметтік ортадағы таным мұраттар, әсемдік және адамгершілік қасиеттер арқылы көрінеді. Яғни, руханилық – адамдардың қарым-қатынасы, білімі мен өмір сүру салты, санасы мен сезімі, сенімі мен сапасынан тұратын жиынтық. Руханилықтың адам өмірінде көрініс табатын маңызды құндылық қасиеттері болып *біліктілік, білімділік, имандылық, адамгершілік, эстетикалық, психологиялық, өнерлілік, шығармашылық* т.б. табылады.

Әдетте, көпшіліктің руханилықты діни ұғымда қабылдайтындығын да жоққа шығаруға болмайды. Ал, шындығына келсек, мәселен жақсылық жасай білу – адамды адам еткен іс-әрекеттердің бірі, ол руханилықтың құрылымын қалыптастырушы өнердің түрі. Ненің жаман, ненің жақсылық екенін айыра білу – бұл жеткіншектің басқалармен қарым-қатынасында, күнделікті тіршілігінде кездесетін жәйт. Ол жасөспірімнің таңдау еркіндігін туындатады. Әрине қателесу мен адасушылық әрбір субьект үшін даму, жетілу барысындағы міндетті кезеңдер саналады. Жеткіншектің жіберген қателігін байыптап, одан қорытынды жасауының өзі рухани тұрғыдан күштілігіне байланысты.

Ж.Аймауытов өзінің «Психология» атты оқулығында «дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады» - деуі адамның жаны мен тәнінің таза болу қағидасы, қоғамның соның ішінде өз ортасының рухани өмір сүру талабымен ұштасатынын көрсетеді. Ал бұл болса, руханилық адамның қажеттілігі, балалық шақта оның орнын толтыру тәрбие арқылы жүзеге асады деген ой түюге мүмкіндік береді.

Адамгершіліктің ең жоғарғы рухани қажеттілігінің бастау көзі – өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, сондай-ақ адами қарым-қатынаста өзінің шығармашылық қабілетін таныту болып табылады. Осыдан рухани-адамгершілік құндылықтардың бірін-бірі толықтыратынын және бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтындығын байқаймыз. Ал адамгершілік тәрбиесінің ойдағыдай, табысты болуы жеке тұлғаның өзін рухани дамыту мақсатында үздіксіз өзін-өзі жетілдіруінен талап етіледі. Адамның өзіндік сана-сезімінің көрінісі өзін өзгелермен салыстыру барысында айқындалады.

Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптасады.

Зерттеу барысында *рухани-адамгершілік құндылықтарды өз еңбектерінде қарастырып, топтастырған ғалымдар* жіктемелеріне де талдау жасалды. Олардың бірқатарын атап өтер болсақ:

- «жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар» *(А.А.Ивин)* [137, с. 56];
- «адам, өмір, табиғат, қоғам, жақсылық, ақиқат, сұлулық, еңбек, таным, қарым-қатынас, ойын, еркіндік, бақыт, ар-ұят, теңдік, әділеттілік,

бауырластық» (Н.Е.Щуркова) [65, с. 163];

- «Адам, Жер, Ұлт, Отан, Бейбітшілік, Мәдениет, Еңбек, Білім, Отбасы» *(Р.К.Төлеубекова)* [124, 47 б.];

- адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, қарым-қатынас, отбасы, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, әрекет мәні мен күн көріс ретіндегі жұмыс, игілік(кіріс, денсаулық), инициаливтілік (дәстүрлі құрметтеу), тәуелсіздік, мейірімділік, беделділік, заңдылық (*Д.А.Нұрғалиева)* [194].

- «мәдениет, саясат, әдебиет, Отан, Ана, Жер, дін, ар-ождан, парыз, ерік, жігер, күш, махаббат, қайырымдылық, мейірімділік т.б.» *(Г.А.Ерғалиева)* [98, б. 41];

- танымдық, әлемдік, салауаттылық, адамгершілік, ұлттық, дүниетанымдық және т.б.) көрсетеді *(Қ.Қ.Шакаримова)* [139, 79 б.].

- «жеке, адами қарым-қатынастарда, адамның табиғатпен байланысында, қоғаммен қатынасында жүзеге асырылатын адами қасиеттер, адамгершілік әрекеттер, әлеуметтік-гумандық сапалар, психологиялық-тұлғалық қабілеттер, рухани-мәдени құндылықтар» *(Ұ.М.Әбдіғапбарова)* [147].

«Құндылықтар», «адамгершілік құндылықтар», «рухани құндылықтар», «рухани-адамгершілік құндылықтар» қарастырылған ғылыми еңбектерге жасаған талдау рухани-адамгершілік құндылықтарға адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, қарым-қатынас, отбасы, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, әрекет және күнкөріс көзі ретіндегі жұмыс, игілік (денсаулық), инициативтілік (дәстүрлі құрметтеу) тәуелсіздік, мейірімділік, беделдік, заңдылық және т.б. сапалар бағыты жататындығын көрсетті.

Алайда, біз зерттеу проблемамызға орай рухани-адамгершілік құндылықтарды топтастыруда ғалым Ұ.М.Әбдіғапбарованың жоғарыда көрсетілген жіктемесін басшылыққа аламыз. Өйткені рухани-адамгершілік тәрбие жекелік тұрғыдан (өзін-өзі жетілдіру барысында), адами қарым-қатынастарда, адамның табиғатпен байланысында, қоғаммен қатынасында іске асады [95, 8 б.].

Біздің пайымдауымызша рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұндық құрылымын рухани-адамгершілік құндылықтар құрайды. Осыған байланысты біз рухани-адамгершілік құндылықтарды былайша топтастырамыз [147, 37 б.] (сурет 1, кесте 2).




Сурет 1 - Рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұндық құрылымы

- *адами қасиеттер:* төзімді, шыдамды, табанды; мейірбанды, қайырымды, қамқор; игілікті, ілтипатты, инабатты; ақылды, арлы, намысқой және т.б.

- *адамгершілік әрекеттер:* сәлемдесу; алғыс айту, ризашылық білдіру; үнемдеу; қанағат ету; ысырап; обал; сыйластық, құрметтеу, жақсы көру; жақсылық жасау, еңбек ету т.б.

- *психологиялық-тұлғалық қабілеттер:* ынта-зейін, ерік, арман, махаббат, сезім, көңіл-күй, тыңдау, қабылдау, жан дүние, интуиция, мінез т.б.

- *жалпыадамзаттық құндылықтар:* достық, тыныштық, бейбітшілік, ынтымақ, толеранттық, тірлік, тәуелсіздік, еркіндік, үйлесімділік, ұлттық тұтастық, ортақ іс, Отанға қызмет ету т.б.

- *ұлттық құндылықтар:* әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, ырымдар, тыйымдар, наным-сенімдер, материалды мұралар, рухани мұралар, өнер және т.б.

Кесте 2 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани-адамгершілік тәрбиесінің мазмұндық құрылымы

| Р У Х А Н И - А Д А М Г Е Р Ш І Л І К Қ Ұ Н Д Ы Л Ы Қ | Адами қасиеттер | Адамгер-шілік әрекеттер | Психология-лық-тұлғалық қабілеттер | Жалпы-адамзат-тық құндылық-тар | Ұлттық құнды-лықтар |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төзімді<br>Шыдамды<br>Табанды<br>Мейірбанды<br>Қайырымды<br>Қамқор<br>Игілікті<br>Ілтипатты<br>Инабатты<br>Ақылды<br>Арлы<br>Намысқой<br>және т.б | Сәлемдесу<br>Алғыс айту<br>Ризашылық білдіру<br>Қанағат ету<br>Ысырап етпеу<br>Обалды білу<br>Сыйласу<br>Құрметтеу<br>Жақсы көру<br>Жақсылық жасау<br>Еңбек ету және т.б. | Ынта-зейін<br>Ерік<br>Арман<br>Махаббат<br>Сезім<br>Көңіл-күй<br>Тыңдау<br>Қабылдау<br>Интуиция<br>Мінез<br>және т.б. | Табиғат<br>Отан<br>Жер<br>Қоғам<br>Достық<br>Тыныштық<br>Бейбітшілік<br>Ынтымақ<br>Толеранттық<br>Бірлік<br>Тәуелсіздік<br>Еркіндік<br>Ұлттық тұтастық<br>Ортақ іс<br>және т.б. | Әдеп-ғұрып<br>Салт-дәстүр<br>Ырымдар<br>Тыйымдар<br>Наным-сенімдер<br>Материалдық мұралар<br>Рухани мәдени мұралар<br>Өнер<br>және т.б. |

Сонымен айтылып өткен талдаулар мен негіздемелер бізге білім алушының рухани-адамгершілік тәрбиелілігі ұғымының мәнін ашуға мүмкіндік берді. Біздің зерттеу объектімізге орай *рух – дегеніміз адамның тұлғалық саналы дамуының өзегі, ал руханилық – осы өзектің адамгершілік бағытта қозғалысқа түсуіне нәр беретін мазмұндық құрылым. Жеке тұлғаның рухани дамуы барысында оның әлеуеттік, адамгершілік құндылықтары қалыптасып, дамиды. Олай болса, руханилық білім алушының адами тұлғалық дамуын толықтырады, байытады. Сол себепті білім алушының адами тұлғалық толық дамуында оның бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырып, дамыту қажет.* Сондықтан біздің тұжырымдауымызша «*рухани-адамгершілік құндылықтар» дегеніміз* – жеке, адами қарым-қатынаста, табиғатпен байланыста, қоғаммен қатынаста көрініс табатын адами қасиеттер, адамгершілік іс-әрекеттер, психологиялық-тұлғалық қабілеттер, жалпыадамзаттық пен ұлттық құндылықтар жиынтығы. Ал, білім алушының *рухани-адамгершілік тәрбиелілігі* дегеніміз – оның

бойындағы адами қасиеттердің, адамгершілік іс-әрекеттердің, психологиялық-тұлғалық қабілеттердің, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың қалыптасуы мен дамуының көрінуі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани-адамгершілік тәрбиелілігін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде жетілдіру әбден мүмкін. Өйткені рухани-адамгершілік құндылықтар болашақ мұғалімнің өзін-өзі бақылау, өзін-өзі жетілдіру, тұлғалық бағдарлау барысында тиімді қалыптасады. Ол туралы диссертациялық зерттеудің келесі бөлімінде баяндалады.

## 1.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің зерттелу деңгейі

Балалар мен жастар – мемлекеттің жарқын болашағы болуы себепті олардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне бүгінгі күнде де баса назар аударылып отыр. Осыған байланысты Елбасы Н.Ә.Назарбаев жаһандану үрдісінде жастар саясатына ерекше көңіл бөліп, XXI ғасыр жаңару кезеңі, жастар қоғамды, экономиканы дамытушы, қозғаушы күш деп, айта отырып олардың *тұлғалық дамуына* аса мән беру қажеттігін көрсеткен болатын [1, 1 б.].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында мектептің міндеті оқушыларға тек білімнің жиынтығын беру ғана емес, оқушылардың өз бетінше білім алуына, өзіндік білім алудың тәсілдеріне үйрету де болып табылатындығы туралы айтылған. Сондықтан білім беру, оқу үдерісін ұйымдастыруға деген көзқарасты қайта қарап, білім, білік және дағдыны меңгертуде мұғалім құзыреттілігін дамытуға, оқушыға оқу ақпаратын беруде оқушылардың күтілетін нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін оқу үдерісін жобалауға, оқушының әр пәнді меңгеру икемділігін қалыптастыруға қарай өзгерту қажеттілігі туып отыр.

Осы талаптарға сәйкес және әлеуметтік құндылықтар саласындағы басымдықтардың ауысуы жағдайында оқушының білім алуға ұмтылысын оятып, өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзінің ішкі мүмкіндігін толығымен пайдалануға қабілетті тұлғаның қалыптасуына қолайлы жағдайлардың туғызылуы талап етілуде. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін барынша ескеріп, өзінің белсенді әрекеті арқылы оқыту – бүгінгі күннің қажеттілігінен туып отыр. Осыған орай «оқушы – білім беру обьектісі» көзқарасынан, оқушының өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен еңбектенуіне қол жеткізетін жолды таңдау маңызды. Ол үшін оқушыға сабақ беретін мұғалім бойында ізденімпаздық, ойлай білу, белгісізге ұмтылу, алдына қойған мақсатына жетуде табандылық көрсете алатын, оқушы бойына да осы қасиеттерді дарыта білетін, шығармашылықпен қызмет етуге дайындығын қалыптастыра алатындай сапалардың болуы маңызды. Осы орайда жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған, кәсіби құзыретті маман даярлау заңды құбылыс. Себебі жоғарыда айтылғандай қоғам өзінің әлеуметтік-

экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Сонымен болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға қойылған осындай талаптардың бастауыш сынып мұғалімдеріне тікелей байланысты екендігі сөзсіз. Өйткені мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге мектеп тынысын, оқу-білім үрдісін, тәрбие танымын алғаш таныстыратын да, білім беріп, тәрбиелейтін де – бастауыш сынып мұғалімі. Бастауыш сыныпта алған білім мен тәрбие әрбір оқушының өмір сүру негізі болатындығы ғылым саласында да тәжірибе жүзінде де дәлелденген. Сол себепті білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың алдымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үрдісіне ендірілуі шынайы құбылыс.

Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау және бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік даярлығы мәселелері Ресейлік ғалымдар Г.М.Коджаспирова [148], С.Г.Григорьева [149], Л.К.Гребенкина [150] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелді.

Бастауыш мектептерде оқытуды жетілдіру мәселелері Ш.А.Амонашвили [152], Л.В.Занков [153], Н.Ф.Талызина [154], В.Ф.Шаталов [155], П.М.Эрдниевтің [156], В.В.Давыдов [157] және т.б. зерттеулерінде көрініс тауып, олар осы тұрғыдағы өз тұжырымдамаларын ұсынды.

Қазақстанда бастауыш білім берудің әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік аспектілерін Қ.А.Аймағамбетова [104, 24 б.], С.Р.Рахметова [105, 21 б.], Ш.Х.Құрманалина [106, с. 24.], Б.А.Тұрғынбаева [107, 24 б.], Ә.С.Әмірова [108, 22 б.], Қ.А.Сарбасова [109, 22 б.], және т.б., бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау, бастауыш білім беру мен бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың тарихы мен дамуын Р.К.Бекмағамбетова[110, с. 23], Қ.Т.Ыбыраимжанов [111, 22 б.], Б.М.Қосанов [112, 150 б.], Ш.Майғаранова [128, 27 б.] және т.б., бастауыштағы білім интеграциясы, бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеттері, дүниеге көзқарасы, тәрбиелеу мәселесі тұрғысынан Р.К.Төлеубекова [124, 12 б.], Ә.М.Мұханбетжанова [87, 355 б.], А.Х.Аренова [158] және т.б. зерттеген еңбектер бастауышта оқытуды жетілдіруге, мұғалімдерді даярлаудың сапасын арттыруға қосылған мол үлес болды.

*Ал, біздің зерттеу проблемамыз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесіне арналғандықтан рухани-адамгершілік тәрбие туралы зерттелген еңбектерге талдау жасап кеткенді жөн санадық. Диссертацияның 1.1 бөлімінде ғалымдар еңбектерінен зерттеу проблемасына қатысты ұғымдардың мәнін ашуға септігін тигізетін анықтамалары мен тұжырымдарын көрсеткен болатынбыз. Ал бұл бөлімде тікелей рухани-адамгершілік тәрбие мәселесі зерттелген еңбектерге талдау жасалды және соның ішінде, осы саладағы соңғы жылдардағы зерттеулер топтастырылды.*

Тәрбие ықылым заманнан бастап зерттеу объектісінен түскен емес. Әл-Фараби – «тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту әдісі деген сөз», - деп ой тұжырымдаса [20, 75б.], М.Жұмабаев «тәрбие деген не?» деген сұраққа, ол – «қандай болса да бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету», «...адам баласының әсіресе жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек. Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі толық болғаны» деген болатын [31, 347 б.].

Осы айтылып өткендер тәрбиенің құрамдас бөлігінің бірі рухани-адамгершілік тәрбие екендігін жоққа шығармайды.

Рухани-адамгершілік тәрбие идеялары қазақтың ұлы ойшылдары мен ағартушыларының еңбектерінде көрініс тапқан. Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбиердиев, М.Жұмабаев және т.б. еңбектерінде жастардың рухани өрлеуі мәселесіне кеңінен мән беріледі [125, 17 б.].

Қорқыт бабаның ойлары қанатты сөздер, өсиеттер, аңыз-жырлар ретінде беріліп философиялық тұжырымдамасының негізін құрайды. Оның өсиеттерінің басты тақырыбы – өмір мен өлім жөніндегі толғаныстарына адам ғұмырының философиясы мен мән-маңызы, адамның адамгершілік қасиеттеріне арналған. «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман», «Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ», «Қонағы жоқ қараша үйден, құлазыған түз артық» деген нақыл сөздері студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесіне арқау болады [125, 37 б.]. Ұлы бабамыздың пікірлерінің жастарды тәкаппарлықтан сақтандырып, үлкеннен ғибрат алу, ақылды, көпшіл, қонақжай болуға шақырған тұстары студенттерге ұлттық құндылықтарды дәріптеуде тәрбиелік мәні зор деп санаймыз.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби «ғылым және ақыл, егер олар ішкі сеніммен және рухани-адамгершілікті идеалмен мөлшерлес болса, Аллаға, Жаратушыға жақындататын тәсіл бола алады» деп көрсетті [20, 29 б.]. Ғұламаның тұлғаның рухани-адамгершілігінің қалыптасуындағы ой, сананың қызметін тек адамзатқа ғана тән, білімділік, тәрбиелілік – адамның рухани жан дүниесінің, адамгершілігінің белгісі деген ойлары бүгінгі күнге дейін құндылығын жойған жоқ.

Ж.Баласағұн өзінің атақты «Құтты білігінде» (Құт әкелетін білім) философиялық ойлары мен дүниетанымдық идеалдарын жеткізеді. Оның түсінігінде адамның руханилығын ісімен, арымен байланыстырып, мейірімділік пен бақыт мәселелері адамның өмір салтына қатысты. Адам өлгенмен, оның ісі мәңгілік. «Кісі мәңгі болмас, ары – мәңгі қалар шапағаты» деп руханилықтың мәңгілік екендігін түсіндіреді [21,128 б.]. Сондай-ақ оның әрбір өсиеті балалар мен жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі тұрғысынан айтылады:

Ата – анаңның қабылдап қасиетін,

Ардақтай біл атқарып өсиетін. (1486-бәйіт)
Туыс досқа пейіліңмен берсең мәзір асыңды,
Олар сені құрметтеп, сыйлап өтер басыңды. (4649-бәйіт)
Менменшілді – есуас надандығын,
Ит өлімімен байқалмас адамдығың. (3480-бәйіт) [145].

Ал, Ахмет Йүгнеки ары жоқтың адамгершілігі болмайды, адамгершіліктің қас жауы –өсек, өтірік, мақтаншақ. Сондықтан адамгершілік тек арлы адамда болады деп көрсетсе, Қашғари кітабындағы («Түркі сөздердің жинағы») батырлық, ерлік туарлы жырлары ұрпақты ерлікке, оқу білімді үйренуге, өнерге, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелейді.

Адамзат баласының шынайы адамгершілік мінез-құлқының ақыл-ой, сезімімен үйлесім табуын қарым-қатынас барысында жеке адамның өзін-өзі ұстай білуіне, мінез-құлқына байланысты болады деген пікірде болғанын байқауға болады. Ғұламалардың ойларындағы руханилық «ар» ұғымымен астасып, адамгершілік қасиеттердің ішіндегі ерекше құндылықтар ізеттілік, адалжандылық, қайырымдылық, кішіпейілділік ерекше дәріптегендігі студент жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу құралы бола алады.

Ш.Уәлихановтың еңбектерінде де жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне мән беріледі. Оның рухани-адамгершілік идеяларының негізі болып қазақ қауымындағы зұлымдыққа қарсы күрес саналады. Ол патша шенеуніктерінің, жергілікті билеушілердің жалған, әрі дөрекі мінездеріне қарсы адам қасиеттерін сипаттайтын «намыс», «әділдік» сияқты рухани-адамгершіліктің басты көрсеткіштерін адам санасына сіңіруді көздейді [24, 212 б.].

Қазақ ағартушыларының бірі Ы.Алтынсарин қазақ мектептерінің бірқатар мәселелерін көтере отырып, рухани-адамгершілік тәрбиесінің моральдық негіздеріне бауырмалдық, әдеп пен әділдік, қанағатшылдық, жомарттық, тазалық, сабырлық, зейіндік және білімді еркін меңгеру мәселесіне ерекше мән бере білді. Ы.Алтынсарин адам тәрбиесінде рухани қарым-қатынастың, рухани мұралардың басты рөл атқаратындығын туындыларымен де өз ісімен де дәлелдеп көрсетеді, Ол «шынайы рухани құндылықтарды бағалау, олардың маңызын түсіну балалық шақтан басталатындығын» ескертеді [25, 122 б.].

19 ғасырдың заңғар биігі өз ұлтының қамын ойлаған ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қазақ елінің ғана емес, жалпы адамзаттық рухани мәдениеттің дамуы үшін де орасан зор құндылығы бар дүние. Өйткені Абайдың лирикалық өлеңдері философиялық толғаулар тұрғысында берілген және оның қандай шығармасын алсақ та, жақсыға ұмтылуға, сүйсінуге баулиды, үнемі тәрбиелік мәнге ие екендігін жоққа шығаруға болмайды. А.Құнанбаев адам тұрмысы туралы айта келе, адам табиғаттан тәні мен жаны арқылы ажыратылатындығын айтқан. Тән құмарлығымен өмір сүрген адамның жануардан аз ғана айырмашылығы болады, тек адамның өзін-өзі түсінуіне, мейірімділік жасауға, зұлымдықтан қашуға ұмтылысы адамды адам етеді деген. Қазақ ойшылдары ар-ұждан

мәселесін алға шығарып, арлы адамның ардақтылығын басты тақырыптарына айналдырған. Олардың ойынша адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі – адамдық, ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу, «Өзің үшін еңбек қылсаң, - дейді Абай, - өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол». Ақылды, мейірімді адам кез-келген уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш болып келетіндігін көрсеткен [26, 312 б.].

Бұл көзқарастың құндылығы адам алдымен жаман қылықтан арылып, нашар әдеттен тазарып, ізгі ой мен мейірімділік қасиеттеріне тәрбиелеу мәселесі алынған. Ғұламалар руханилықтың өзегін оқудан, білімнен іздеп, оны жақсы мен жаманды салыстыра отырып, қалың жұртшылыққа адамгершілікке тән мінез-құлықтарды үлгі өнеге етуі – студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі негізгі ұстанымдар болып саналады.

Ш.Құдайбердиев «ар ғылымын» енгізуді ұсынды, арды түсіну үшін оған қарама-қарсы «арсыздық», «арамдықты» қарау маңызды. Бұл тұрғысынан А.Құнанбаев арамдықтың екі түрін көрсетті: екі жүзділік және надандық. Бүгінгі нарықтық экономика тұсында арамдық өркендеп тұрғандықтан білім беруді жалпы адамзаттық құндылыққа, рухани-адамгершілікке бағыттап күшейтуді талап етеді. Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе – адам деп түсінетін болса, сол адам бойындағы ең басты сипаттар неден тұрмақ дегенде әр дәуірдің ойшылдары өз ұғым-нанымы мен заман талабына орай түрліше жауап беріп келгендігін байқаймыз. Бұрын берілген тәрбие арды, мейірімділікті дамытуға саналы игерілген болса, олар толығады, жетілдіріледі, өмірлік тәжірибе бұрынғы білім, біліктілік, дағдыларға қосылып, ой-санасының, білім көлемінің толыққанды болуына себепкер болып, нәтижеде өмірлік құндылықтарды бағалай біледі [27, 80 б.].

Адамгершілік тәрбиесі мәселелеріне шетелдік ғалымдар да аса мән берді. Қазан төңкерісіне дейінгі педагогтер (К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Н.И.Пирогов және т.б.) тәрбиенің негізін тұлғаның еркі және бас бостандығын көздейтін адамгершілік заңы қалануы керек деп есептеген. Одан кейінгі ғалымдар (П.П.Блонский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, М.М.Пистрак, С.Т.Шацкий және т.б.) адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру сол кездегі қоғам сұранысына қарай ұйымдастыруға талпынды.

Адамгершілік тәрбиесіне байланысты мәселелер Кеңес және қазіргі кезеңдегі белгілі ғалым-педагогтердің еңбектерінде қарастырылған. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болады. Адамгершілік – жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Оның негізгі көрсеткіштері: басқаларға жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу. ар-ұятты сақтау, имандылық

пен рақымдылық, әділдік, қанағатшылық, өзін-өзі дамытып жетілдіру болып келеді [101].

Теориялық зерттеулердің нәтижесінде педагогикалық теорияда адамгершілік тәрбие процесіне бірнеше көзқарастар қалыптасқанын байқауға болады. Біріншi топта зерттеушілер болашақ ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде педагогтердің мақсатқа бағытталған және ұйымдастырылған тәрбие үрдісіне жетекші рөлін басымдылықпен көрсетеді.

Екінші топтағылар адамгершілікке тәрбиелеуде тәрбиеленушілердің іс-әрекеті мен қарым-қатынасын басқаруды ұйымдастыру қажеттілігін қолдайды, олардың пікірінше, адамгершілік тәрбиесі тұлғаға мақсаттылықпен және тәрбиелiлікпен ықпал етуді, оның іс-әрекетін мақсаттылықпен ұйымдастыруды болжайды. Жоғарыдағы аталған топтар тұлғаны әлеуметтік практикаға енгізуді көздейтін іс-әрекеттік бағдар бағытты көздейтінін түйіндейміз. Алайда бұл бағыттар адамгершілік тәрбиенің қазіргі талаптарына сай аша алмайды.

Үшінші топтағы зерттеушілер тұлғаға адамгершілік тәрбие беруде баланың ішкі қажеттілігіне, қызығушылығына және ішкі түрткісіне бағыттап, тұлғаға бағдарлауды ұсынады. Біздің зерттеу тақырыбымызға осы бағыттағы зерттеушілердің ой-тұжырымы жақын келеді. Олардың негізгі идеясы баланың адамгершілігінің дамуына жағдай жасау, адамгершілік көзқарастар, сенім мен сапа, әлеуметтік құбылыстар мен процестер, адамға адамгершілік көзқарастарын қалыптастыру тетігін ұсыну болып табылады.

М.Х.Балтабаев рухани-адамгершілік тәрбиесінің басты мақсаты ретінде мәдениет адамын қарастыру мүмкін деп есептейді. Бұл дегеніңіз, бүкіл өмірі бойында өз мүмкіндігін жүзеге асыруға және өз білімін көтеруге қабілеті бар, оның негізінде өзінің адамгершілік, рухани өміршеңдігін анықтайтын жеке қасиеттері қалыптасқан жан-жақты тұлғаның бейнесі болып шығады. Рухани-адамгершілікті мәдениетпен байланыстырып, тек адамгершілік қасиеттермен шектелмей білім арқылы қабілетін шыңдау тұлғаға өзектендіру, өзін-өзі дамыту деген ойларын зерттеу жұмысында негізге алады [165].

Осы орайда К.Ж.Қожахметованың тұжырымдамасында бұл мәселеге жаңа тұрғылар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиенің мәнін қайта ұғынуға талпыныс жасалынады [166]. Бұл тұжырымдамада:

- рухани-адамгершілік тәрбие процесінің өзіндік мәні және оның басқа да әлеуметтік-білімі процестерден ерекшелігі;
- көптеген әлеуметтену факторлар жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбие процесінің орны мен қызметтері;
- технологиялық ережелер мен тыйым салуларға айналатын рухани-адамгершілік тәрбиенің құралдары анықталады.

Сонымен қатар, рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңызын, оның негізін қалайтын және жүйелілігін құрушы категориялар: адамгершілік, мораль, олардың мәні, олардағы бірдейлік пен ерекшеліктерін қарастыру қызығушылық тудырады. Бұл тірек ұғымдардың мәні В.А.Сухомлинский, Б.Т.Лихачев және басқалардың еңбектерінде ашылады. Б.Т.Лихачевтың

адамгершілік сезімдер адамгершілік негізін қалаушы басты категория болып табылады деген пікіріне қосылуға болады [58, с. 3].

Б.Т.Лихачевтің пікірінше, рухани-адамгершіліктің қалыптасу деңгейі өзінше қарама-қайшы: бір жағынан ол тұрақты, екіншіден, өзгермелі, өйткені ол ішкі және сыртқы әсерге еріксіз бой ұрады [58, с. 3]. Себебі, біздің ойымызша, адамгершілік нормаларын меңгеру адамның жан дүниесінің көкжиегін кеңейтеді, оған заттардың дүниесі ғана емес, сонымен бірге сол дүниенің идеалды өлшемін, мәңгілік мәні мен жақсылықтың дүниесін көріп тануға мүмкіндік береді. Адамгершілік қалыптардың жеке тұлғаның жан дүниесіне өтуі, жеке тұлғаның өзіне тікелей әсерленуіне қатысты болуы, оның мән-мазмұндылығына, маңыздылығына, ақиқаттылығына байланысты шын мәнінде адамға оның әсерлі себептерінен қайтадан жаңаруы, тіптен рухани қайтадан түлеуіне ұйтқы болып, тұлғаны одан әрі дамытады.

Ә.М.Мұханбетжанова жоғары білім беру жүйесінде оқитын студенттердің тұлғалық тұрғыдан қалыптасуы, оның шығармашылық даралығын дамыту, студенттердің бар мүмкіншілігін ашу, оны жүзеге асыру – бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты болып табылатынын көрсеткен [167]. Бұл студенттердің тұлғалық қалыптасуы қоршаған ортаға үлкендерге, ата-аналарына, педагогтеріне, балаларға белсенді шығармашылық ықпалын, екінші жағынан - студенттердің өзіндік даралығын, белсенділігін көрсететін қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілердің жетістіктерін зер салып талдау керек.

Студенттердің өмірге белсенді көзқарасының бағыты педагогтің ықпал етуі арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары олардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру үрдісінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиенің ең бастапқы формалары педагогтің студенттермен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс-әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, оларға арналған тапсырмаларды орындау негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтік жұмыс еңбексүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды.

Студенттерде ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге әрекет ету, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де студенттің жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырып отырады. Студенттерді адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік

бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас (тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б.), ұжымда тәрбиелеу, студенттердің өзара бірлескен қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдерін қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайлылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай карауға мүмкіндігі жасалмайды. Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог студент жастардың бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын көрсетеді.

Рухани-адамгершіліктің қалыптасуының жоғары деңгейі адамның ішкі жан дүниесі, өзіндік сана сезімінің дамуы болып табылады. Өзіндік сана-сезімнің реттегіш рөлі оны практикалық іс-әрекеттің субъектісі деп қарастырудан, жеке өзінің адамгершілік қасиеттерін, қызығушылығын, құндылығын, мұратын, мінез-құлқын ұғынуы мен бағалауынан көруге болады. Сондықтан студенттердің рухани-адамгершілік сана, сезіммен бірлікте қарастырылатындықтан, олардың өзіндік санасы туралы теориялық білімі ғана қалыптаспай, өмірлік бағыт қалыптастырып, практикалық тұрғыда жетілдірудің міндеттері шешілуі тиіс.

Соңғы жылдары тәрбие мақсатын анықтауда «үш деңгейлік» әдіснама негізге алынды. Оның үшінші деңгейі гуманистік парадигма тұрғысынан қарастырылып, адам өмірінің мақсаты мен мән-мағынасы оның өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру қажеттілігін таныту арқылы ашылады деп тұжырымдалады. Сондықтан үшінші деңгейдегі мақсат – *тұлғаға бағдарлану негізінде* тек баланың алған тәлім-тәрбие мазмұнын қайталау емес, оның табиғатына және өз тәжірибесін толық сезіну тәсілдеріне бағытталған болуы шарт.

Осыған байланысты ғалымдар Г.К.Нұрғалиева [139, 80 б.], А.А.Бейсенбаева [92, 121 б.], Р.К.Төлеубекова [92, 212 б.], А.А.Калюжный [93, с. 93], Б.К.Құдышева [89, 78 б.], А.К.Қаплиева [97, 7 б.] және т.б зерттеулерінде баланың адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекетіндегі адамгершілік сана-сезімі, дағдысы, өзіндік «Мен» бейнесі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерімен ықпалдасып, субъекті ретінде танылуға, құндылық бағдарының қалыптасуына, басқа адамдармен алуан түрлі қарым-қатынаста өзіндік «Менін» саналы түрде көрсетуге ықпал етеді деген.

Ғалым Г.Қ.Нұрғалиеваның пікірінше, адамгершілік, ізгіліктің сапалық мәнін айқындайтын ұғымдардың бірлігі – құндылық деп тұжырымдайды. Студенттердің бойында адамгершіліктің адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аяушылық сияқты жеке қасиеттерді іс-әрекет үрдісінде бірлесе отырып дамытуды көрсетті. Қорыта келгенде, жоғары оқу орындарындағы педагогикалық үрдісте студенттердің рухани-адамгершілік нормалары: өз

бойындағы адами қасиеттер, мейірімділік, қайырымдылық, ар, ұят, абырой, парыз, жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайылық, әділдік, үміт сенімдерін дамыту болып саналады [138, 311 б.].

А.Қ.Каплиева салауатты өмір салты негізінде адамгершілікке тәрбиелеудің жолдарын көрсетіп, оларды жүзеге асырудағы мүмкіндіктерді жан-жақты ашып көрсете алған. Зерттеуші рухани-адамгершілік белгілі адамгершілік құндылықтар жүйесі негізінде жүзеге асатындығын айта келе, адамгершілік құндылықты тұлға өзінің іс-әрекетінде, қарым-қатынасында, игерген өмірлік тәжірибесінде пайдаланып, өзінің табиғи болмысын байыта алатын, мәдени байлықтарды меңгерген, соған сәйкес әр түрлі іс-әрекеттер, сезім, сана, мінез-құлықта, қоғамдық қатынаста тұлғаға тірек болатын сенімдер жүйесі деп санайды [97, 8 б.].

Г.А.Ерғалиева рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесінің педагогикалық негіздері, студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде өзін-өзі тану, тәрбиелеу мүмкіндіктерін анықтап, құндылықтарға жіктеме беріп, жалпы адамзаттық құндылықтар, жоғары сапа деңгейіндегі құндылықтар және рухани-адамгершілік құндылықтар деп үшке бөледі. Рухани-адамгершілік құндылықтарға мәдениет, саясат, әдебиет, Отан Ана, Жер, дін, ар-ождан, парыз, ерік, жігер, күш, махаббат, қайырымдылық, мейірімділік т.б. жатқызған [98, 47 б.].

А.Т.Утебаева орта буын оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесінің мазмұны, өзіндік психологиялық ерекшеліктерін, ауыл мектебінің оқу-тәрбие үрдісі ерекшеліктері жағдайында оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін қарастырған [99, 78 б.]. Ғалымның еңбегінде баланың рухани-адамгершілігіне әлеуметтік орта, отбасы мүшелері, достарының белгілі мөлшерде әсері ашып көрсетілген.

Р.К.Төлеубекованың зерттеу жұмысында оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылып, білім беру жүйесінде оларды жүзеге асыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалған [124, 291 б.].

А.С.Әмірова, Г.А.Кайбулдаеваның зерттеулері мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін зерттеуге арналады [108, 24 б.], [169]. Соның ішінде ғалым Г.А.Кайбулдаева айналадағы құбылыстарға адами сипат беру, оларды «жандандыру» арқылы қабылдау тұлғаны рухани дамытудың психологиялық тетігіне жататындығын айтады. Адам өміріне лайықты қатынас құру үшін, оны Рақымдылық, Сұлулық, Ақиқатқа негіздей білу керек. Өмір туралы, өмірлік құндылықтар жүйесі жайында толғануды кейде рухани қызметі, тұлғаны қалыптастыру жүйесінің ең маңызды құрылымы деп санады.

Б.Сүлейменова өзінің «Бастауыш сынып оқушыларын қазақ батылар жыры арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» атты тақырыптағы зерттеу жұмысында адамгершілік тәрбиесін моральмен байланыстырып, гумандық, қайырымдылық, патриоттық және интернационалдық сияқты қасиеттердің

мазмұнын ашады. Зерттеуші бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік дамуы және тәрбиенің өзіндік тоғыз ерекшелігіне сипаттама береді [151].

Зерттеуші Р.А.Джанабаева «Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері» атты еңбегінде адамгершілік-этикалық қасиеттерге тұлғаның адамдарға, ұжымға, қоғамға адами көзқарасын сипаттайтын қасиеттерін; адамның моральдық-этикалық келбетін анықтайтын қасиеттерді; тұлғаның адамдармен қарым-қатынасын сипаттайтын қасиеттерді жатқызған [168].

А.А.Таутенбаеваның жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қазақ және ағылшын халықтарының мәдени құндылықтарын салыстыра пайдалану материалында қалыптастыруды негіздеген. Ол жалпы адамзаттық құндылық, жоғары сапа деңгейіндегі XXI ғасыр құндылықтары, әлеуметтік-мәдени құндылықтар, ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтар деп жіктеп, жалпы адамзаттық құндылықтардың орнығуы қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижесі болып табылатындығын тұжырымдаған [170].

Б.Қ.Игенбаева рухани адамгершілік құндылықтарды білім мазмұнына енгізу тәсілдерін жүзеге асырудың мынадай мүмкіндіктерін ұсынады:

1. Рухани-адамгершілік құндылықтарды кез-келген пәнді оқытудың мазмұнына енгізу;

2. Сыныптан тыс сабақтарды баланың адамдық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру;

3. Жеке пән ретінде жүргізілетін сабақтардың бағдарламасына енгізу [171].

Біздің зерттеуімізге жақын келетін еңбектердің бірі – Р.Ж.Шалтаеваның студенттерді оқыту барысында рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі қарастырылған зерттеу. Осы еңбекте педагогика және психология мамандығындағы студенттердің психологиялық-педагогикалық пәндерді оқу барысында рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту жан-жақты қарастырылады[100, с. 97]. Осындай еңбектердің қатарын Г.А.Омарованың жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне арналған зерттеуі толықтырады. Мұнда автор студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесін жаратылыстану пәндері негізінде, білім беру мен тәрбиелеуді интеграциялау арқылы жетілдіруді теориялық тұрғыдан негіздеп, эксперимент жүзінде іске асырады [172, 45 б.].

Сонымен жоғарыда аталған зерттеулерге талдау студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесі олардың адамгершілік дағдыларынан, кез келген ортада өзін-өзі ұстауынан, қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығынан көрінетіндігін дәлелдейді. Сондай-ақ, рухани-адамгершілік тәрбиенің адамгершілік, рухани құндылықтарға негізделіп, бірін-бірі толықтырып, адамның өзінің табиғи жаратылысы мен өзін-өзі тану, қабылдау, сезіну арқылы сарапқа түсіп дамыған, сыртқы ортаның ықпалы нәтижесінде қалыптасқан, тұлғаның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, қоғамдағы орнын, даралық

қасиеттерінің сипатын айқындайтын ішкі құрылымдық жүйесі екендігін көрсетеді.

Зерттеу барысында Қазақстанда педагогика ғылымы саласынан 1990 жылдардан бүгінгі күнге дейінгі рухани-адамгершілік мәселесі қарастырылған еңбектерді жүйелеп кестеге түсірдік (кесте 3).

Кесте 3 – 1990-2014 жылдар аралығында Қазақстанның педагогика ғылымы саласында рухани-адамгершілік тәрбие мәселесі қарастырылған зерттеулер

| Бағыты | Аты, жөні, тегі | Зерттеудің атауы, жылы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Мектепке дейінгі рухани-адамгершілік тәрбие | Әмірова Ә.С. | Ересектер тобындағы балаларды қазақ балалар әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу (5-6 жас). Канд.дисс., Алматы, 1994 ж., 200б. |
| | Төленова Ұ.Т. | Балабақшалардағы аралас топ балаларын ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Канд.дисс., Атырау, 2002ж., 118б. |
| | Куатова Ж.Ж. | Формирование духовно-нравственных ценностей у младших школьников средствами декоративно-прикладного искусства в процессе обучения. Канд.дисс., Шымкент, 2005г.,148с. |
| | Кайбулдаева Г.А. | Ұлттық балабақшалардағы рухани-адамгершілік тәрбие жүйесінің тарихи даму бағыттары (Қазақстан Оңтүстік өңірінің 1960-1990 ж.ж. материалдары негізінде). Канд.дисс., Түркістан, 2008 ж, 183б. |
| Бастауыш сынып оқушыларын ың рухани-адамгершілік тәрбиесі | Төлеубекова Р.К. | Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану. Канд.дисс., Алматы, 1993ж, 162б. |
| | Игенбаева Б.Қ. | Ана тілі сабағында жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі. (1-2 сынып). Канд.дисс., Алматы, 2002 ж. 142б. |
| | Қожагелдиева С.С. | Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Канд.дисс., Түркістан, 2006ж, 177б. |
| | Сулейменова Б. | Бастауыш сынып оқушыларын қазақ батырлар жыры арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Канд.дисс., Алматы 2006 ж, 140б. |
| | Өтеген Қ.О. | Тәртібі қиын оқушыларды этнопедагогика құралдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. Канд.дисс., Алматы, 2007, 150б. |
| | Айджанова З.Ж. | Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (сыныптан тыс жұмыстар негізінде). Канд.дисс.,. Ақтау, 2009. 175б. |

3 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| 5-9 сынып оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесі | Асанова Ұ.О. | Қазақ халқының айтыс өнері арқылы оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру. Канд.дисс., Алматы, 1993ж. 141б. |
| | Сәдірмекова Ж.Б. | Жеткіншектерді халықтық педагогика арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Канд.дисс., Алматы, 1994 ж., 159б. |
| | Қисымова А.Қ. | Қазақтың халықтық педагогикасы арқылы оқушыларға адамгершілік тәрбие беру. Канд.дисс., Алматы, 1994, 137б. |
| | Каплиева А.Қ. | Оқушылардың салауатты өмір сүру дағдыларын рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптастыру. Канд.дисс., Атырау, 2003ж. 149б. |
| | Аңламасова Г.А. | Мектеп оқушыларын адамгершілік құндылықтар негізінде әлеуметтендіру. Канд.дисс., Тараз, 2003, 173б. |
| | Нұрғалиева Д.Ә. | Тәрбие процесінде 5-9 сынып оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. Канд.дисс., Алматы, 2005 ж, 140б. |
| | Утебаева А.Т. | Ауыл мектебі оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. Канд.дисс., Алматы, 2007ж, 155б. |
| | Тілеулесова А.Ш. | Көркем шығарма арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу (5-9 сыныптарды гуманитарлық пәндер негізінде). Канд.дисс., Астана, 2008ж.,150б. |
| | Сыдықов М.Е. | Сыныптан тыс жұмыстарда жеткіншектердің адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Канд.дисс., Түркістан, 2008ж., 125б. |
| | Шынтаева Н.С. | Қорқыт ата мұралары арқылы оқушылардың рухани-адамгершілігін қалыптастыру. Канд.дисс., А., 2009, 158б. |
| | Қалиева Г.А. | Тәрбиесі қиын жасөспірімнің адамгершілік-құқықтық тәрбиесінің педагогикалық шарттары. Канд.дисс.,Ақтау, 2010. 150б. |
| Жоғары сынып оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесі | Дайрабаева А.Е. | Қазақтың халықтық педагогикасындағы қыздардың адамгершілік тәрбиесі. Канд.дисс., Алматы, 1993ж. 173б. |
| | Төлеубекова Р.К. | Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Докт.дисс., Алматы, 2001ж, 311б. |

3 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесі | Ерғалиева Г.А. | Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиеленуінің педагогикалық шарттары. Канд.дисс., Атырау, 2006 ж. 150б. |
| | Оспанова Г.Б. | Казахское этнопедагогическое наследие как фактор духовно-нравственного воспитание студентов. Канд.дисс., Шымкент, 2006г., 157с. |
| | Шалтаева Р.Ж. | Педагогические условия духовно-нравственного воспитания студентов в процессе обучения. Канд.дисс., Алматы, 2007г. 140с. |
| | Таутенбаева А.А. | Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. (қазақ және ағылшын халықтарының мәдени құндылықтарын салыстыра пайдалану мысалында). Канд.дисс., Алматы, 2009, 154б. |
| | Омарова Г.А. | Духовно-нравственное воспитание студентов вузов на основе общечеловеческих ценностей. Канд.дисс., Алматы, 2010г., 164с. |
| Болашақ мұғалімдерді оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге даярлау | Әбілдина С.Қ. | Қазақ халқының ауызекі шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру. Канд.дисс.,. Қарағанды, 1999ж. 165б. |
| | Бодықова И.Н. | Болашақ мұғалімдерді экологиялық іс-әрекет процесінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге даярлау. Канд.дисс., Алматы, 2002ж. 158б. |
| Педагогикалық мұралардағы рухани-адамгершілік тәрбие негіздері | Саренова А.С. | Духовно-нравственные основы развития личности в педагогическом наследии И.Алтынсарина. Канд.дисс., Алматы, 2007г.,151с. |
| | Алдамбергенова Г.Т. | Қазақ халық педагогикасында қыздарға моральдық-этикалық тәрбие берудің ғылыми негіздері. Докт.дисс. Алматы, 2009ж., 286б. |
| | Рустембекова М.Е. | Саттар Ерубаевтың шығармашылық мұрасындағы адамгершілік тәрбиесінің педагогикалық негіздері. Канд.дисс., Түркістан, 2012 ж., 175б. |

Осы еңбектерге жасаған талдау бізге оларды 7 бағытқа топтастыруға мүмкіндік берді:

1) Мектепке дейінгі рухани-адамгершілік тәрбие мәселесі қарастырылған зерттеулер

2) Бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесіне қатысты зерттеулер

3) 5-9 сынып оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесі бойынша зерттеулер

4) Жоғары сынып оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесі қаралған зерттеулер

5) Студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесі қарастырылған зерттеулер

6) Болашақ мұғалімдерді оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге даярлауға арналған еңбектер

7) Педагогикалық мұралардағы рухани-адамгершілік тәрбие негіздерін қарастырған зерттеулер.

Осы бағыттардың ішінде біздің еңбегімізге жақын келетіні 5, 6 бағыттағы зерттеулер. Алайда аталған зерттеулерде болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік құндылықтарын өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінде, қазақ ауызекі шығармашылығы негізінде, экологиялық іс-әрекет процесінде қалыптастыру мәселесі зерделенген. Ал студенттердің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікее тәрбиелеу мәселесі қарастырылмаған.

Студенттерді оқу барысында тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктері бар, күрделі үрдіс. Оқу үрдісіндегі тәрбие міндетін іске асырудағы қиындықтың бірі топтағы студенттердің адамгершілік түсініктерінің әр түрлі болуында және де тәрбие күрделі үрдіс болғандықтан, бір сабақ барысында студентті адалдыққа, қайырымдылыққа, батылдыққа, шындыққа тәрбиелеу мүмкін емес. Алайда, студенттің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде педагогтер шешуші рөл атқарады.

Жоғары оқу орындарында студенттердің құрдастарымен, ұстаздарымен, практикада мектеп оқушыларымен, отбасы мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас жасай білуі, өзге адамдарды түсінуі, қабылдауы, әр адамның құндылығын және даралық ерекшелігін жасына, жынысына, ұлтына қарамастан саналы түрде түсіне білуі және өзіне сырт көзбен қарап, өзінің көңіл-күйін, атқарған іс-әрекетінің себебін түсініп, істеген ісінің нәтижесіне өзіндік баға беруі – тәрбиедегі басты мәселе болып саналады.

Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштасады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін жастарды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, оқу орнында, қоғамдық орындарда мәдени нормаларды бұзбау және оны қастерлеу әрбір студенттен талап етіледі.

Қорыта айтқанда, тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі тұтастай алғанда өте күрделі көп қырлы үрдіс. Оның адам өмірінде толықтығы, қарама-

қайшылығы жағынан отбасынан, қоғамнан, мәдениеттен, еліміздегі мәдени-тарихи дәуірде қалыптасқан халықтың тәжірибесінен және адам санасынан бөліп қарастыру мүмкін емес.

Студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу тұлғаға бағдарлы амалымен ұйымдастырылған жағдайда сапалы нәтижелерге жетеді. Осыған байланысты студенттердің рухани-адамгершілікке тәрбиесін қазіргі қоғам сұранысына сай тұлғалық-бағдарлы технологияларға негіздеу материалдық және руханилықтың бірлігі мен тұтастығы, таным, қарым-қатынас және іс-әрекет теорияларын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады. Жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысы мораль идеалдарына, адамгершілік құндылықтарына, ұлттық тәрбиелік идеалдарға және этикалық ұстанымдарға негізделеді. Педагог пен студент тұлғасын дамыту рух – жан – дене бірлігінде және сана-сезім – ерік тұтастығында жүргізіледі. Студенттің рухани-адамгершілік тәрбие беруде өзінің өмірін бағалау, өмірінің мәні неде екенін ізденуі, шығармашылығы, «Мен» бейнесінің қалыптасуы, жауапкершілігі, субъектілі тәжірибесінің қалыптасуында тұлғалық-бағдарлы технологиялардың мүмкіндігі мол. Бұл мәселенің шешімін зерттеу жұмысының 2 тарауында қарастырылады.

Сонымен жоғарыда аталған ғалымдар еңбектеріне талдау жасау нәтижесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесінің зерттелу қажеттілігін көрсетті. Осы мәселеге тікелей кіріспес бұрын бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдіснамалық тұғырларын анықтап алғанды жөн көрдік. Ол туралы келесі параграфта баяндаймыз.

### 1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдіснамалық тұғырлары

Рухани-адамгершілік тәрбиені адам және әлемнің жоғары рухани табиғатын сезінуге септігін тигізуші педагогикалық үрдіс тұрғысынан *тұлғалық-бағдарлы* және *тұлғалық-іс-әрекеттік* әдіснамалық тұғырлар негізге алынады.

*Тұлғалық-бағдарлы* амал тәрбие барысында біртекті амалды негізге алмауға, педагогикалық үрдісті басқаруда авторитарлық стилді қолданбауға, әр адамның рухани-адамгершілік әлеуетін барынша ашуға бағытталады. Ш.Амонашвили «Практиканы тұлғалық-ізгілікті амал позициясынан қарастыруға ұмтылу мені өзіндік ашылу және шығармашылыққа алып келуі қажет», - деп түсіндіреді [173].

Педагогикадағы *тұлғалық-іс-әрекеттік* амал педагогикалық білім беру жүйесінің үнемі дамуын алға тартады. Егер студент позициясы белсенді және саналы тұрғыдан құрылса, ол өз кезегінде өзіндік білім беру субьекті болады. Тұлғалық-іс-әрекеттік амал студенттің тұлғалық маңызды іс-әрекетін

ұйымдастыруды көздейді. Өйткені тек іс-әрекет барысында тұлғалық құндылыққа ие адам ғана ғылым мен мәдениетті меңгеріп, өзінің жақсы сапаларын көрсетіп, мінез-құлқын жетілдіре алады [174].

Біздің зерттеу үшін С.Л.Рубинштейннің әдіснамалық тұжырымдары маңызды саналады. Оның пайымдауынша адам мүмкіндігі өмір барысын өзгертеді, яғни сананы болмыс анықтауымен қатар, сана да болмысты анықтайды. Мысалы, адамның өмірлік сезімдері тек өмір барысына ғана ілесіп қоймай, бір мезетте адамға өмір қиындығынан шығып, өмірге деген көзқарасын өзгертуге жақсы жағынан қарауға мүмкіндік береді. Онда адам өмір субъектісі тұрғысынан өз өмірін өзгертуге құзырлы болады. Ол этика мәнін тек қоршаған өмірді өзгертуде ғана емес, оның адамға ішкі дүниесінің байлығын ашып көрсету, жаман мен жақсы айырмашылығын, өмірлік қиындықтарды жеңуге деген ішкі әлеуетін көрсету мүмкіндігінде, деп есептеген. Оның пікірінше «сыртқы себептер тек ішкі шарттарға байланысты әсер етеді» осылайша, адамгершілік талаптар адамға механикалық түрде берілмейді, ал оның ішкі шарттарымен және ішкі адамгершілік жұмысымен айқындалады. Әлеуметтік мәселенің ешбір шешімі, мысалы, материалдық байлықты әділеттілікпен бөлу адам өмірінің барлық мәселесін шешпейді. Ол адамзаттың барлық атақты ұстаздары сияқты өз өмірімен өзіндік оқу шынайылығын дәлелдеді. 1949 жылы оны өзі құрған кафедрасынан айырып, космополитизм тарапынан кінә тағып, әріптестері одан толықтай бас тартқанда, ол өмір қиындықтарын жеңе біліп, ешкімге ренжіместен және кінә тақпастан психология ғылымы саласынан адамның рухани әлемін қорғауда өз жұмысын жалғастыра берді. Осылайша, ол әлемдегі жақсы мен жаман арақатынасын өз санасынан, болмысынан өткізді [175]. Оның тұлғаның рухани дамуы туралы пікірлері бүгінгі күні де өз құндылығын жойған жоқ.

Бұл ретте қазіргі заманғы педагогикалық әдебиетте тұлға дамуы мен қалыптасуына әсер етуші дәстүрлі факторлармен қатар – орта, тәрбие, іс-әрекет, қарым-қатынас және өзіндік дамудың ішкі күштері ерекшеленеді. Мысалы: ғалым, педагог Р.М.Салимова тұлғаның рухани дамуына әсер етуші негізгі фактор тұрғысынан өзіндік дамуға деген ішкі күштерді оятуды көрсетеді: «педагогикадағы құндылық амалы тәрбиені тұлғаның ішкі әлеуеттік қорын оятуға бағыттау деп қарастырады». Ізгілікті психологияның принциптерінің бірі: «Адамның мінез-құлқының өзгеруіне сыртқы ортаның ықпалынан оның ішкі дүниесінің ықпалы басым болады» [176].

Жоғарыда аталған теориялық-әдіснамалық тұғырлар рухани- адамгершілік тәрбие негізі, сондай-ақ, олар жүректен – жүрекке берілетін шынайы білімдер болады. Олар адамның өзіндегі тек жақсылықты көре білуіне, ой, сөз және іс-әрекет бірлігіне итермелеуге, этикалық жалпы адами құндылықтар тәжірибесінен іштей қанағаттану сезімінде болуға бағытталады.

Зерттеудің мақсат, міндеттеріне сәйкес біз жалпы педагогикалық ұстанымдарды жетекшілікке алдық. Атап өтетін жайт педагогикалық әдебиеттерде кең тараған анықтама, педагогикалық ұстаным тұтас

педагогикалық үрдістің мақсат және міндеттерін іске асырудың тиімділігін артырып, идеясын басқаруға мүмкіндік береді.

Тұлғалық-бағдарлы технологиялардың әдіснамалық тұғырларын әлеуметтік тұрғыдан қарастыру және оны іске асырудың жолдары мен шарттарын зерттеу үш әдіснамалық деңгейді қамтиды: жалпы (педагогикалық - философиялық), нақты (жалпы педагогикалық) және жеке (негіз болушы тұғырлар, белгілі педагогикалық-психологиялық тұжырымдамалар). Біз зерттеу объектімізге орай үшінші деңгейді мақсат – міндеттерінің сәйкестігіне орай таңдап алдық.

Сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғасына бағытталған оқыту моделін құрудың басты бағыттары мен ұстанымдарын анықтау өте маңызды. Осыған орай біз тұлғаға бағытталған оқыту аясындағы амалдарды жалпылама талдауға тырыстық, ол бізге зерттеу мәселесінің тікелей шешімін бермегенімен оларға біршама жақындауға мүмкіндік береді. Мұндай іс-әрекет әдіснамалық бағдарларды, яғни – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғасына бағытталған тәрбиенің мақсаттық және мазмұндық-нәтижелік құрамдарын анықтау үшін қажет болды.

Әдіснамалық ұстанымдардың негізгілерінің бірі ретінде *жүйелілік амалды* ерекшелейміз. Осыған сүйене отырып біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінде даму мен қызмет ету тұрақтылығын қамтамасыз етуге тырыстық.

Жүйе деп отырғанымыз – біріккен және өзара байланыс барысында жаңа сапа беруші элементтер мен бөліктерден құрылған тұтас құрылым. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғасына бағытталған оқыту әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде өзінің белгілі даму деңгейінде нақты мақсат, құрылым, мазмұн және ұйымдастырудан тұрады. Бұл компоненттердің қатынасы және өзара байланыстылығы оқыту үрдісінің барлық субъект және объектілерінің өзара әрекеттесу деңгейімен анықталады.

Н.В.Кузмина ұсынған педагогикалық жүйе анықтамасына сүйенсек, және жүйелілік амалды оқытуда пайдаланатын болсақ, бір жағынан кәсіби даярлық объектілері түрлі жүйе түзуші элементтерге сәйкес қалыптасатын күрделі жүйе түзетінін атап өткен жөн [177]. Екінші жағынан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту үрдісі мақсаттар, әдістер, рефлексивті сипаттағы құралдар жүйесімен анықталатын күрделі іс-әрекет болып табылады.

Жүйелілік амалды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытуда іске асыру параметрлері жүйелік жағдаяттық талдау, бастауыш сынып білім беруді дамытуды ашық әлеуметтік жүйе ретінде жоспарлау, бастауыш сынып білім беру жүйесін дамытуды ынталандыру немесе ауытқуларындағы арақатынасты реттеу болып табылады.

Бұл амалда біз тұлғаның жан-жақты еркін дамуы үшін жағдай жасау керектігін ерекше атап өтуге болады, яғни барлық студентке бірдей жалпы білім беру мен білім беру үрдісінде тұлғаға өзіндік дамуына мүмкіндік беру үшін тиімді мүмкіндіктерді тудыру мақсатындағы түрлі деңгейліктер

арасындағы қарама-қайшылықты шешу қажет. Жүйелілік амал білім беру кеңістігінің тұтастығын, бірлігін қамтамасыз етеді.

Біздің зерттеу контексінде өзекті мәнге келесідей әдіснамалық ұстаным ие – *мәдениеттік* амал және Е.В.Бондаревская негіздеген *әлеуметтік және рухани-адамгершілік тәжірибе* [178]. Қазақстандық зерттеушілер А.Е.Абылқасымова, З.А.Исаева, М.С.Молдабекова болашақ мұғалімдердің бойында рухани мәдени құндылықтар негізінің қалыптасу қажеттілігін өз еңбектерінде дәлелдейді [170, 25 б.]. Тәрбиенің жаһандық мақсаты –мәдениет адамы. Оған тұлғаның тұтас әлеуметтенуін қамтамасыз ететін бірқатар ұстанымдар жүйесін іске асырғанда қол жеткізуге болады, онда басты ұстаным ретінде *адам тәрбиелеуші және мәдени орнықтыру* үрдісі мен тәрбиенің ізгілендіруі, сонымен қатар бала және ғылым ретінде педагогикадан келетін талаптармен сәйкес жалпы адами мәдениет негізі ретінде тәрбие мазмұнының базалық компоненттерін анықтау арқылы жүзеге асады. Тәрбие мазмұнын тұлға құзырына ауыстырудың психологиялық механизмі балалар өмірі мен тәрбиесінің бірлігін, тәрбие жүйесінің қоршаған әлеуметін және тәрбиені бейнелеуі кезінде туындайды, Тұжырымдамалық маңыздылық әлеуметтік белсенділік тәрбие әдістерін өңдеумен айқындалады.

Ізгілікті педагогикаға тән құндылықты амал болып табылады, өйткені онда адам қоғамның жоғары құндылығы және қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты ретінде қарастырылады. Осыған байланысты аксиология ізгілікті мәселеге қатысты жалпылама болып табылады, және де білім берудің жаңа философиясы ретінде және сәйкесінше қазіргі заман педагогикасының әдіснамалық ұстанымы тұрғысынан қарастырылады. Аксиологиялық ойлау орталығында өзара байланыстылық және өзара байланысты әлем концепциясы, толыққанды адам әлемі орналасқан. Әлеуметтік дамуды адамнан тыс қарастыру – ойлауды оның ізгілікті іргетасынан айыру болып табылады. Міне осындай ойлау контексінде ізгілендіру қазіргі заманғы қоғамдық даму тенденциясының жаһандануын көрсетеді, ал жалпы адами құндылықтар оның мазмұнын құрайды.

Педагогикалық сананың аксиологиялық аспектін құрайтын құндылықтар жүйесі, тұлғаның өз рөлін кәсіби және әлеуметтік ортада (педагогтың қоғамдық маңыздылығы, педагогикалық іс-әрекет сәттілігі, мамандықты қоршаған ортаның қабылдауы), қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандырушы құндылықтар (балалармен, әріптестерімен, маңызды адамдармен қарым-қатынас, рухани құндылықтармен бөлісу) шығармашылық жеке дербестікті өзіндік дамытуға бағытталған құндылықтар (кәсіби шығармашылық мүмкіндіктерді дамыту, әлемдік мәдениетке қосу, сүйікті ісімен айналысу, үнемі өзіндік жетілдіру) өзіндік іске асыруды қамтамасыз етуші құндылықтар (педагог еңбегінің шығармашылық сипаты, педагогикалық кәсібіне қызығу, әлеуметтік жағдайы нашар балаларға көмек беру); практикалық қажеттілікті қанағаттандыруға мүмкіндік беруші құндылықтар

(міндетті түрде мемлекеттік жұмысқа ие болу, еңбек ақы, демалыс ұзақтығы) нақтылауға байланысты құндылықтардан тұрады.

Келтірілген *мәдени және аксиологиялық амалдар* педагогикалық іс-әрекеттің ізгілікті табиғаты туралы жалпы бейнені қамтиды.

Дегенмен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың қолайлы әдіснамалық тұғырлары *тұлғалық-бағдарлы және тұлғалық-іс-әрекеттік* амал болып табылады.

*Тұлғалық-іс-әрекеттік* тұғыр тұжырымдамасының өзектілігі тек оның жаңарушы қоғам талаптарымен ғана байланысты емес, сонымен қатар теориялық эмпирикалық алғышарттардың негізі болуымен байланысты. Біріншісіне соңғы онжылдықта жинақталған түрлі білім беру жүйелерін құруға бағытталған жаңашыл іс-әрекет тәжірибесін жатқызуға болады. Теориялық туралы, адам психикасының тұлғалық деңгейінің ерекше табиғаты туралы іргелі зерттеулер  негізге алынады [179].

Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр мәселесі  бірқатар ғалымдардың еңбектерінде зерттелген [180,181]. Бұл амал көп жылдар бойы педагогика ғылымында білім алушының тұлғалық әлеуеті тұрғысынан сырттан мазмұнды қабылдау, бағдарлама ауқымында креативтіліктің көрінуі тұрғысынан зерделенген. Тұлға «жоғары мақсаттарға» қол жеткізу құралы сапасында қарастырылды, субъектілік, мәндік шығармашылық, сыни және өзге сапалар өзіндік бағалау ретінде қарастырылмады. Басты тұлға емес, одан алуға болатын өнім болды – белгілі бір әлеуметтік қызметтердің орындалуы, мінез-құлық модельдерінің іске асуы саналды.

Жалпы бұл міндеттерді былайша сипаттауға болады:  педагог маман тек алған білім, білік және дағдыларын меңгертуі ғана емес, бастауыш сынып оқушысының саналы түрде тұлғалық дамуына жағдай жасауы да маңызды. Берілген тұжырымда идея тұлғалық-іс-әрекеттік амалдың мәнін көрсетеді, ал ол өз кезегінде тұлға басымдылығын барлық білім беру үрдісінде сипаттайды. Оған сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғасын қалыптастыруда білім беру үрдісінің іс-әрекеті әсер етпейді, ол тұлға бойында бар бағыттылық, әлеуметтік-кәсіби тәжірибе, жеке психологиялық ерекшеліктер дамуын қамтамасыз етеді [182].

*Тұлғалық-іс-әрекеттік* амалды оның компоненттері *тұлғалық* пен *іс-әрекет* бірлігі деп анықтасақ, сол тұста олардың ерекше мәнін атап өтуге болады. Тұлғалық компонент кең ауқымды мағынада, барлық психикалық процестер, күй-жағдай мен қасиеттер жеке адамға қатысты қарастырылады, олар жүзеге асырылады және адамның жеке қоғамдық болмысына байланысты әрі оның заңдылықтарымен анықталады [183].

*Тұлғалық-іс-әрекеттік* тұғырдың *тұлғалық* құрамына сәйкес оқу үрдісінің ортасында білім алушының өзі – оның мотивтері, мақсаттары, қайталанбас психологиялық құрылымы тұрғысынан, яғни студент жеке тұлға  тұрғысынан қарастырылады. Білім алушының қызығушылығынан, оның білім мен білік

деңгейінен, сабақтың оқу мақсаты анықталады және білім беру үрдісі тұлғаның дамуы мақсатында құрылады және іске асырылады [184].

*Тұлғалық-іс-әрекеттік* тұғырдың тұлғалық компоненті бойынша, әр пәнді оқыту үрдісі кезінде барынша білім алушының жас ерекшелік, жеке-психологиялық, деңгейлік ерекшеліктері ескеріледі. Бұл оқу тапсырмаларының формасы мен мазмұны, студенттермен қарым- қатынас сипаты арқылы іске асады. Студенттерге берілген сұрақтар, ескертулер, тапсырмалар тұлғалық-іс-әрекеттік амал жағдайларында олардың тұлғалық, интелектуалдық белсенділік тұрғысынан ынталандырып, оқу іс-әрекетін табысты әрекеттерге бағдарлайды. А.К.Маркованың пайымдауынша білім алушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ғана есепке алып қоймай, білім алушының қалыптасуын, психикасының ары қарай дамуын, оның танымдық үрдістерін, тұлғалық қасиеттерін, іс-әрекеттік сипаттамаларын да іске асырады [185].

К.Роджерс ұзақ жылдар зерттеулері негізінде оқытудың өнімді моделін ынталандыру болып табылатынын дәлелдеген, ол өз кезегінде біздің зерттеу контексінде маңызды [186]. Ол оқытушыға мынадай талаптар қояды:

- өзінің жеке ойларын, сезімдерін ашық жеткізу;

- білім алушылар мүмкіндіктеріне педагог сенімділігінің ішкі тұлғалық «сенім» , «демеу» ретінде көрінуі;

- «эмпатиялық түсіну» яғни білім алушылардың әрекетін, біліктілігін және реакциясын көру.

Ынталандыру артықшылықтарын дәлелдей келе, ол сабақтарда білім алушылардың іс-әрекетін талдап, оның дәстүрлі сабақтардан ерекшеленетінін байқады. Сабақта оқытушы білім алушының өзара қарым-қатынасқа жиі түсіп, оқу міндеттері шешімін іздестіріп, сөйлеу қарым-қатынасында бастамашылдық танытып, сұрақ қойып, мұғалім көзіне жиі қарап когнитивті қызметтің жоғары деңгейін анықтайды. Оқытушылар іс-әрекетін талдау, оқуға деген ынтасын арттыру жоғары болған сайын, олардың білім алушыларға деген қатынасы жеке және дифференциалды болады, білім алушы сезімдеріне аса назар бөліп, олармен диалогка көп түседі. Ол жағымды құндылықтар жиынтығынан тұлғалық таңдау мүмкіндігінің, осы таңдауға жекеше жауапкершілікпен қараудың, оқуды шығармашылық тұрғысынан қарастырудың маңыздылығын ерекшелейді.

*Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырдың екінші аспекті іс-әрекеттік компонент.* Ол тұлғалық компонентпен үздіксіз байланыста, тұлға іс-әрекет субъекті бола тұра, сонымен қатар өзге факторлардың әрекетімен қоса субъектінің тұлғалық дамуын анықтайды.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау бізге тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырдың іс-әрекеттік компоненті тұлға қалыптасуының жан-жақты алғы шарттарына ие болатынын көрсетті. Олардың қатарында субъектілік және білім алушының белсенділігі қағидасын, жалпы психологиялық-іс-әрекет теориясын, тұлғалық-іс-әрекеттік орнықтыру идеясын, оқу іс-әрекеті теориясын атауға болады.

Іс-әрекет теориясы философия ғылымына 18 ғасырда И.Кантпен енгізілген, бірақ алғаш рет анықтамасы Гегель жұмыстарында, Л. Фейербах және оның талдауларында, К.Маркс еңбектерінде берілді [187]. Психологияда, философияда іс-әрекеттің нақты анықтамасы жоқ. Бұл түсінік әр түрлі мағынада қолданылады.

Іс-әрекет белгілі бір адаммен немесе субъект, субъектілер бірлестігімен, белгілі адам қоғамымен атқарылады. Адам іс-әрекет субъекті ретінде жоспарлайды, ұйымдастырады, бағыттайды. Сол сәтте іс-әрекеттің өзі адамды қалыптастырады. Субъект және оның іс-әрекеті сана мен іс-әрекет бірлік принципін бейнелейді. Іс-әрекет субъектілігі оның негізгі бір сипаттамалары ретінде қарастырылады.

Біздің зерттеуге маңызды іс-әрекет сипаттамаларына тоқтала кеткен жөн. Психика дамуының А.Н.Леонтьев тұжырымдамасына сүйеніп адам мен қоршаған әлем мақсатты өзара әрекеттестілігінің белсенділігі деп қарастырамыз. Қажеттілік өз бетінше іс-әрекеттің нақты бағыттылығын анықтай алмайды. Қажеттілік өз анықтылығын тек іс-әрекет пәнінде алады: ол өзін сонда таба алады. Қажеттілік пәнде өз анықтылығын табады, берілген пән іс-әрекет мотивіне айналады [188].

Осыдан іс-әрекет мотиві және пәні оның сипаттамаларының бастысы болып табылады. Біздің зерттеу көрсеткендей адам іс-әрекетін анықтаушы сипаттама оның мақсаттылығы болып табылады. Іс-әрекет мақсаты оның негізгі бастауы болады.

Субъектіге қатысты іс-әрекетті сезіну өзіндік сананы, рефлексияны көрсетеді, субъект өз ойларын талдау кезінде өз психикалық өмірінің ағынын бақылайды, өз Менінің сипатын анықтауға тырысады. Іс-әрекет мазмұнын сезіну субъектінің мақсатты белсенділігінің пәнімен анықталады, ол біздің зерттеуімізде студенттердің оқу іс-әрекетін талдау үшін аса маңызды.

Осы аталғандардан «іс-әрекет» түсінігінің мынадай негізгі сипаттамаларын ерекшелеуге мүмкіндік береді: субъектілік, пәндік, белсенділік, мақсаттылық, сезімталдық және мотивациялау. Егер іс-әрекет жеке дара және шығармашыл болса, осы қасиеті арқылы ол адам дамуының тұлғаға бағытталғандығының басты шарты болады.

Жоғарыда айтылғаннан мынадай қорытындыға келеміз – жалпы оқытудағы тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр білім берудің негізгі міндетін шешеді – яғни адамгершілігі мінсіз, әлеуметтік белсенді, кәсіби құзыретті тұлғаның өзіндік дамуына жағдай жасауды қарастырады. Оны іске асыру оқытушы мен студенттің жаңа байланыс құруын, оның негізін субъект-субъектілі қарым-қатынас құрады. Тұлғалық-іс-әрекеттік амал тұлғааралық қарым-қатынасты рефлексивті басқаруды талап етеді. Оның мәні оқытушы мен студент бірлескен іс-әрекет мақсаты соңғысының өзіндік басқару (реттеу, ұйымдастыру, бақылау) қасиетін дамытуға бағытталған.

Сонымен, мынадай қорытындыға келеміз – тұлғалық-іс-әрекеттік амалға сүйенетін оқыту – тұлғаға бағытталған болады.

Психолог және педагогтердің ғылыми зерттеулерін талдау дамыған шетел елдерінде *тұлғаға бағытталған оқытуды ұйымдастыру* мәселесін зерттеу бірнеше бағыттарда іске асатынын көрсетті. Ең алдымен ол тұлғағалық-бағдарлы оқыту мәселесіне қатысты Американдық мектеп мақсаттары келесі талаппен қалыптасады: балаға мәдени құндылықтар қорын беру, интеллектуалды мүмкіндіктерін дамыту; оқытуды өмірмен және шынайы адами құндылықтармен байланыстыру, жұмысты балалар өзіндік ерекшеліктерін ескеріп құру, оқушыларда өз-өзіне деген құрмет сезімін дамыту, жалпы мәселелерді шешу, қоршаған орта мүмкіндіктерін пайдалану [189].

Оқыту үрдісінің мақсаты мен нәтижесі сұрақ қою мүмкіндігінен, ақпарат жинақтаудан, оқылған ақпаратқа деген сыни көзқарастан, қойылған мәселені шешуден, коммуникативті біліктіліктен талап етіледі. Сондай-ақ оқыту үдерісінде ой және идеялармен алмасу, ұжымдық-шығармашылық іс-әрекетке қатысу, өзіне сенімділігі, қойылған міндетті ұжыммен шешу білігін қалыптастыру мүмкіндігі негізге алынады.

Бұл біліктіліктер білім алушылар интеллектін дамыту негізі ретінде қарастырылады. Мұғалімге оқыту көмекшісі деген рөл беріледі. Ол білім алушының қызығушылықтарына бағытталған болуы керек. Осыған байланысты оқытуда баланың жеке тәжірибесі негізге алынады және тәжірибе алмасу барысында кеңейтіледі.

Біздің зерттеуіміз үшін шетел мектептерінің міндеттері қызығушылық тудырады. Олар – қоғамдық қызығушылықтар мен әлеуметтік мәселелерге қатысты жан-жақты мүмкіндіктері дамыған толыққанды тұлға қалыптастыру; бірінші кезекте сыни ойлауды дамыту, мәселені қоя алу және шеше білу, ақпарат ағынында тез бейімделе алу, керекті білімдерге өз бетімен қол жеткізу [190].

Тума жеке дара мүмкіндіктерін дамыту идеясы, тұлғалық мүмкіндіктердің еркін таңдау идеясына көшеді. Сонымен қатар жеке дара мәселелер дамуын шешу «ашық оқытуға» алып келді, онда біртекті бағдарламалар жойылған, оқулықтар, мектеп тәртібі мен сабақ кестесі, сабақ реті мен орны, білімді жүйелі бағалауға өзгертулер енгізілді. Академиялық мектептермен салыстырғанда олар жан-жақты және кәсіби даму идеясын ұстанады, әр түрлі бағдарламалармен және тар ауқымды кәсіби бағытта жұмыс істейді. Оқыту бағдарламаларының әртүрлілігін ұсына отырып, стандарттар тұлғаның жеке мүмкіндіктерінің дамуын тежеп, мектеп білімінің қоғам талаптарына сәйкес келмеуіне әкелетіндігін көрсетеді.

Шетел мектептерінде оқушылардың жеке мүмкіндіктерін зерттеуге басты назар бөледі және де оқытуды жеке дара ету мәселелеріне көңіл бөледі, оны игерудің басты мақсаты «өзіндік бағыттылыққа барынша бағытталған оқыту тәжірибесі» болып табылады [191]. Сыныппен сабақ аптасына 2-3 рет болады, ал қалған уақытты оқушылармен жеке өткізуге жұмсайды.

Шетелдік ғалымдар оқытуда жеке даралық ұстанымына негізделеді:

- дербес оқытуға кіріспе онда мұғалім міндеті білім алушыларды материалды өз бетінше зерттеуге ынталандыру, оны түсінуге көмек беру, арнайы қызығушылықтар мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, ақпаратты өз бетінше іздеуге бағыттау;

- үнемі дамуды қамтамасыз ету – дарынды білім алушылардың дербес ұмтылысын тежемеу, және білім алушылардың алға жылжуын жасанды түрде алға итермелемеу;

- тұлғааралық қатынас және талқылау біліктіліктерін қалыптастыру, яғни білім алушыларды өз ойын дұрыс жеткізуге үйрету, өзгелер ойын тыңдап, түсініп және бағалай алуы, өз пікірін қорғай алуы, өзге пікірін сыйлау және өзіне деген сыйластыққа ұмтылу;

- дербес бағалауға кіріспе. Дербес бағалаудағы қателік оны жариялау болып табылады, яғни бұл мықты білім алушылардың басымдылығын айқын көрсетеді, және білімі мен біліктіліктерінің бағасын оның жеке тұлғасының бағалауымен алмастыру. Ауызша және жариялау арқылы негізінен тек топ жұмысын бағалаған дұрыс деп есептелінеді;

- мұғаліммен қарым-қатынасың өзгеруі, яғни оқушыға өзіне ұнамды және сенім білдіруші мұғаліммен қарым-қатынас құруға жағдай жасайды.

Тұлғаға бағытталған үрдіс тиімділігін арттыру мәселелерінің шешіміне деген негізгі амал шетел ғалымдарының ойынша білім алушылардың мынадай топтық жұмысын атайды: өнімді ойлау, жеке бағдарламаларды зерттеу, мәселелер шешімі, пікірталас [192,193].

Біздің зерттеуімізге маңызды мәселе білім беру тұжырымдамасы болып табылады, олар білім алушылардың жеке дара және тұлғалық ерекшеліктерін есепке алуға бағытталған. Көптеген білім алушылардың саналы шығармашылық іс-әрекетке дәрменсіздігі бұл концепция аясында оларға түрлі бағдарламалармен жұмыс және ары қарай оқуға және Блум деңгейін иеленуге жағдай жасайды [195].

Шетел әдебиеттерін талдау бірқатар *тұлғағалық-бағдарлы оқыту* мәселелерін шешудің аспектілерін айқындауға мүмкіндік берді: *ұйымдастырушы формалар мен оқыту мүмкіндіктерін өңдеу, білім алушыларға керекті ақпарат алуын уақытында жүзеге асыру және оқытушы жүктемесін азайтушы техникалық құралдармен қамтамасыз ету, дербес оқыту бағдарламаларын құру, олар білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескеру, студенттердің осы бағдарламалар аясында дамуын қамтамасыз ету.*

Тұлғалық-бағдарлы мәселе бойынша шетел әдебиеттерін зерттеу мына жайттарды көрсетеді, көптеген шетел тұжырымдарында және білім беру практикасында білім беру тұлғалық-бағдарлы біліммен негізделеді, ол прогрессивті айқын ақпарат болғандықтан біздің зерттеуімізге аса маңызды болып табылады. Бала тұлғасының білім беру ұйымында дамуының көптеген теориялық бағдарламаларының көп болуы, біздің ойымызша көптеген

әдіснамалық амалдар мен тұлғаға бағытталған білім беру үрдістеріне әр түрлі көзқарастардың болуымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар шетел елдерінде тұлғаға бағытталған тұғырға деген бірегей көзқарастың болмауын атап өткен жөн. Мұндай жағдайды біз ресей авторларының зерттеулерін талдау кезінде есепке алдық.

Қазіргі ресей ғалымдары (Е.В.Бондаревская, В.В.Сериков, И.С.Якиманская) тұлғағалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасын тұтастық позициясынан қарастырады, ол пікірмен біз келісеміз [182, с. 15; 183, с. 92; 184, с. 60]. Тұлғалық-бағдарлы оқыту – *бұл тұлғаны белгілі қасиеттермен қалыптастыру емес, ал сол қасиеттердің толық ашылуына жағдай жасау, сәйкесінше білім беру үрдісінің субъектілерінің тұлғалық қызметін дамыту.* Тұлғаға бағыталған білім беру өз мақсатына тұлға қажеттілігі мен өзіндік даму күштерін құру кезінде жетеді.

Қалыптасқан тұлға құндылықты бағдарларға деген тек тұрақты дербестікті ғана емес, әлем, еңбек және қоршаған ортаны қорғау қоғамының өмір жағдайларына тәуелді болады. Тұлға – бұл адамгершілік іс-әрекет субъектісі, ол қоғам қоятын талаптарды жеңе алатын, өз өмірін еркін құра алушы адам. Тұлға өзін-өзі құрады. Ол индивид үшін ешбір сыртқы күш оның адамға айналуын іске асыра алмайды. Жеке дара мәнділік – тұлғада ғана орталықтанған емес, әлем бейнесінің де орталығы болады.

Сол себепті де біздің зерттеуіміздің теориялық негізін және әдіснамалық принциптерін анықтау кезінде, біз оқыту үрдісі субъектісінің тұлғалық қызметтерінің дамуын және оның толыққанды көрінуі үшін жағдай жасауға тырыстық, ол өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби басты сапасы болып табылады.

Тұлғалық функциялар – бұл тұста ол оның сипаттамалық қасиеттері емес, ол әлеуметтік тапсырысты орындаушы адам қасиеттері. Мұндай функциялар ретінде біз қабылдаған концепцияға сәйкес В.В.Сериковтың тұлғаға бағытталған концепциясынан төмендегілерді атап өтсек болады:

- мотивациялық (іс-әрекетті қабылдау және негіздеу);
- коллизийлік (шынайылықтың жасырын қарама-қайшылықтарын көру);
- рефлексивті («Мен» бейнесінің бекіту және құру);
- мәнді шығармашыл (өмірлік жүйе мәнін анықтау);
- креативті (өзіндік маңызды іс-әрекеттің шығармашылық сипатын қамтамасыз ету);
- өзін-өзі іске асырушы (Мен бейнесін қоршаған орта қабылдауына ұмтылу);
- өмір іс-әрекеті руханилық деңгейін қамтамасыз ету [183, с. 95].

Осы функциялардың толық болуы білім алу субъектілерінің іс- әрекетінде көрінуі білім беру үрдісі өзінің тұлғалық деңгейіне жетті деп есептеугe болады.

Индивидтің тұлғалық функцияларын дамыту үрдісінде оның тұлғалық тәжірибесі қалыптасады, ол тек іс-әрекеттен көрінеді. Әрбір іс-әрекеттің тұлғалық жағы – ол оның субъектілік бастамасы.  Өмір сүру әдісі ретінде

тұлғалық тәжірибенің болуы және оқу арақатынасының субъект-субъектілі болуы мынадан тұрады: қарым-қатынас–диалог, ойындық ойлау әрекеті, рефлексия, еркін шығармашылық.

Сонымен, *білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруде тұлғалық-бағдарлық, жеке тұлғалық іс-әрекеттік әдіснамалық тұғырлары* басшылыққа алынады. Осыған орай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде жетілдірудің тиімділігі артады. Тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік тәрбиесінің арақатынасы, аталған технологиялардың ерекшеліктері келесі тарауда қарастырылады.

# 2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МОДЕЛІ

## 2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі тұлғалық-бағдарлы технологиялар сипаттамасы

Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде білім беру мазмұны тұлғаны дамытуға, білім алушылардың ерекшеліктерін, өзіндік қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін жетілдіруге бағыт алып отыр. Осыған байланысты еліміздегі осы уақытқа дейінгі қалыптасқан тәжірибелердің озығын іріктеп, оны әлемдік тәжірибелермен сабақтастыра жүргізу, отандық педагогика ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, «жалпыға арналған білімнен» «өмір бойы білім алу» үлгісіне сапалы өтуді қамтамасыз ету қажеттігі артады. Сондықтан жоғары оқу орындарында жаңа мазмұнды білім берудегі педагогикалық үдеріс жеке тұлғаға бағдарлану технологиясына негізделіп, қоғамдағы өзгерістерге бейімделу мүмкіндігін айқындайды. Тұлғаға бағдарлану технологиясын басшылыққа алуда педагогтің шығармашылық орта құруы ғана емес, білім алушыны субъект тұрғысынан қарастырып, оның ерекше болмысын, тұлғалық қасиеттерін мойындауы есепке алынады.

Тұлғағалық-бағдарлы технологиясына бағыттап білім беру тұжырымдамалары шетелдік ғалымдардың еңбектерімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдағы жоғары оқу орындарындардағы педагогикалық үдерістер А.Маслоудың «Гуманистік тұлға теориясы» [196], К.Роджерстың «Феноменологиялық тұлға теориясы» еңбектерін басшылыққа ала отырып, ұйымдастырылып келеді [186, с. 141].

Тұлғалық-бағдарлы технологияның жобасын жасау мәселесімен Н.А.Алексеев, Е.Б.Бондаревская, В.В.Сериков, т.б. айналысты [197-199]. Зерттеушілер тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технологияларды жасауда технологияның барлық дидактикалық бөлшектеріне жеке тұлғалық мән беруді ұсынады. Олар технологиялардың жобасын жасауда дәріс алушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескерумен қоса, жеке тұлғалық қызметтерді біртұтас педагогикалық үрдіске қосудың маңыздылығын атап өтеді.

Э.Ф.Зеер, П.Е.Решетников сияқты зерттеушілер кәсіби білім беруге арналған тұлғалық-бағдарлы технологияларды ұсынады [200, 201]. Мұнда технология студенттердің кәсіби дамуының кезеңдеріне сәйкес келіп, ЖОО оқыту жүйесіне сай болу керек. М.А.Викулина, Е.А.Никодимова, Т.В.Першина, О.Н.Шахматова және т.б. еңбектері технологияның бұл түрінің әр түрлі педагогикалық жағдайларда – мектептің, лицейдің әр түрлі сыныптарында, кәсіби оқуда және білім көтеру курстары аясында іске асуының ерекшеліктерін ашып көрсетеді [202-205]. Соның ішінде олар білімді жетілдіру барысында тұлғалық-бағдарлы технология «маманның санасын қайта өзгертуге, кәсіби маңызды қасиеттерді дамытуға» бағытталатындығына аса мән береді.

Тұлғаға бағдарлану технологиясын әдіснамалық тұрғыдан негіздеген И.С.Якиманская бағдарлы оқытуда *студенттің субъектілік тәжірибесіне* сүйену керек деп есептейді. Субъектілік тәжірибе танымда айқындалатын жеке іс-әрекеттің негізі болып табылады. Сондықтан тәрбиелеу үдерісінде студенттің субъектілік тәжірибесі мұғалімнің беретін тәжірибесі арқылы мәдени сипатқа ие болып, өзгереді, дамиды, жетіледі. Ғалымның біздің зерттеуімізде басшылыққа алатын негізгі қағидалары мыналар: жоғары оқу орындарында арнайы ұйымдастырылған оқуға дейін қалыптасқан субъектілік тәжірибесі бар студенттің даралығына, өзіндік құндылығына, өзіндік ерекшелігіне басым көңіл бөлу қажет (білім алушы таным субъектісі болып табылады);

– оқу үдерісін жобалауда әлеуметтік маңызды нормативтерге сай өзгеріс енгізгенде жеке іс-әрекет ретінде қайта жаңғырту мүмкіндігі қарастырылуы тиіс;

– білім беру үдерісін жобалап, жүзеге асырған кезде әрбір студенттің тәжірибесін анықтау бойынша ерекше жұмыс жүргізіп, оны әлеуметтендіру (мәдениеттендіру) қажет; оқу әрекетінің қалыптасып жатқан тәсілдерін бақылап отыру керек;

– түрлі мазмұндағы тәжірибе алмасуға бағытталған оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығын іске асырған жөн, білім беру үдерісіне қатысушылардың арасында ұжымдық бөлінген жұмысты арнайы ұйымдастыру қажет;

– білім беру үдерісінде оқытумен берілетін қоғамдық тарихи тәжірибе мен оқуда жүзеге асырылатын студенттің субъектілік тәжірибесі кездеседі;

– екі түрлі тәжірибенің (қоғамдық-тарихи және жеке) өзара әрекеттестігі жеке тәжірибені ығыстырып, оның орнына қоғамдық тәжірибені молайту бағытында емес, олардың үйлесімдігі негізінде, студенттің таным субъектісі ретінде жеке өмірінен жинағандарын пайдалану бағытында жүзеге асырылуы тиіс;

– білім алушының жеке тұлға ретінде дамуы (әлеуметтенуі) оның нормативтік әрекеттерді меңгеруі арқылы ғана емес, сондай-ақ өзіндік дамудың маңызды негізі ретіндегі субъектілік тәжірибенің үнемі байып, өзгеріп отыруы арқылы жүзеге асырылады;

– оқудың негізгі нәтижесі тиісті білімдерді меңгеру негізінде танымдық қабілеттерін қалыптастыруы тиіс [184, с. 67]. Ғалымның белгілеуінше, тұлғаға бағдарлы оқытуда осы кезге дейінгі қалыптасқан адамгершілік құндылықтарға, студенттің субъектілі тәжірибесіне сүйену керек.

Тұлғалық-бағдарлы тәрбиені іс жүзінде тәжірибеге енгізген ғалымдардың бірі Н.Е.Щуркова [65, с. 188]. Оның бағдарламасындағы басты талаптар мыналар болып табылады:

- тәрбиеге жалпыадамзаттық мәдениет тұрғысынан келгендегі педагогикалық көзқарас;

- педагогикалық үдеріс барысында жалпыадамзаттық мәдениетке енуді педагогикалық түсінік негізінде игеріп, қолдану;

- тәрбие үдерісінің мазмұнын анықтауда адамдық, кісілік өмірге лайықты құндылықтар жүйесін белгілеу, ал білім мен біліктілікте адамның дүниеге қатынасын анықтайтын құрал деп қарау;
- студенттің даму деңгейіне лайықты өмірлік мәселелерді сатылы түрде анықтап, баланы өз өмірінің субъектісіне айналдыру;
- студенттің күнделікті өмірін тәрбиелік үдеріске айналдыру;
- өмір сүрудің философиялық және педагогикалық мазмұнын үздіксіз шешуге, сонымен қатар оны іске асыру барысында туындайтын мәселелермен бірге, әркімнің лайықты өмірі мен соған жету жолындағы жауапкершілікті, өмір жолын өз еркімен таңдай білуге тәрбиелеу.

Педагогикалық жобалау нысаны болып табылатын тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технологияны біртұтас жүйе ретінде бірнеше көзқарас бойынша қарастыруға болады. Бұл *тұжырымдамалық сипаттама* (ойлар, болжамдар, ұстанымдар, құндылықтар мәні), *мазмұндық сипаттама* (білім берудің көлемі мен сипаты, оқу материалының дидактикалық құрылымы), *үрдістік сипаттама* (ұйымдастырушылық түрлердің, қолданылатын тәсілдер мен әдістердің ерекшеліктері, технология кезеңдері), *жеке тұлғалық топтама* (жеке-дара ерекшеліктері, құндылықтары, педагогикалық өзара әрекеттестік субъектілерінің жеке тұлғалық мәні).

Технологияны жобалау нәтижесі ретінде мынадай шарттардың барлығы орындалған кезде ғана тұлғалық-бағдарлы деп есептеуге болады, олар: мақсат бағыты – жеке тұлғалық іс-әрекеттерді дамыту; технология кезеңдерінің жеке тұлғаның даму қисынына сәйкес болуы; жеке кезең және жалпы жағдайларда жеке тәжірибеге сүйену, студенттің тіршілік әрекетіне сәйкес оқыту; жеке тұлғаның жеке-дара дамуын қолдау, жекелендіру; оқыту түрлері, әдістері мен құралдарының интегративті бірлігі, оқыту мазмұны мен құралдары арасындағы шектердің болмауы; оқу материалын жеке тұлғалық мәнге ие мәселе тұрғысынан игерту; педагогикалық үрдіс субъектілерінің өзара әрекеттестігі тәсілдерін көрсету: диалог құра білу, серіктестік, ойын; еркін шығармашылық іс-әрекет үшін еркіндік беру; педагогикалық іс-әрекет субъектілерінің жеке тұлғалық қызметтерін жүзеге асыруға негізделген түрткімен қамтамасыз ету; ұстаздың бір тәртіппен және шығармашылықпен жүзеге асырылатын іс-әрекеттерінің ара жігін анықтау [183, с. 89].

Алайда көптеген еңбектерде тұлғалық-бағдарлы технологияны сипаттау тәсілінің білім берудегі тұлғалық-бағдарлы тұрғының сипаттамасынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Зерттеушілер білім берудің тұлғалық-бағдарлы технологиясына *диалог құра білу, іс-әрекеттік-шығармашылық сипат, білім алушының жеке-дара дамуын қолдауға бағыттылық, өз бетінше шешім табуға, таңдау жасауға еркіндік беру* сияқты талаптар қояды.

Кейбір еңбектерде тұлғалық-бағдарлы технологияны жобалау мүмкіндігіне сенімсіздікпен қарайды. Баланы дамыту мәселелерін «тұлғалық-орталық» білім беруде қарастыра келе, ғалымдар мынадай қорытынды жасайды: «Мұндай мәселені белгілі бір технологияны қолдана отырып шешу

мүмкін емес». Зерттеушілер жеке тұлғаның қалыптасу мен даму жолын алдын ала суреттеу мүмкін емес дейді, білім беру ортасының технологиясының жобасын жасау, жеке тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік тудыру туралы айтқан дұрыс дейді [206].

Осы ойды керісінше дәлелдейтін ғалымдар да жоқ емес. Мәселен, М.В.Кларин білім беруді технологияландырудың шетелдік тәжірибесін жалпылай келе, барлық технологиялардың осал тұстарын атайды, оның пікірінше, олар педагогикалық технологияның ең үлкен кемшілігін – «жеке тұлғаны елемеуді» тудырады. Бұл технологияның ерекшелігі болып өнімділікке бағдарлануы, түрткінің аяғына дейін ойластырылмауы, жүзеге асыруға деген ұмтылыс табылады [207].

Тұлғалық-бағдарлы технологиясының теориялық негіздеріне талдау жүргізген Е.В.Бондаревская білім беру сапасының қоғамдағы мәдениет дәрежесіне сәйкес болу ұстанымын ұсынды. Педагогикада тұлғаға бағдарлап тәрбиелеудің міндеттерін шешудің түрлі нұсқалары мен құралдары кездеседі [198, с. 117]. В.В.Сериков өз үлгісінде оқу үдерісі субъектілерінің төменде берілген жеке тұлғалық қызметін толық көрсету және дамыту үшін жағдайлар жасау қажеттілігін ерекше атап көрсетеді: уәждеу (әрекетті қабылдау және негіздеу), байланыстыру (сыртқы әсерлер мен ішкі сананың түрткілеріне қатысты), коллизиялық (өмірдің жасырын қайшылықтарын көру), сыни (сырттан ұсынылатын құндылықтар мен қағидаларға қатысты), рефлексивтік, мағыналы-шығармашылық, бағдарлы (дүниенің жеке бейнесін – жеке дүниетанымды құру), ішкі дүниенің өзін-өзі реттеуін және орнықтылығын қамтамасыз ететін қызметтер, шығармашылықпен, жасампаздықпен, өзінің міндеттерін жүзеге асыру (өзін айналасындығыларға мойындатуға талпыну), өзі талабына орай рухани деңгейін қамтамасыз ету [199, с. 91]. Бірақ мұндай әдістеме, біздің ойымызша, білім беру, тәрбиелеу мазмұнын және оны жүзеге асыру технологиясын анықтауды қиындатады.

Н.А.Алексеев жеке тұлғаға бағдарланған тәрбиелеу мәнін, бір жағынан оқушы мен мұғалімнің байланысымен, екінші жағынан, оның мәдениетте танылуы арқылы өзінің жеке тұлғасын құруынан тұратын «мәдени акт» деген түсінікпен байланыстырады. Автор оқыту үдерісін студенттердің ерекшеліктерін, оқу материалының мазмұнын, пайда болатын оқу жағдаяттарын және өзінің жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, педагогтің өзі жасаған және накты оқу жағдайына байланысты бейімдеуге болатын авторлық инварианттық технологиялар негізінде құруды ұсынады [197, с. 102]. Бірақ бұл мәселені жүзеге асыру технологиясын автор аяғына дейін ашып көрсетпеген. Дегенмен, біздің зерттеу жұмысымызға ғалымның төмендегідей пікірі жақын келеді. Ол тұлғаға бағдарлану үлгісін субъективті және тұлғаға бағдарлана оқыту деп екіге бөледі. Субъективті бағдарлана оқыту студенттің қиялын тәрбие үрдісін ұйымдастыруда өздігімен дербес, «операциялық-техникалық» мәндегі белсенділігін дамытуға бағытталады. Бұл жағдайда студенттің тәрбие

үрдісі жанама өнім болып қаралып, кейде танымдық, рухани тұлғалық қалыптасу аймақтары шектеледі.

Тұлғаға бағдарлану технологиясы жалпы теориялық тұрғыда білім мазмұнының мәніне қатысты көзқарастарды өзгертті. Ғалымдардың еңбектерінде «білім мазмұны» ұғымының өзара бір-бірін толықтыратын мынадай анықтамалары беріледі:

– білім мен дағдылар; шығармашылық еңбек тәжірибесі мен сезім-ерік қатынастарының педагогикалық тұрғыда бейімделген жүйесі; қоғамның материалдық және рухани мәдениетін жаңғыртып, сақтау мен дамытуға дайын тұлға қалыптасуының объективті шарты болып табылады (И.Я.Лернер; М.Н.Скаткин) [79, с. 212; 80, с.191];

– студенттердің жеке тұлғасының дамуына бағытталған оқытудың мақсаттары мен үдерістің аспектілеріне сәйкес сұрыпталған әлеуметтік-мәдени тәжірибенің бір бөлігі (Б.М.Бим-Бад; А.В.Петровский) [82, с.167; 85, с. 201]:

– тұлғаның қасиеттері мен ерекшеліктерінің ілгерілеп өзгеру үдерісінің мазмұны, оның қажетті шарты – тәрбие мен даму тәжірибесін меңгеруге бағытталған арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет (Краевский В.В., Леднев В.С.) [81, с.36.; 83 с.63]:

Қазақстанда мектептегі, жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың гуманистік, кіріктірмелі, даралау және саралау негіздерін қалыптастыруда Ж.И.Намазбаева, Ә.М.Мұханбетжанова, А.А.Бейсенбаева және т.б. еңбектерінің теориялық және практикалық мәні зор [54, 214 б.; 87, 357 б.; 91, 13 б.]. Ә.М.Мұханбетжанованың зерттеуінде тұлғаға бағдарлы білім берудің негізгі ерекшелігі педагогикалық технологияға қатысты қарастырылады. Оның негізі *түсіндіруден түсінуге, монологтан диалогқа, әлеуметтік бақылаудан дамытуға, басқарудан өзін-өзі басқаруға көшу, ал педагогтың негізгі міндеті қарым-қатынас* болып табылады [87, 34 б.].

Тұлғаға бағдарлы технология түрінде оқу-тәрбие үдерісінде қолданылып, бірқатар зерттеу жұмыстары арналуда. С.М.Бахишева гимназияны тұлғаға бағдарлы технология негізінде басқару – *білім беру субъектілерінің өзіндік сапаларының қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін ұстанымдарға, шарттарға және іс-әрекеттерге негізделген өзара қарым-қатынастар*» деген анықтама береді [208].

Ғ.Карашевтің еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеуде жеке тұлғаға бағдарлану терминін қолданылмаса да, негізгі ойлары осыған тоғысады. Автор өз оқулығында мұғалім қызметі туралы айта келіп, «Мен бала тәрбиешісінің бала тәрізді болуын артық көрер едім. Осындай болғанда тәрбие берушінің шәкіртіне ең жақын жолдас, ең сенімді сырлас болып, оның түрлі жолдармен ортақтасар, бөлісер еді. Оқушының әрбір істейтін ісі «сен солай ет»,– деп айтылғаннан емес, сол нәрсені істеуі өз ойынан болуы тиіс... Оқушыны іс-әрекетіне үнемі тыйым салу арқылы оны көнбіс, жуас, өзіне қажеттіні ала алмайтын, шыдамды, сыр білдірмейтін етіп шығаруға болады» деген [209]. Ұстаздың бұл ойын әлі де педагогикалық әрекеттерінде, тәрбие жұмыстарында

өктемділік стильді басшылыққа алып келе жатқан педагог қауымы ескеруі қажет деп санаймыз.

Сонымен, тұлғаға бағдарлы амалдың негізіне студенттің даралығын, әрбір студенттің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік құндылығын мойындау алынады, оның дамуы «ұжымның субъектісі» емес, субъективтік тәжірибесіне сүйенген индивид тұрғысынан көрінуі тиіс.

Біз жоғарыда айтқан ғалымдардың тұлғалық-бағдарлы технологияға қойылатын басты талаптарын, олардың ерекшеліктерін негізге ала отырып білім беру жүйесіндегі дәстүрлі технология мен тұлғағалық-бағдарлы технологиясының мазмұнын салыстыруға талпындық. Оны 4-кестеден көруге болады. Дәстүрлі оқытуда оқу мазмұнының үзіндісі мен оның іс-әрекеттік-үрдістік қамтамасыз етілуі болса, тұлғалық-бағдарлы білім беруде жобалаудың құрамдас бөлігі материалдың үзіндісі емес, жеке тұлғаның өміріндегі оған біртұтас өмір тәжірибесі тұрғысынан қарастырылуы мүмкін.

Кесте 4 – Білім беру жүйесіндегі дәстүрлі технология мен тұлғағалық-бағдарлы технологияның салыстырмалы сипаттамасы

| Жалпы сипаттамасы | Білім беру технологиялары | |
|---|---|---|
| | Дәстүрлі, білімге бағдарлы | Тұлғалық-бағдарлы |
| 1 | 2 | 3 |
| Кешенділік, біртұтастық | - Барлық элементтердің бағынуы<br>- Оқыту технологиясы мен тәрбиелеу үдерісінің бөлінуі<br>- Білім алушыларға ортақ ақпарат және бірдей көлемде материалдардың таңдалуы. | - Құндылық бағдарлы жүйе<br>- Динамикалық, кіріктірушілік, тәрбиелілік сипаты<br>- Әрбір білім алушының жеке ерекшелігіне қарай материалдар таңдалып, соған байланысты тапсырмалар ұсынылуы. |
| Тұжырымдамалық, дамытушылық | - Ақпараттық, оқытуды қарқындандыру, толық игеру<br>- Тұлғаның белгілі бір сапасын дамытуға бағыттылық;<br>- Индукция | - Тұлғалық даму траекториясын жобалау<br>- Тұлғалық өзін-өзі дамыту заңдарымен әлеуетін ашу және белсендіру<br>- Дедукция |
| Логикалық, алгоритмикалық, процессуалдық, сабақтастық | - Ұйымдастырушылықтағы нақтылық<br>- Бірегей уақыттық алгоритм<br>- Кезеңдердің қатаң белгіленген бірізділігі<br>- Ақыл-ой іс-әрекетінің ерекшелігі, білімді игеру ерекшеліктері, материал үзіктері кезеңдерді бөлуге арналған негіз болуы | - Алгоритмнің бейімділігі, жекелендірілуі<br>- Технологияны құруда тұлғаның даму үдерісін, өміріндегі оқиғаларды, өмірлік тәжірибесін негізге алу<br>- Оқу материалын тұлғалық маңызды жағдаяттар мен мәселелерге айналдыру.<br>- Студенттер тәрбие жұмысының мазмұнын, күрделілігін |

4 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | - Барлығына бірдей арнайы құрылған оқу материалы және оны меңгеру қабілеті.<br>- Тапсырмалар мазмұны, өткізу формасы оқытушы тарапынан құрастырылады. | және оны өткізу формасын өздері құрастырады. |
| Диагностикалық, Болжамдық, тиімділік | - Мұғалім – басқарушы;<br>- Бір мағыналылық;<br>- Тексеру;<br>- Уақытты аз жұмсау ресурстарды тиімді жұмсау;<br>- Әдістемелік қолжетімділік. | - Мұғалім – көмекші.<br>- Диалогті,<br>- Субъект- субъектілік қарым-қатынас;<br>- Өзін-өзі басқару;<br>- Рефлексия;<br>- Вариативтілік, икемділік;<br>- Уақытты белгілемеу, айтарлықтай уақытшалық аралық;<br>- Шығармашылық әрекет. |

Сондай-ақ, тұлғалық-бағдарлы педагогика мен дәстүрлі педагогикасының негізгі айырмашылығы оқыту мен тәрбие нәтижесіне емес (өзіңді қалай ұстайсың), жеке тұлғалық қызметті тәрбиелеу үрдісіне (бұған қалайша жеттің) бағытталуында екендігін атап кеткен жөн. Сондықтан технология үшін нәтижеліліктің мұндай түрі технология ретінде оған тән болса да, дәріс алушының жеке тұлғасының даму үрдісіне сай келетін үрдістік бөлімнің ерекшелігі оны тұлғалық-бағдарлы етеді.

Педагогикалық бірлік тұрғысынан технологияның негізгі ерекшеліктерінің бірі – белгілі бір мақсаттың болуы, алға қойған мақсатқа жету үшін бірнеше қадам арқылы бірізді әрекеттерді жасау керектігі. Педагогикалық технология туралы әрекет тәсілі алдын ала белгілі, әр қадамы жазылып қойған кезде ғана сөз етуге болады, «кез-келген технологияны жүзеге асыру дегеніміз белгілі бір тәртіпке бағынуды» білдіреді. Г.К.Селевко педагогикалық еңбектерде жиі шатастыратын «технология» және «жүйе» ұғымдарын ажырату үшін, технологияға қатысты педагогикалық іс-әрекет субъектілерінде болатын уақыттағы өзгеріс үрдістері туралы айтатын болса, педагогикалық жүйе «статистикалық сурет» болып табылады дейді [210]. Ал, С.Е.Шишов, Л.Фридман Технология дегеніміз «белгілі бір педагогикалық үрдістің қисынды дәлелденген, уақыт аралығына созылған, тұтас әрі ұйымдастырушылық жағынан аяқталған тәртібі...» деп түсіндіреді. Педагогикалық технологияны, оның ішінде тұлғалық-бағдарлыны, нақты, қатаң тәртіпті қолданумен теңестіруге болмайды, оның әрдайым бірнеше нұсқасы болатындығын, оның икемділигін көрсетеді [211-212]. Бұдан тұлғалық-бағдарлы технологияда *білім алушыға еркіндік беру, оның қызығушылығы мен сұранысын ескеру, даралап қарауға бағыттау және педагог пен студенттің педагогикалық іс-*

*әрекеттің тең субъектісі ретінде білім алушыға шығармашылық мүмкіндік беру* басты болып табылады.

Технологияны, оның ішінде тұлғалық-бағдарлы технологияны жасауда үрдістік бөлшектің маңыздылығын атап көрсетеміз, өйткені белгілі кезеңдерді айқындау мен қисынды құрылымның болуы жеке тұлғаның дамуының ықтималдық технологиясын басқа педагогикалық жағдайларға айналдыруға мүмкіндік береді. Үрдістік бөлшектің мазмұнын (тәртібін, білім беру үрдісінің субъектілерінің әрекеттерінің ретін, рәсімдердің бірізділігін) жасау үшін негіз табу тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технологияны құрудың күрделі әрі аз зерттелген жағы болып табылады. Кейбір зерттеушілер тұлғалық-бағдарлы технологияны енгізу кезеңдерін ғана бөліп көрсетеді.

Тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технологияларды жобалаудың өзіндік ерекшелігі бар. Оның мәні мынада: педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру үшін оның жобасы қажет, бірақ жобаны жасауға болмайды, өйткені жобаланатын объектілердің мінез-құлқын болжау мүмкін емес.

Біз белгілі бір кезеңдерді айқындау, дидактикалық бірліктердің іріленуі, тұлғалық-бағдарлы технологияның оқу материалының құрылысымен емес, жеке тұлғаның даму үрдісімен байланысты болу керек дегенді баса айтамыз. Г.Ю.Ксензованың айтуынша, технология іс-әрекеттің заңдылығын көрсетеді, мұғалім педагогикалық заңдылықтарды жақсы білсе, оның іс-әрекеті де тиімдірек құрылып, технологиялар да нақтырақ пайдаланылады. Тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технологиялар жағдайында жеке тұлғалық даму заңдылықтары жайлы сөз болады [213]. Осылайша, тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технологияның іс-әрекетке негізделуі тұлғалық қасиеттің өзіндік дамуына себеп болады деп тұжырымдаймыз.

Тұлғалық-бағдарлы технологияларды жасау туралы біздің ойымызға ғылымдағы мұндай технологиялардың үрдістік бастауының дәріс алушының ішкі мүмкіндіктері мен қабілеттерінің дамуымен байланысты болатыны дәлел бола алады. Тұлғалық-бағдарлы білім берудің оқушылардың жасына қарай басты мақсаттарын анықтау арқылы Е.В.Бондаревская мектепте білім алу барысында оқушылардың тұлғалық қасиеттерінің даму үрдісін айқындай алды, бұл – білім беру, жетілдіру, дағдыландыру кезеңдері [198, с. 35] деп атаса, В.В.Шоганның білім беру субъектілерінің өзіндік ілгерілеу сатылары болып дүниеге келгеннен бастап, бірлескен шығармашылықта және шынайы қарым-қатынастарда қызығушылығының артуы мен өмірлік шығармашылыққа деген ұмтылысының жоғарылауы да адамның рухани қасиетінің даму үрдісінің кезеңдері табылатындығын көрсетеді [214].

Алайда, біздің ойымызша, жоғарыда аталған технологияларда жеке адам тәжірибесінің қолданысы жеткіліксіз, оларда студенттің жеке тұлғасын мәдени мәнге, құндылықтарға толтыру тұсы бар да, дәріс алушының тұлғалық дербестігі технологияның барлық кезеңдерінен көрініс таппаған.

Әдебиеттерге жасаған талдау бізге тұлғалық-бағдарлы технологияларға қойылатын мынадай талаптарды бөліп қарастыруға мүмкіндік берді:

*мақсатты алдын-ала зерттеу, технологиялық айналымның басқа педагогикалық жағдайларда көрініс табуы, өзгермейтін және өзгеріп тұратын құрамдас бөлшектердің үйлесімі, нәтижелік, реттілік, міндеттер мен нәтиженің сәйкестігі, модульдік сипат, біріздiлiк, кейбір кезеңдер мен рәсімдердің тәртібі, басқару және түзету мүмкіндігі, жылдам кері байланыстың болуы, бақылаудың өлшемділігі, біртұтастық, тиімділік, үнемділік.* Педагогикалық әдебиеттерде көрсетілген технология белгілері педагогикалық үрдістің технологтілігінің негізгі төрт өлшемі бойынша біріктіріледі: *жүйелілік, ғылымилық, құрылымдылық, басқарымдылық.* Олардың білім берудің дәстүрлі және тұлғалық-бағдарлы технологияларында жүзеге асырылуы әр түрлі болады.

Осы айтылып өткендер негізінде «технология» терминін рухани-адамгершілік білім беруге қатысты қолдану айтарлықтай шартты, белгілі бір шектеулерге ие, себебі, бұл ұғым көбінесе педагогикадағы технократиялық бағыттың жүзеге асуы болып табылады. Бұл жағдайда оқу-тәрбие үдерісі білім алушыларды сырттай басқару олардың бойында *әлеуметтік қажетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру* ретінде қарастырылады.

Ғалымдардың көзқарасына сәйкес тәрбие үрдісінің тұлғаға бағдарлануы деп студенттерді тәрбие үрдісінде өзін өздігінен жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзін тәрбиелеу, ішкі жан дүниесін жетілдіру, өзін-өзі тануы негізінде жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағыттау деп түйіндейміз.

Тұлғалық-бағдарлы технологиялардың студенттердің рухани-адамгершілігін қалыптастыруда арқау болатын тұстары мол. Өйткені тұлғаға бағдарлы білім берудің басты идеясы – оқыту үрдісіндегі гуманистік, рухани-адамгершілік қатынастарды қалыптастыру. Ғалымдардың пікірінше, тұлғаны құндылық ретінде қабылдау амалы оның ерекшелігін, даралығын дамытуға ықпал етеді.

Рухани-адамгершілік тәрбие беруде студенттің субъектілі тәжірибесі мен танымының ішкі құрылымын, қабілеттер мен таным стратегияларын ескеруді қажет етеді. Сондықтан тәрбие үрдісін тұлғаға бағдарлы технологияда жүзеге асыруда студенттің ішкі жан дүниесіне, ізгілікке бағыттайтын, интеллектуалды ахуалын қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуын бағыттайтын кәсіби құзыретті, жаңаша ойланатын педагог қажет.

Тұлғаға бағдарлану технология тәрбие үрдісінің барлық компоненттеріне және біртұтас педагогикалық үдеріске әсер етеді. Осы технология бойынша тәрбие үрдісіндегі қойылған мақсаттың икемділігі және іс-әрекетті ұйымдастыруда студенттің жеке қызығушылығы ескеру нәтижелі еңбектің алғы шарттары бола алады. Сол сияқты студенттің тәрбие үрдісінің белсенді субъектісі, адамгершілік құндылықтарды меңгертуді қамтамасыз ететін әдістер таңдалады. Жеке тұлғаға бағдарлану технологиясы бойынша студент тәрбие үрдісі субъектісі ретіндегі тек білімді меңгеріп қоймайды, осы әрекеттен тәжірибе жинақтауға және өмірге қажетті дағдыларын, рухани адамгершілік сапаларды қалыптастыруға қол жеткізеді.

Тұлғаға бағдарлану технологиясы студенттердің тәрбие үрдісінің ерекшелігін ескере отырып, субъекті-субъектілі байланыс негізде құрылуына ықпал етеді. Сондықтан  студенттің тәрбие үрдісі тек орындаушылық сипатта ғана болып қоймайды, ол өзі құрастыратын, қойылған мақсатқа жетуде әрекеттерін, орындау амалдарын таңдайды, оның орындалуын және нәтижесін бақылайды. Біздің көзқарасымыз бойынша, тек осындай іс-әрекетте ғана студенттің ішкі жан дүниесі, жағымды мінез-құлқының нормаларын меңгеруі қалыптасып, дамиды.

Тұлғаға бағдарлы амал негізіндегі технологиялар *тұлғалық сапаларды қалыптастыру, тұлғалық өсу, стратегиялық іс-әрекетке қабілетін дамыту, креативтілігін, сыни қарауын, қажеттілік пен түрткісін, өзін-өзі анықтау қабілетін, жағымды Мен-тұжырымдамасын және өзін-өзі дамытуға* бағытталады.

Қазіргі жағдайда гумандық  педагогика теориясы бойынша баланың тұлғасы жалпы адамзаттық құндылық ретінде қаралып, «тұлғалық-бағдарлы білім беру», «тұлғалық-бағдарлы тәрбие», «тұлғалық амал» ұғымдарымен тепе-тең болып қолданылады. Тұлғаға бағдарлы педагогика бойынша тәрбие үрдісінде баланың даралығы ескеріліп, жеке қызығушылығы және шынайы қажеттілігі жүзеге асады, баланың жеке тәжірибесі тиімді жинақталады. Тұлғаға бағдарлы амал тұлғаның тәрбие үрдісіндегі орнын анықтап, оны осы үрдістің белсенді субъектісі ретінде танытып, субъект-субъектілі қатынасқа түсіруге ықпал етеді. Тұлғаға бағдарлы технологиямен жұмыстың басты ерекшелігі жеке дара жұмыс. Жеке дара жұмыс – әрбір тұлғаның жеке даму ерекшелігін ескеріп ұйымдастыратын педагогтің іс-әрекеті.  Тәрбие үрдісіне даралап және саралау амалы жас, жыныстық, тәрбиелілік деңгейіне байланысты тәрбие міндеттерін жүзеге асырады.

Саралау тұлғалық сапаларын, қызығушылығын, бейімін  зерттеуге бағытталады.  Саралау амалы бойынша тәрбиеленушілер зияткерлігі, мінез-құлқы, жетекші адамгершілік, тұлғалық сапаларының ұқсастығы бойынша топтастырылады.  Бұл жұмыстың тиімділігі педагогтердің кәсіби біліктілігіне және шеберлігіне байланысты болып, тұлғаны зерттей алу біліктілігі, әрбір адамды жеке дара деп қабылдау, дене және қайталанбайтын психологиялық ерекшелігінің сәйкестігі, белгілі бір адамға тән қасиеттерді білу және оның басқалардан айырмашылығын түсінеді.    Осыларды ескере отырып педагог тәрбие ықпалының формасын, әдістерін таңдайды.  Бұл педагогтерден тек педагогикалық білімді талап етіп қоймайды, диагностикалық негізде психологиялық, физиологиялық, тәрбиенің гуманистік технология туралы білімін талап етеді.

Н.Е.Щуркова оқушылармен жеке жұмыста мынадай ұстанымдарды ескеруді ұсынады:

- «педагог-оқушы-сынып» деңгейінде іскерлік және тұлға аралық қатынастарды дамыту және жолға қою;
- тұлғаның өзін-өзі бағалауын құрметтеу;

- тәрбиеленушінің қабілетін және сапаларын анықтауда барлық іс-әрекет түріне араластыру;

- таңдаған іс-әрекет барысында талапты бірте-бірте күрделендіріп және көтеріп отыру;

- өзін-өзі тәрбиелеуді ынталандыру және психологиялық жағдай туғызу[65, с.97]. Жоғарыда аталған ғалымдар еңбектерін талдау негізінде студенттермен жеке жұмыстың мынадай кезеңдерін бөліп көрсетуге болады:

1 кезең. Жеке жұмысты бастамас бұрын педагог немесе эдвайзер тұлғаға бағдарлы технологиясының ғылыми-әдістемелік негізін зерттеу, тәрбиеленушілермен достық қарым-қатынаста болу, бірлестіктегі ұжымдық қызмет ұйымдастыру, әрбір тәрбиеленушіге жеке диагностикалау жұмысын жүргізу.

2-кезеңде педагог түрлі іс-әрекет оқу-танымдық, еңбек, спорттық және шығармашылық барысында тәрбиеленушілердің тұрақты рухани адамгершілік қасиеттерін, қабілетін мінез-құлқын бақылайды және зерттейді.

3-кезеңде тәрбиеленушілердің тәрбиелілік деңгейіне байланысты жеке жұмыстар жүргізіледі. Педагогтер студенттердің құндылық бағдарын, тұлғалық сапасын және қасиеттерін дамытуды жоспарлап жобалайды. Тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуды жобалауда олардың идеалдық нұсқасымен бар деңгейлерін салыстырып отырады.

4-кезеңде тәрбиеленушілерді зерттеу әрі қарай жалғастырылады. Оның мінез-құлқы және түрлі жағдайдағы қатынасы жобаланады, мүмкіндігі, қызығушылығы, мінез-құлқы, тұлғалық қатынасы мен қажеттілігі ескеріліп тәрбие жүйесі жүргізіледі. Бұл кезеңде тәрбиелеудің жалпы әдістері және әрбір тәрбиеленушінің ерекшелігіне қарай бөлек әдістер қолданылады.

5-кезеңде тәрбиеленушімен жеке жұмысқа түзету жүргізіледі.

Сонымен, бүгінгі таңда гумандық педагогикада тұлғалық-бағдарлы тәрбиеге ерекше көңіл бөлінуде. Адам қоғамдағы өзінің орны мен міндетін саналы сезінетін, өзінің даралық сипатына сай іс-әрекет ететін тұлға. Яғни, тұлғалық-бағдарлы педагогикада тұлғаны мәдениетке ендіріп, жеке басқа тән қасиеттерін дамыту, адамның ішкі жан дүниесіне назар аударып, өз мақсатын іске асыруы, өзін-өзі ізгілендіруі, жеке тұлғаның даралық даму бағытын анықтауды ұстануы қажет. Тұлғаға бағдарланған технология негізінде тұлғаның руханилығы – оның гуманистік бағыттағы дүниелік қатынастарға енеді, студенттер адамзат санасынан туындаған дүниелік құндылықтарды бойына жинақтап, сол арқылы дүниеге тұлғалық мәндегі объект деп қарайды. Өмірге осындай дүниелік қатынастан, өмірге қанағаттанбаудан тұлға ізденіске түсіп, өзін-өзі дамытады, рухани-адамгершілігі қалыптасқан тұлғаға айналады. Студенттерінің рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі ең қолайлысы тұлғалық-бағдарлы технология болып саналады. Студенттің руханилығын мойындап, оның ішкі күштерінің ашылуын, сосын ғана оның қасиеттерінің жинақталуы мен молаюын көрсек дейміз.

Тұлғалық-бағдарлы технологиялар әр тұлғаның мүмкіндіктерін ескереді және оның мүмкіндігін кеңінен ашуға бағытталған: *жобалау іс-әрекеттері, бірлесіп жұмыс жасау, ойын арқылы оқыту технологиясы, даралап оқыту технологиясы* және т.б. Бұл технологияларды пайдалану мынандай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- әр тәрбиеленушінің топтағы жұмыстарға қызығушылығын танытуға жағдай жасау;
- тапсырмаларды қорықпай, қатесіз орындатудың және өз ойын айтуға қызығушылығын, шығармашылықпен әрекет етуін арттыру;
- бастамашылдық таныту, өздігімен ойлауға өздігімен баға бере білуге;
- айналасындағылар құрметпен, басқаның ойын тыңдай білуін қолдау.

Балаға әлеуметтік тәжірибені іс-әрекетте меңгерту арқылы тұлғасын дамыту идеясы психология ғылымында басым орын алды. Бірақ студенттің тұлғасы өзгергіштігімен ғана емес, сонымен бірге бірқатар тұрақтылығымен ерекшеленеді, бұл студенттің өзіндік дамуына мүмкіндік береді. Студенттің әлеуметтік тәжірибені меңгеруінің шарты ретінде оның іс-әрекетін, ал бұл тәжірибені таңдау және бекітудің, оны даралыққа айналдырудың құралы ретінде әсерленуін атауға болады. Педагог үшін студенттің өзінен-өзі бөлектенбейтін қарым-қатынасы мен іс-әрекет формаларын ұйымдастыру маңызды. Студенттің рухани адамгершілік туралы білім, білік және дағдыларды меңгеру қажеттілігі болған жағдайда нәтижелі болады. Білім, білік және дағдыларды меңгеруге деген студенттің қажеттілігі тәрбие үрдісі арқылы пайда болуы керек. Бұл жағдайда студенттің ересектер ұсынатын талаптарға бағдарлану мүмкіндігі емес, өзіндік даралығына (темперамент, мотивация, қабілеттер ерекшеліктері және т.б.) бағдарлану мүмкіндігі пайда болады.

Сонымен, даралық – адамның өмір тіршілігіндегі қоғамдық-тарихи шынайылықты, адамгершілік құндылықтарды, мәдениетті дамыту субъектісі ретінде қайталанбайтын психикалық өзгешелігі. Студенттердің даралығы тәрбие үрдісінде қабілетін, тәжірибесін дамытудың бірлігімен анықталады. Оқытушылар студенттің тәрбие үрдісін әрбір студенттің даралығы мойындалатындай және құрметтелетіндей етіп ұйымдастыруы қажет. Студенттердің көпшілігінде іс-әрекеттің белгілі бір түрлеріне немесе мазмұнына деген қызығушылықтары мен қабілеттерінде айырмашылықтар байқалады, бұл іс-әрекет ойлау типіне қарай пайда болады.

Қазіргі кезеңде студенттің тұлғасын дамыту жайында келелі сөз болып жатқан шақта, тәрбиенің басты ұстанымы ретінде баламен тұлғаға бағдарланған өзара әрекеттестікте болуына баса көңіл бөлініп отыр. Зерттеулердегі талдау көрсеткендей, субъект-субъектілі қатынастарда құрылған өзара іс-әрекеттің тұлғаға бағдарлы үлгісі студенттің даралығын толыққанды дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды, себебі студенттің психологиялық тұрғыда қорғау сезімін және дүниеге деген сенімін қамтамасыз етеді.

Мұнда субъект-субъектілі байланыстардың мәні теріске шығарылмайды, негізгі әрекет етуші адам ретінде тәрбие үрдісінің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыратын педагогпен бірлескен әрекеті алынады. Себебі бала тәрбие үрдісінің субъектісі ретінде дербестігін, тәжірибесін, шығармашылығын тәрбие үдерісінің алгоритмін және жалпылама рухани-адамгершілік біліктерін жеткілікті дәрежеде меңгерген жағдайда ғана көрсете алады. Осыған байланысты, тәрбие үрдісінде студенттердің даралығын дамытуда ересектер мен студенттің бірлескен іс-әрекеті ерекше мәнге ие болады.Тәрбие үрдісін ұйымдастыру барысында студент болашақ маман ретінде тек үйренуші ғана емес, сонымен бірге өздігімен әрекет ететін тұлға ретінде көрінеді. Аталған жағдайларда тәлімгер студенттен көмек сұрайды, олар еркін әрекет ете алатынын, тәрбие объектісін өздігімен игеретін, басқаратынын және тәрбие үрдісін орындау құралдарын таңдауға болатынын түсінеді. Студенттердің жеке тәжірибесін есепке алу негізінде құрылған кез келген тәрбие процесінде, біріншіден, өзінің негізіне әрбір студентке дара тәсілді қолдану принципін алуы керек; екіншіден, студенттің өздерінің шынайы жеке тәжірибесін көрсетуге және ашылуына жағдай жасау қажет. Осы кезеңдегі эдвайзердің маңызды міндеті белгілі бір салада студентті рухани-адамгершілікті меңгерту ғана емес, сонымен бірге осы салада студентте бар тәрбие процесін зерттеу, жаңа бағытта ұйымдастыруды шығармашылықпен қарау болып саналады.

В.В.Сериковтің анықтамасына сүйене отырып, біз *тұлғалық-бағдарлы технологияны* педагогикалық үрдістің барлық құрамдас бөлшектерінің білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуге, тұлғалық дамуына, субъектілік ерекшеліктерінің ашылуына қызмет ету жүйесі деп түсінеміз [183, с. 152]. Білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде де олардың тұлғалық қасиеттерін рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуы, яғни олардың тұлғалық өсуі негізге алынады. Мұның өзі тұлғалық-бағдарлы технология мен рухани-адамгершілікке тәрбиелеу үрдісінің өзара байланыстылығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Аталған ғалымдар зерттеулеріндегі тұлғалық-бағдарлы технологиялар мазмұнына жасаған талдау бізге осы технология мен рухани-адамгершілік тәрбие арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкін берді. Осыған байланысты біз зерттеу барысында тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани адамгершілік тәрбие арақатынасының мазмұнын жасадық (сурет 2).

Сонымен, тәрбие үрдісіндегі тұлғалық бағдарлы технологиясының мақсаты әрбір студенттің *даралығын ашу және дамыту, қоғамдық маңызды рухани-адамгершілік тұрғысынан жеке тәжірибесін жинақтау* болып табылады. Тұлға ретінде әрбір студентке рухани-адамгершілігін қалыптастыруда *оның дара қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру, өздігімен шешім қабылдау құқығы беріледі.*

Қорыта айтқанда, *оқыту мен тәрбиелеудің тұлғалық-бағдарлы технологияларының мақсаты тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мақсатымен ұштасып, сабақтаса түседі. Осыған байланысты оқытудың*

*тұлғалық-бағдарлы амал-әдістері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің адами қасиеттерін, адамгершілік әрекеттерін, психологиялық-тұлғалық қабілеттерін, жалпыадамзаттық пен ұлттық құндылықтарын дамытуға тікелей ықпал ете алады*, деп ой-тұжырымдаймыз.




Сурет 2 – Тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік тәрбиенің арақатынасы

Студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде тұлғалық-бағдарлық технологиясының *мүмкіндіктері жоғары:*

- оқу үдерісін ізгілендіру, білім алушыларды ізгілікке тәрбиелеу, бұл студенттердің рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуына ықпал етеді;

- оқу үдерісін тұлғалық дамуға бағыттау – білім алушының тұлғалық қасиеттерінің дамуына, субъектілік ерекшеліктерінің ашылуына, өзара адами қарым-қатынастарының артуына мүмкіндік береді;

- тұлғаны жекелендіру – оның өзіне деген сенімділігін арттырады, жеке тұлғалық ерекшеліктерінің, дарындылығының дамуына мүмкіндік туады;

- педагог пен білім алушының бірлестіктегі іс-әрекетін ұйымдастыру – білім алушыға еркіндік береді, оның өз ойын ашық айтуға, өзінің іс-әрекетін бағалауы дамиды;

- ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыру – білім алушылардың көпшілдік қасиеттерін дамытады, өзара сыйластық қарым-қатынастарын арттырады, отанға, қоғамға қызмет етуге даярлайды;

– студенттің жеке тәжірибесін талдау – олардың өмірдің мәнін ұғынуына, адам мен әлем қарым-қатынасы туралы білімдерінің молаюына, оң дүниетанымының артуына ықпал етеді және т.б.

Осы айтылған мүмкіндіктердің бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына ендірілген «Өзін-өзі тану» курсын оқыту барысында жүзеге асырылуы әбден мүмкін. Бұл туралы келесі параграфта кеңінен баяндаймыз.

## 2.2 «Өзін-өзі тану» курсы - тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік білім беру тұрғысынан

Еліміздегі жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, әлемдік білім беру кеңістігіне енуі жоғары білім берудің мәнін, оның соңғы нәтижесін қайта қарауды талап етеді. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінің мазмұны тұлғаны жеке өмірінің, өзіндік білім мен тәрбие субъектісі ретінде қалыптастыруға бағытталып, дамытушылық, тұлғаға бағдарлы қарастырылуы өзекті мәселе болып отыр. Осындай жаңа білім беру үлгілерінің бірі – тұлғаға бағдарлы педагогика. Бұл педагогика алдыңғы параграфта айтылғандай студенттердің *тұлға ретінде өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру* мақсатындағы тәжірибеге бағыттау және оны есепке алуды қажет етеді. Білім беруге осы тұрғыдан қарайтын болсақ, студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесін жеке тұлғадан оқшау емес, *жеке тұлғаға тікелей қатысты қалыптастыру* қажеттігін мойындауымыз керек, сонда тәрбие үрдісінде студент сыртқы педагогикалық әсерлерді жай ғана ішкі санасымен қабылдап қоймайды, берілген білім субъектінің жеке тәжірибесімен кездесіп, соңғысы мәдениеттенеді, баийды, өседі, өзгереді, мұның өзі тұлғаның жеке даму «векторын» құрайды. Мұндайда дербестікке, өзіндік ізденіске, өзін өзектендіру талпынысына және басқа да жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының ішкі тетіктеріне ерекше мән берген жөн. Аталған идеяларды жүзеге асыру білім беру, оқыту, тәрбиелеу технологияларын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу арқылы мүмкін болатыны белгілі.

С.А.Назарбаева педагогикалық оқу үрдісінде тәрбиенің тұлғалық бағыты «Өзін-өзі тану» курсын өткізуде деп танып, оның басты идеясы – тұлғаның өзіндік танымы мен мүмкіндіктерін дамыту арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға жол ашу екендігін айтады [216].

«Өзін-өзі тану» курсы тұлғалық-бағдарлы білім беруге бағытталады. Өйткені «Өзін-өзі тану» курсының оқушының тұлғалық сапасын жетілдірудегі құндылығы болып оның адам бойына кіріктірілген құзыреттіліктерді сіңіре алуы табылады. Атап айтқанда:

- жеке тұлға тұрғысынан, өмірлік іс-әрекеттегі субъект тұрғысынан өзіне-өзі қарым-қатынас жасау тұрғысынан;
- басқа адамдармен өзара әрекеттестіктегі қарым-қатынастары бойынша;
- барлық салаларда және формаларда көрініс табатын адамның іс-әрекетіне қарым-қатынастары тұрғысынан.

Сондай-ақ, осы пәнді оқытудың тұлғалық-бағдары:

- білім алушылардың танымдық тұрғыдан шешім қабылдау барысында тұлғалық ойларды іздестіруге бағытталған *жағдаяттардың дамуымен;*
- танымдық іс-әрекеттеріндегі күйзелістер мен әрекеттер негізінде қалыптасқан *тұлғалық тәжірибесімен;*
- субъекттер арасындағы қарым-қатынастар жүйесіндегі *оқу диалогының әр түр*лі нұсқаларымен;
- білім мазмұнын меңгеру және адамгершілік сапалар арасынан өзіне қажеттісін анықтау, таңдау негізінде *әрбір студенттің жеке мінез-құлқының модельденуінің қамтамасыздандырылуымен* сипатталады.

Осыған орай осы пәннің әрбір сабағы жеке тұлғаның құндылық сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын компоненттерден (мазмұндық, эмоционалдық-еріктік, мінез-құлықтық) тұрады. Сол себепті де осы пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруда тұлғаның рухани-адамгершілік және эмоционалдық тұрғыдан дамуы, оның танымдық қызығушылықтары, адами қарым-қатынас жасау іскерліктері, өзінің ойы мен сезімдерін айқын, еркін және мәнерлі жеткізу мүмкіндіктері есепке алынады.

Өзін-өзі тану сабақтарының ерекшелігі болып оқытушының студенттермен тұлғалық қарым-қатынасы саналады. Осы процесте студенттер өзі, өз сезімдері, ойлары мен әрекеттері туралы айтады, оларға талдау жасайды және адамгершілік тұрғыдан баға береді, өзін және басқаларды тыңдауға, оларға ізгілікпен және шыдамдылықпен қарым-қатынас жасауға дағдыланады. Ал бұл болса болашақ мамандардың тұлғалық сапасының қалыптасуына тікелей ықпал етеді [95, 8 б.].

Студенттердің оқу іс-әрекеттерін әдістемелік тұрғыдан ұйымдастыруда студенттің өзін-өзі және айналасындағы адамдарды түсінуі үшін, оқытушы мен студенттің және олардың өзара бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынаста болуы үшін жағдайлар жасалады. Бұл тұлғалық сапаның қалыптасуындағы өзгерістерді тікелей бақылап отыруға мүмкіндіктер береді.

Өзін-өзі тану курсын оқыту барысында интербелсенді әдістер кеңінен қолданылады. Мәселен өмір практикасынан алынатын жағдаяттард шешу болашақ мамандарды адамгершілік шешімдерді іздестіру мен таңдауға, өзінің және басқалардың әрекеттерін, өзінің және басқалардың мінез-құлқында сипат алған көріністерді бағалауға, олардан сабақ алуға дағдыландырады.

Сабақта студенттер мәтіндегі белгілі бір құндылықты жан-жақты талдауда, жағымды, жағымысыз іс-әрекеттерді салыстыруда шығарма кейіпкерлерімен бірге күйзеліске түсіп, сол жағдайды бастан кешіруге мүмкіндік алады, нәтижесінде адамгершілік өлшемдері тұрғысынан шешімдер қабылдауға дағдыланады. Сондай-ақ, әлеуметтік-рөлдік ойындар мен әлеуметтік-психологиялық тренингтіктер арқылы адами қарым-қатынастары шыңдалады, өзара өмірлік тәжірибемен алмасу іске асырылады, қоғамға қызмет көрсету дағдылары дамиды.

Өзін-өзі тану сабақтарының өзін, өзгелерді, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасауды танып білетіндей, ақиқат пен махаббатты адам өмір сүруінің маңыздылығы тұрғысынан түсінетіндей, тұлға еркін ойлана алатындай, өз пікірін жеткізе алатындай, дарыны мен қабілеттерін көрсете алатындай бір-біріне сенімді, еркін жағдайларда өтуі болашақ мамандардың тұлғалық сапаларының қалыптасуына тиімді әсер етеді.

Өзін-өзі танудың сабақтарының нәтижесін бағалаудың меңгерген білімдерді күнделікті өмірлік жағдайларда қолдануды қажет ететіндігі болашақ мамандардың тұлғалық сапасы қалыптасуының практикалық маңыздылығын арттырады

Өзін-өзі тану сабақтарының шағын топтарда арнайы үнтаспалармен, бейнетаспалармен, көрнекіліктер және дидактикалық материалдармен жабдықталған кабинеттерде өткізілетіндігі студенттердің өз бойындағы білімін, өмірлік тәжірибелерін айқын, еркін жеткізуге, өмірлік іскерліктерін нақты көрсетуге, тұлғалық сапасын жетілдіру деңгейін айқындауға, оларды жетілдіру жолдарын анықтауға және жүзеге асыруға мүмкіндіктер береді.

Өзін-өзі тану сабақтарын өткізудің әдістері мен формаларының кең көлемділігі оларды арнайы кабинеттерде ғана емес, концерт залдарында, алаңдарда табиғат аясында, мұражайда, сурет галереясында, театрда және т.б. орындарда өткізуді қарастыруы студенттердің тұлғалық сапаларын жетілуіне мүмкіндік туғызып қана қоймай олардың жан-жақты, үйлесімді дамуына тікелей ықпал етеді.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту өздігінен жүзеге аспайды. Осындай ғажайып оқытқан соң, оның нәтижесін тексеретін, тәжірбиелік сипатын көрсететін бір орта, яғни экспериментік алаңдар болуы керек «Өзін-өзі тану» авторлық жобасы бойынша 2001 жылдан бастап еліміздің білім беру ұйымдарында эксперимен жүргізіліп жатыр. «Өзін-өзі тану» жобасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірлігі тарапынан қолдау тауып, оның 2002жылғы 21 наурыздағы №204 бұйрығына сәйкес республикадағы үздіксіз білім беру жүйесінің 124 оқу орнында эксперимент ретінде басталса,

өткен оқу жылында білім беру мекемелерінің ұсыныстары негізінде эксперимент алаңдарына тағы 53 оқу орны қосылып, олардың саны177-ге жетті. Экспериментке 61 мектепке дейінгі мекеме, 75 жалпы білім беретін мектеп,10 мектеп интернат, 1 колледж, 30 жоғары оқу орындары қатысқан.

Негізгі тәжірибелік алаң ретінде «Самопознание» гимназиясын атауға болады. 1997 жылдың 5 қарашасында Республикалық реабелитация және сауықтыру орталығы болып ашылған «Самопознание» гимназиясы 2003 жылдан бері мектеп ретінде «Өзін-өзі тану» оқу-әдістемелік кешені сынақтан өтетін алаңға айналды. Гимназияда және Алматы қаласындағы басқа эксперимент алаңдарында «Өзін-өзі тану» пәні барлық сыныптарда, мектепке дейінгі даярлық топтарында аптасына 1 сағаттан енгізіліп, орыс тілінде оқытылады. Мұнда жалпы орта білім беретін басқа пәндер де жалпы адамзаттық құндылықтармен сабақтастықта меңгертіледі. Мысалы, әдебиет, математика, физика, география сабақтарында мұғалімдер «Өзін-өзі тану» пәнін жүргізудің белгілі бір әдістемелік тәсілдерін қолданып, пәнаралық байланысты жүзеге асырады. Эксперимент нәтижелері «Өзін-өзі тану» пән педагогтері тарапынан кеңінен қолдау тауып, бұл пән Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жобасының базистік оқу жоспарының тұрақты бөлігіне енді. Мектепте өріс алған өзін-өзі тану рухани-адамгершілік идеялары жоғары оқу орындарында жалғасын тауып, жоғары оқу орындары арасындағы ең басты эксперимент алаңы болып өзіміздің Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті бекітілді. Оның базасында республикалық деңгейдегі рухани-адамгершілік білім беру зертханасы құрылып, осы бағытта жұмыс жүргізілу де, аталған екі мекеме «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық білім және сауықтыру орталығының «Өзін-өзі тану» пәні педагогтерінің біліктіліктерін арттыратын негізгі базалық орындар ретінде қызмет жасайды. Эксперименттік жұмыстың нәтижесі рухани-адамгершілік білім беру процесін мамандармен және мазмұндық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етумен анықталады. Әрбір эксперимент алаңында оқыту мен тәрбиелеуге қажетті жағдайлардың бәрі ойластырылған. Әр алаңға «Бірінші ханымның кітапханасы» берілді. Қор қаржысы есебінен рухани-адамгершілік тақырыптарын қамтитын «Ақиқатты тап біл» жинағының топтамалары шығарылса, «Хабар» және «Қазақстан» телеарналары арқылы қазақ тілінде және орыс тілінде «Өзін-өзі тану» телебағдарламалары ұйымдастырылған. Осы арналар арқылы «Өзін-өзі тану» жобасының мәнін түсіндіру және жинақталған тәжірибені тарату мақсатында «Бөбек» Қорының бейне-фильмдері көрсетіліп тұрады. Қазіргі кезде «Өзін-өзі тану» пәні негізгі пән ретінде білім беру бағдарламасына енді.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мақсаты – өзін-өзі тану мотивтерін қалыптастыру, тән және адамгершілік-рухани дамудың үйлесімділігіне қол жеткізу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен байыту, өзара түсінісу мен өзара келісімге ұмтылу, жақсылықпен адамсүйгіштік, өзін-өзі жетілдіру және кемелдендіруді іске асыру[215].

*«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ерекшеліктері*

Өзін-өзі тану бойынша жеке тұлғаға бағдарланған білім беру процесі:

-балаға құндылық тұрғысынан қарауды, қажеттіліктері, қызығушылықтарымен мүмкіндіктері.

-дамыта оқыту мен әдістері әртүрлігін пәннің маңыздылығын адамгершілік таңдау жасау мен ойлануға арналған өмірлік мысалдармен және жағдаяттар мен толықтыру.

-оқушының тұлғалық, рухани өсуінің ішкі динамикасына көңіл болуді;

-мектеп, отбасы, қауымдастық өзара бірлесіп тығыз байланыс әрекет етуі.

-білім мектеп сүйіспеншілік, әділдік және өзара түсіністік атмосферасын құруды қарастырады.

-өзін-өзі тануды интербелсенді әдістеме негізінде білім беру процесіне әрбір қатысушы жеке тұлғаны ерекшеліктері өркендей отырады.

- Бұл пәннің басқа пәндерден өзіндік ерекшелігі, әдіс-тәсілдері, шартты белгілері бар. Оқушы пән арқылы өмірге шынайы қарауға тәрбиеленеді. Оның негізі адамгершілікке, махаббатқа, сүйіспеншілікке келіп тіреледі.

Жасөспірімдерге ежелгі халық дәстүрін оны құрметтеуді, жас тәрбиеленушілерге рухани құндылық рөлінің маңыздылығын: қайырымдылық, қайғыға ортақтаса білу, шыдамдылық, сыйластық, адамгершілік сияқты құндылықтарды түсіндірмей, рухани қайта туу, білімді ел және мықты даму шынымен де мүмкін емес.

Өзін-өзі тану уақыттың талабы бойынша құрылған білім беру бағдарламасы, жалпы адамдық рухани құндылыққа негізделген, баланың жан дүниесін және ойын байытатын тұлғаның жалпы дамуына мүмкіндік жасайтын, адамгершілікке бағытталған бағдарлама.

*«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім берудің жалпы мақсаттары:*

- өзінің өмірлік айқындамасын анықтау;
- түрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларға сәйкес сындарлы түрде шешу;
- өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау;
- адамдарға көмек көрсету, туыстарына және жақындарына мейірімді, қамқор болу;
- өзімен-өзі үндестікте өмір сүру, ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болу;
- жасампаздық пен белсенділік, азаматтылық және елжандылық таныту;
- өз ойын, сөзі мен ісін адамгершілік тұрғысынан таңдауға дайын болу және оған жауапты болу;

-қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде дамыту.

Мектеп бітірушілердің негізгі біліктері білім беру үдерісіне қатысушылар (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, қоғам) үшін бағыт-бағдар береді және өзін-өзі тану пәнінің мазмұнын анықтауға, сол сияқты рухани-адамгершілік білім беруді ұйымдастыруға негіз болады.
Білім берудің бастауыш, негізгі және жоғарғы сатылары үшін өзін-өзі тану

бойынша ұсынылып отырған бағдарламада қарастырылған міндеттер, атап айтқанда:

- оқушылардың өз-өзіне, адамдарға және қоршаған ортаға деген құндылық қарым-қатынастарын, айналасындағы адамдарға деген сезімталдық және кішіпейілдік таныту қабілеттіліктерін ашу;
- өзін, өзгелерді, әлемді және адамзатты танып-білу, өзінің өмірдегі орнын түсіну, өзіне және басқаларға жақсылық пен сүйіспеншілік таныту ниеттерін дамыту;
- өзін дәріптеу, өзіне сену, өз ойы, сөзі және іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімдерін дарыту;
- адам мен ішкі және сыртқы ортаның өзара байланыстылығын, оның табиғатпен біртұтастығын, тән және жан саулығының бір-бірімен тығыз байланыстылығын түсіну, салауатты өмір сүрудің негізі ретінде өзінің дене және психикалық күйін реттеу қабілеттіліктерін арттыру;
- әлеуметтік айқындамалар мен рөлдердің көп қырлылығы тұрғысынан өзінің әрекеттері мен мінез-құлықтарын реттеуде терең ойланып, сезіне білу қабілеттіліктерін дамыту;
- белгілі бір мағынадағы ақпараттарды жинау және оған талдау жасау үшін өзінің білімін, білігін және дағдысын қолдана білу; жағдаятты бағалау; жалпы адамзаттық және этно-мәдени құндылықтарға қайшы келмейтін жеке шешім қабылдау үшін өзінің көзқарасын білдіру қабілеттіліктерін дамыту;
- күнделікті өмірде нақты мәселелерді шешуде жасампаздық белсенділік таныту; адамгершілік нормаларына сәйкес алға қойылған міндеттерді сындарлы шешу үшін ұжымда бірлесе еңбек ету және топпен, командамен жұмыс істеу іскерлігін дамыту бұл мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

*Өзін-өзі тану оқу процесін жүзеге асыру моделін* анықтайтын оқу-әдістемелік кешені баланың рухани-адамгершілік және эмоционалдық тұрғыдан дамуының, оның танымдық қызығушылықтарының, құрдастарымен және үлкендермен адами қарым-қатынас жасау іскерліктерінің, өзінің ойы мен сезімдерін айқын және мәнерлі жеткізудің дереккөзі ретінде қарастырылады.

Осы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін *оқулықтар, дәптерлер, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар* жасалды. Оқулық пен дәптер жүйетүзуші тірек функциясын атқарады, оқу ақпараты мен әдістемелік аппаратын (игеру технологиясы) біріктіреді. Олар танымдық белсенді іс-әрекетін жүзеге асырады. Әрбір оқушыға оқу материалын дербестік тұрғыдан игеру мүмкіндіктері беріледі, оқу іс-әрекеттері мен өзін-өзі тану тәсілдерінің әр түрлерін меңгереді.

«Өзін-өзі тану» пәнінің *өзіне тән ерекшеліктерін модельдік тұрғыдан түсіну* оқу-әдістемелік кешенді жасаушылардан оның мазмұнын, адамның жағымды және жағымсыз қылықтарын, әдеттері мен әрекеттерін сипаттайтын әдеби мәтіндерді сұрыптауды немесе ойдан құрастыруды талап етті.

*«Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұнын құрастыру* қазақ, орыс, әлемдік классик жазушылардың, қазіргі балалар шығармалары авторларының туындылары,

сондай-ақ оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерін модельдеу негізінде жүзеге асырылды. Оқу-әдістемелік кешен мазмұнын жетілдіру мақсатында балалар мен жастарға арналған әдеби шығармаларға Республикалық конкурс ұйымдастырылды. Ең үздік шығармалар өзін-өзі тану оқулықтары мен хрестоматияларының мазмұнына ендіріледі.

*Курстың дүниетанымдық бағыты* рухани-адамгершілік білім мазмұнының тақырыптары бойынша таңдалған шығармаларды жүйелеумен ғана емес, сондай-ақ мәтінді талдау барысында қойылатын сұрақтар мен тапсырмалардың сипатымен де қамтамасыз етіледі. Пән мазмұны оқушылардың талап-сұраныстары мен танымдық қызығушылықтарына жауап беруге бағытталған.

*Өзін-өзі тану сабақтарының ерекшелігі болып* мұғалімнің оқушылармен тұлғалық қарым-қатынасы саналады. Осы процесте балалар өзі, өз сезімдері, ойлары мен әрекеттері туралы айтады, оларға талдау жасайды және адамгершілік тұрғыдан баға береді, өзін және басқаларды тыңдауға, оларға ізгілікпен және шыдамдылықпен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

*Оқушылардың оқу іс-әрекеттерін әдістемелік тұрғыдан ұйымдастыруда* баланың өзін-өзі және айналасындағы адамдарды түсінуі, мұғалім мен оқушының және балалардың бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынаста болуы үшін жағдайлар жасалады.

Құндылық бағдарлау механизмі: *Ізденіс, Бағалау, Таңдау, Проекция.*

*«Өзін-өзі тану» пәнінің* оқулықтарында *оның мазмұнын технологиялық тұрғыдан* жүзеге асыру білімді меңгерудің *образды* (білім дереккөзі - образ), *символдық* (білім дереккөзі – модель, белгі, символ) және *іс-әрекеттік* (білім дереккөзі – іс-әрекет) тәсілдерінің кіріктірілуімен тығыз байланысты.

Өзін-өзі тану пәнінің оқу-әдістемелік кешенін жасаушылар оның ерекшеліктерін ескере отырып оқытудың интерактивтік әдістерін кеңінен қолдануды қарастырады. Олар балалардың іс-әрекет мақсаттары мен ойларын анықтау, адамгершілік шешімдерді іздестіру мен таңдау, өзінің және басқалардың әрекеттерін, өзінің және басқалардың мінез-құлқында сипат алған көріністерді бағалау қажеттілігіне септігін тигізетін жағдаяттар үлгілерін жасады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұнын жасау процесінде төмендегілер қарастырылды:

*оқытудың тұлғалық-бағдарлық сипаты:*

- оқушылардың танымдық тұрғыдан шешім қабылдау барысында тұлғалық ойларды іздестіруге бағытталған жағдаяттардың дамуымен;
- танымдық іс-әрекеттеріндегі күйзелістер мен әрекеттер негізінде қалыптасқан тұлғалық тәжірибесімен;
- субъекттер арасындағы қарым-қатынастар жүйесіндегі оқу диалогының әр түрлі нұсқаларымен;

- білім мазмұнын меңгеру және адамгершілік сапалар арасынан өзіне қажеттісін анықтау, таңдау негізінде әрбір оқушының жеке мінез-құлқының модельденуін *қамтамасыз ету.*

Өзін-өзі тану сабақтарында *әлеуметтік-рөлдік ойындар мен тренингтіктер* арқылы адами қарым-қатынастар шыңдалады, өмірлік тәжірибемен алмастырылады, қоғамға қызмет көрсету дағдылары дамиды.

Өзін, өзгелерді, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасауды танып білу, сандай-ақ адам өмірінің ең жоғарғы символы ретінде ақиқат пен махаббатты түсіну балалар еркін ойлана алатындай, өз пікірін жеткізе алатындай, дарыны мен қабілеттерін көрсете алатындай бір-біріне сенімді еркін жағдайларда өтеді.

*Өзін-өзі танудың сабақтан тыс іс-әрекеттері* меңгерген білімдерді практикалық тұрғыда күделікті өмірде және қоғамға қызмет етуге белсенді қатысу барысында қолдануды қарастырады.

Өзін-өзі тану процесін ұйымдастырудың маңызды шарты болып балалардың психологиялық, физиологиялық, жас ерекшеліктеріне сәйкес жағымды эмоциялық күймен қамтамасыздандыратын *жағымды ортаны құру* болып табылады. Сабақта әр түрлі іс-әрекеттерді алмастырып отыру оқуға жағымды қатынас тудыруды қамтамасыз етеді.

Өзін-өзі тану сабақтары 10-15 адамнан тұратын топтарда арнайы үнтаспалармен, бейнетаспалармен, көрнекіліктер және дидактикалық материалдармен жабдықталған кабинеттерде өткізіледі.

«Өзін-өзі тану» пәні өзіндік ерекшелігімен сипаталады. Ол мазмұндық әдістемелік жағынан философия, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогика сонымен қатар психология пәндерін қамтиды. Мұндағы психологиялық аспектісі өте маңызды, әрі ғылыми тұрғыдан қарасытыруды қажет етеді.

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өзін-өзі тану пәнін оқыту барысында қолданылатын әдістерімен таныстыру мақсатында осы пәннің өзіне тән *әдістемелік тәсілдеріне* диссертацияда тоқталып өтуді жөн санадық:

*«Шаттық шеңбері»* – сабақты көтеріңкі, жақсы көңіл-күймен ұйымдастыруға бағытталған сабақтың бас кезеңінде қолданылатын әдістемелік тәсіл. Мұғалім балалармен бірге құрған шеңберде олар бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасайды, әр түрлі әндер мен өлеңдер айтады. «Шаттық шеңберінің» педагогикалық тұрғыда маңызы зор. Өйткені мұнда әрбір бала өзіне жылы үлкен достық шеңберіне қабылданғанын сезінеді, өзіне сенімі артып және өзгелердің де сеніміне ие болады.

*«Тыныштық сәті»* – релаксация тұрғысындағы әдістемелік тәсіл. Толық тыныштықта баланың жүрек соғу ырғағы мен тыныс алуы реттеледі, денесі жеңілденеді. Ол өз ойын жинақтай алу мүмкіндігіне ие болады, өзінің ішкі «Менін» түсіне алады, өзінің сезімі мен көңіл-күйін жақсы сезінеді. Мұғалім балаларға осы жаттығуды орындату барысында олардың дене қалпына, тыныс алуы мен денесін бос ұстай білуіне баса назар аударуы тиіс.

*«Өзіммен-өзім»* – бұл тәсіл баланың өзін және өзінің жүрегін тыңдай білуіне септігін тигізеді. Ол баланың сезімі мен эмоциясын, жалпы рефлексияға қабілеттерінің дамуын ынталандырады. Осы тәсіл балаларға жайлы әсер етеді, олардың қиялын дамытады, топтағы мінез-құлыққа жағымды ықпал етеді және әдетте, материалды жаңадан түсіну барысында пайдаланылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында мұғалімнің сөйлер сөзі, сондай-ақ үнтаспалар, бейнетаспалар (классикалық музыка тыңдау, бейнефильмдер мен мультфильмдер көру және т.б.) қолданылады.

*«Мәтін оқу»* – оқушылардың білімін және адамгершілік қасиеттер мен құндылықтар туралы түсініктерін кеңейтуге, оқу іскерліктерін дамытуға бағытталған әдіс. Оқушылардың танып-білуге құштарлығын арттыру мақсатында үлкендермен бірге және өз бетінше көркем шығармаларды оқу ұсынылады. Бұл әдіс оқушылардың ойын, жадын, эмоционалдық-еркіндік күйін дамытады.

*«Сабақтың дәйексөзі»* — оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу материалын эмоционалдық-бейнелі тұрғыдан қабылдауға ықпал ететін өзін-өзі тану сабақтарының міндетті элементі болып табылады. Сабақтың дәйексөзі ретінде халық даналығы, халық мақалы, нақыл сөздер, даналық сөздер, ұлағатты сөздер алынады.

*Жаңа ақпарат* – оқушылардың жаңа ұғымға сәйкес білімнің кеңейту тәсілі. Сабақтың тақырыбына сәйкес өтілетін құндылық туралы ақпарат беріледі. Оның мәні ашылып, маңызы түсіндіріледі.

*«Әңгімелеу»* – оқушылардың әңгіме, ертегі, өсиет әңгіме, өлеңдерді ұжым болып тыңдауына жақсы жағдайлар тудыратын сөйлеу және ойлау іс-әрекеттерінің маңызды түрі. Балалар осы әдіс арқылы әңгімені тыңдай және есіте білуді, сезіне алу және сезіммен қабылдауды, ойдан өткізу мен талдай алуды үйренеді. Шығарманы әңгімелеудің әр түрлі амал-тәсілдері қолданылады: кідіріспен әңгімелеу, сахналық элементтер бірлігінде жүзеге асыру.

*Әңгімелеу* – 1-2 сыныптарда (рөлдік әңгімелеуді қоспағанда) мұғалімнің әңгімелеуі арқылы, ал 3-4 сыныптарда мұғалімнің және оқушылардың әңгімелеуі арқылы жүзеге асырылады.

Әңгімелеуге арналған мәтіндер «Өзін-өзі тану» оқулығында беріледі. 3-4 сыныптарда сабақта әңгімеленетін мәтіндер оқушыға (әр сабақта әр оқушыға) алдын-ала тапсырылады немесе оқушы сол тақырыпқа өзі ойынан құрастырған шығармасын (өсиет әңгіме, өлең, әңгіме, немесе ертегі) айтып беруіне болады.

*«Әңгімелесу»* — бұл балалардың тақырып мазмұнын түсінуіне мүмкіндік беретін дидактикалық тәсілдің сұрақтар мен жауаптар түріндегі қарым-қатынас формасы. Әрбір бала өзінің пікірін айта алады, тақырыпқа өзінің көзқарасын білдіре алады, өзін толғандыратын сұрақтарды қоя алады. Мұғалім балалардың өз пікірлерін айтуын қолдап отырады, оларға ойлана алуды, жағдаяттар мен іс-әрекеттерге адамгершілік тұрғысынан баға бере білуді үйретеді.

*«Ойын», «Жаттығу»* – балалардың танымдық қызығушылықтарын арттыру мен жаңа игерілген түсініктері мен іскерліктерін бекітуге арналған оқыту әдісі. Ойын әрекеттері мен жаттығулары арқылы баланың жеке тәжірибесі негізінде оқу материалының мазмұны жүзеге асырылады. Балалар ойындар мен жаттығулар нәтижесінде құрбыластарымен жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларына ие болады, өмірлік дағдыларды меңгереді.

*«Шығармашылық жұмыс»* – өзін-өзі тану сабағының маңызды бөлігі. Шығармашылық жұмыс сурет салу, макеттер, коллаждар құрастыру мен өлең, әңгіме құрастыру және т.б. түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл тәсіл шығармашылық шабытты аша түсуге, символдар, бейнелер мен әрекеттерді ұғыну арқылы өзіндік «Менін» көрсете алуына септігін тигізеді. Бірлескен шығармашылық әрекет оқушылардың ынтымақтастық, шыдамдылық, ынталылық сияқты адами қасиеттерді ұғынуына, өзінің пікірін айту мен басқалардың пікірін құрметтей білу іскерліктерін дамытуға мүмкіндік береді, балалардың өз күшіне сенімділігін, өзінің қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктеріне сенімдерін қалыптастырады, жауапкершілікке, дербестілікке тәрбиелейді.

*«Жаттығу-ойлану»* – балалардың өмірдің тәлімдік-танымдық жағдайларының мәнін ұғына білу мен нақты өмірлік жағдаяттарды бағалай білу іскерліктерін дамытуға, өзінің ойы мен ісіне, әрекеттеріне жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік тәсіл. Жаттығу-ойлану тапсырмалары болып нақты өмірлік жағдаяттар, мақал-мәтелдер, тәлімдік-танымдық мәні бар өлең қатарлары табылады. Балалардың мақал-мәтелдер мен өлең жолдарының тәлімдік, өмірлік мәнін талдауы мен жағдаяттарды талқылауы арқылы олардың ойлана білуге, өзін және өзгелерді бағалай алуға икемділігі артып, адамдармен, айналасымен жағымды қарым-қатынас жасау іскерліктері қалыптасады.

Жаттығу-ойлану жұмыстарын орындау барысында ойлануға берілетін уақытты тапсырмалардың күрделілігіне қарай мұғалімнің өзі белгілейді.

*«Бейнематериалдар көру (фильмнен, мультфильмнен үзінділер және т.б.)»* – оқу мағлұматтарын көрнекілік тұрғысынан жеткілікті түсіндіруге мүмкіндік беретін әдістемелік тәсіл. Айқын көркем көріністер балаларға оқу материалының мазмұнын түсінікті қабылдауына және жете меңгеруіне ықпал етеді.

*«Сергіту сәті»* — балалардың сабақ үстінде шаршағандығы мен жалығушылығын ұмыттыруға, бойларын сергітуге қажетті өзін-өзі тану сабақтарының құрамдас бір бөлігі. Сергіту жаттығулары бір іс-әрекет түрінен екіншісіне ауысатын сәтте қысқа ойындар, қимыл-қозғалыстар түрінде қолданылады. Осы тәсіл топтың жақсы көңіл-күйін көтереді, оқуға, білуге ынтасын дамытады, жылдам назар аударуын күшейтеді, ұжымның ұйымшыл болуына ықпал етеді.

*«Сахналау»* — бұл тәсіл өзін-өзі тану сабақтарында оқу материалының мазмұнын эмоционалдық-сезімдік күймен тиімді қабылдау мақсатында әр

түрлі жағдаяттарды балалардың өздері рөлдерде орындауы арқылы ұйымдастырылады.

*«Қорытындылау»* — сабақ барысында айтылған ойларды мұғалімнің өзі немесе балалармен бірге жинақтап қорытуға бағытталған әдістемелік тәсіл.

*«Жүректен-жүрекке» шеңбері* — сабақтың аяқталу кезеңінде қолданылатын, бір-бірімен пікір алмасуды, бір-біріне тілектер айтуды немесе бәрі бірге сабақтың негізгі ойын қорытатындай ән не өлең орындауды қамтитын және мұғалімнің әрбір баланың эмоционалдық күйін, олардың сабақ мазмұнын түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік туғызатын әдістемелік тәсіл.

*«Үй тапсырмасы»* — баланың сабақ тақырыбына және сабақта меңгерген білімдері мен игерген іскерлік, дағдыларын бекітуге қызығушылығын арттыратын тәсіл. Балалар үй тапсырмасын дәптерлеріне өз бетінше немесе үлкендермен бірге орындайды. Бұл балалар мен үлкендердің бірін-бірі жақсы түсінуіне септігін тигізеді. Балалардың үй тапсырмасын қызығушылықпен, жақсы көңілмен орындауы үшін дәптерге олардың көмекшілері – Данышпан ата, ақылды ұл мен қыз Алпамыс, Махаббат, түйенің ботасы – Ақбота сияқты ертегі кейіпкерлері енгізілді.

Сабақ барысында әдістемелік тәсілдер байланысының ара жігін үзбей, сабақ мазмұнымен сабақтастыра отырып үй тапсырмасын сұрап, балаларға ризашылық сезімін білдіру мұғалімнің шығармашылық шеберлігіне байланысты.

Өзін-өзі тану пәнінің мазмұнын жүзеге асыруда осы аталып өткен әдістемелік тәсілдердің педагогикалық тұрғыдан тиімді екендігін эксперименттік-тәжірибе нәтижелері көрсетті. Оқу-әдістемелік кешеннің үшінші рет жаңартылып ұсынылып отырған нұсқасына «Сабақтың дәйек сөзі», «Жаттығу-ойлану», «Өзіммен-өзім», «Сахналастыру» тәсілдері енгізілді.

Мұғалім әрбір оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың қоршаған ортада өзінің тұлғалық «Менін» жете түсінуіне көмектеседі. Ол дайын білімдерді жеткізуші емес, балалардың өмірдегі маңызды іскерліктері мен дағдыларын игеруге жетелейтін өзін-өзі тану процесінің жетекшісі. Ол балалармен бірге ойланады, жаңалықтар ашады, дауларды шешеді, таңданады, күмәнданады, бірлестік әрекеттерде қызығушылықпен өмірдің ақиқатына көз жеткізеді, сыныпта жағымды жағдай туғызады.

Мектеп оқушыларын өзін-өзі тануға үйрету мұғалімнің жоғары адамгершілікті, мәдениетті, жан-жақты білімді, «ізгі ойлы және жылы жүректі» болуын талап етеді. Мұғалім – ерікті немесе еріксіз баланың жанына әсер етеді. Педагогикалық іс-әрекет мұғалім мен оқушы арасында тең құқықтылық сақталатын ынтымақтастық, серіктестік ұстанымдары бойынша құрылады. Мұғалім рухани құндылықтарды талдай отырып бала жүрегіне мейірімділіктің, адамгершіліктің нұрын себеді. Кіші мектеп жасындағы оқушылар өзін-өзі тану сабағында үйренгендерін өмірде көрсете алуы үшін үлкендер балалар үшін үлгілі, досжанды, мейірбанды, шыдамды және сезімталды болуы тиіс.

Көрнекті гуманист және педагог Януш Корчак өзінің «Баланы қалай сүю керек» еңбегінде нағыз мұғалім «бұғау салмайды, ал еркіндік береді, басымдық көрсетпейді, мақтап-мадақтайды, мыжғылап тастамайды, ал қалыптастырады, бұйырмайды, ал үйретеді, талап етпейді, ал сұрайды, балалардың қиналған сәттерінде олармен бірге күйзеліске түседі...» деп айтқан болатын [228]. Өзін-өзі тану мұғалімі де дәл солай болуы тиіс.

Осыдан төрт жүз жыл бұрын өмір сүрген, дидактиканың негізін салушы, педагог-гуманист Ян Амос Коменский «Алдымен сүю, содан кейін үйрету» деген болатын Баланы кішкентай күнінен сүюге үйрету керек, өйткені махаббат пен сыйластық адамның ішкі дүниесінде және қоршаған ортасында да тыныштық пен үйлесімділікті орнатады [229]. Біздің тәрбиеленушілеріміз әрбір жаңа күнді өз айналасына мейірімді, жағымды жағдай тудыратын жымиюдан бастауы өте маңызды.

*Өзін-өзі тану пәнінің мазмұнын жүзеге асыру шарттары*:

- адамның менталитетін анықтайтын ұлттар, жергілікті халықтар дәстүрлерінің жиынтығы ескерілген жағдайда *оқыту процесінің мәдениет контексіне көшуі* ;

- ауылдық және қалалық мектептердің, балалар үйінің, отбасы жағдайларының ерекшеліктеріне сәйкес *білім беру процесінің балалардың нақты талап-сұраныстарына бағытталуы*;

- ойлау, мінез-құлық, қарым-қатынастардың гуманитарлық тұрғыдағы тәсілдерінің дамуын қамтамасыздандыруға қабілетті болып саналатын *білімдер мен практикалық тәжірибе кешенінің міндетті түрде мазмұндық құрылымға ендірілуі*;

- *білім беру процесінде педагогикалық құралдардың кеңінен қолданылуы* (сөз, ойын, адами қарым-қатынас, жобалау, шығармашылық).

Ал, жоғары оқу орындарында «Өзін-өзі тану» курсын оқыту барысында студенттердің рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуына ықпал ететін оқытудың интербелсенді әдістері қолданылуда. Олардың қатарында іскерлік ойындар, шығармашылық тапсырмалар, жағдаяттарға талдау жасау, жағдаяттар тудыру, монолог, диалог, бейнефильмдер көрсету және талдау және т.б. әдістер қолданылуда. Олардың барлығы да студенттердің өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі жетілдіруіне, өзін-өзі бағалауына, өзінің тұлғалық қасиеттерін, адамгершілік, жалпыадамзаттық құндылықтарын дамытуға бағытталған. Өзін-өзі тану курсының мазмұны мен оны оқытуда қолданылатын әдістер оның тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытуда тұлғалық-бағдарлы технологияларды қолдану қажеттілігін дәлелдей түседі.

## 2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің моделі

Модельдеу – таным объектілерін модельдердің көмегі арқылы зерттейтін тәсіл болып саналады, модельдер ретінде белгілер, символдар немесе объектілер алынады [120, 218 б.].

Біздің зерттеу мәселемізге қатысты, модельдеу қызметінің төмендегідей мүмкіндіктері бар:

- жоғары оқу орындарында студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу үдерісінің негізгі факторлары мен жағдайлардың кең жүйесін ескеруге мүмкіндік береді, олар жүйенің мазмұнына, деңгейлері мен құрылымына әсер етеді;
- жоғары оқу орындарында студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің құрылымдық моделінің негізгі компоненттерін, логикалық байланыста қарастыруға және оларға салыстыру мен талдау жүргізуге мүмкіндік береді;
- құрылатын құрылымдық модельдің негізгі компоненттерінің ішінен өзіндік мәні мен мазмұны бар жеке жүйелерді нақтылауға мүмкіндік туғызады;
- модельденетін үдерістің ерекшелігін айқындауға, ұсынылатын модельді талдаудың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Ресей зерттеушілерінің еңбектерінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің моделі жан-жақты қарастырылған. Тұлғалық-бағдарлы педагогикасының моделі әлеуметтік-педагогика, заттық-дидактикалық, психологиялық болып үш топқа бөлінеді:

Әлеуметтік-педагогикалық модель – алдын ала ұсынылған сапалары қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу, яғни аталған модель білім берудің әлеуметтік сұранысын, қоғам талабын жүзеге асырады.

Пәндік-дидактикалық модель – пәндердің мазмұнын ескеріп, ғылыми білімді ұйымдастырумен байланысты жасалады. Бұл пәндік саралауымен, даралап қарау амалымен өзгешеленеді. Даралап оқытудың құралы нақты тасымалдаушы дамушы оқушы емес, тек қана білімге негізделеді. Білім оның объективті қиындығына, жаңалығына, олардың интеграциялық деңгейіне, берілетін материалдың бөлігіне байланысты ұйымдастырылады. Дидактиканың негізі пәндік саралауы мынаған бағытталады:

1) түрлі пәндік мазмұнды материалдармен жұмыс;
2) тереңірек оқуға қызығушылығы;
3) кәсіби іс-әрекет түрлеріне білім алушының бағдарлануы.

Пәндік саралау нормативтік, танымдық іс-әрекетке, ғылыми білімге бағытталады. Мұнда оқушының өмірдегі тәжірибесі, субъективті тәжірибе тасымалдаушысы ретінде қарастырылмады. Пәндік саралау тәрбиеленушілердің рухани дамуына ықпал етпейді. Рухани-адамгершілік тұстармен ықпалдаспауы білімді меңгеруде формализмді туғызып, білімді жаңғырту мен оны пайдалану, тұлғаның рухани-адамгершілігінің қалыптасуы, құндылықтарды түсінуі арасында алшақтық туады.

Жоғары оқу орындарында студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің моделін модульдік құрудың ұстанымы оның әр түрлі элементтері арасындағы өзара іс-әрекеттерге талдау жүргізудің қажеттілігін негіздейді. Бұнда жеке элементтер, модельдің ішінде біртұтас жүйе ретінде тұрақты байланыстарды құрады, яғни оның элементтерінің блокты-модульді

ұйымдастырылуы қажет. Ал бұл болса, өз кезегінде біздің зерттеу проблемамыздың мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік туғызады. Бұндай кез келген блок-модульдің жоғары оқу орындарында студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің құралы ретіндегі өзіндік мәні болады.

Жоғары оқу орындарында студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің моделін құрудағы құрылымдық ұстанымы бойынша, зерттеу нысанының негізгі бөліктері арасындағы тұрақты байланыстардың элементтер жиынтығына назар аударылады. Сондықтан, аталған модель оның қызмет етуінің кез келген ішкі және сыртқы жағдайларында өзгермейтін болуы керек. Сонымен қатар, құрылымдық ұстанымы кездейсоқ немесе жеке сипатқа ие байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді, олардың пайда болуының себептерін анықтауға мүмкіндік туғызады. Жоғары оқу орындарында студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің моделі, модельденетін объектінің даму барысын анықтайтын, өзінің элементтері арасындағы тұрақты байланыстардан құралады.

Ғылыми танымның барлық әдістеріне қойылатын талаптарға сәйкес, біздің құрастырған моделіміздің жоғары дәрежелі беріктігі болуы керек. Бірақ, модельдің шындықтың мәнді жақтары мен байланыстарын көрсетуіне байланысты, онда теориялық сипатталған немесе эмпирикалық табылған деректер берілмейді. Бұл модельдеуден басқа, жоғары оқу орындарында студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерін, қосымша әдістерді қолдану арқылы жүзеге асады. Жоғарыда атап өткендей, студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жоғары оқу орнындағы білім берудің жалпы жүйесінің бөлігі болып табылады, сонымен бірге, оның студенттердің таңдаған педагогикалық мамандығына байланысты, тәрбие процесінің белгілі мақсаттары және оның аталған кезеңдегі мазмұнына байланысты, ерекшеліктері болады. Бұл жоғары оқу орындарындағы студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу біртұтас педагогикалық жүйе тұрғысынан қарастыруға негіз болады.

Педагогикалық жүйенің ерекшелігі болып іс-әрекет жүйелері және қатынастар шеңберінде қалыптасатын жүйелер (қайта құрушы-белсенді, қайта жасаушы-орындаушы, тұтынушы-дара немесе әрекеттік-жасаушы және т.б.) табылады. Бұл жүйелер оқыту-тәрбиелеу процесінің субъектілері арқылы құрылады және олардан жеке болмайды, солар арқылы жүзеге асады [218].

Осы контексте педагогикалық жүйе ретіндегі тәрбиелеу үдерісінің негізгі сипаттамасы, оның біртұтастығы мен кешенділігі болып табылады. Философиялық тұрғыда біртұтастылық деп, объектілердің бірлігі, оның қоршаған ортадан тәуелсіздігі және автономиялығы түсіндіріледі [219]. Зерттеушілер педагогикалық объектілердің тұтастығының бірнеше аспектілерін анықтайды [220]:

Мәселен, педагогикалық теориядағы тұтастық – бұл оқу-тәрбиелеу үдерісінің заңды және объективті қасиеттерінің бірлігі. Жоғары оқу

орындарында оқыту, тәрбиелеу және білім беру үдерісінің мазмұндық және іс-әрекеттік құрамдарының бірлігі тұрғысынан сипатталады.

Шынайы педагогикалық практикадағы тұтастық – бұл тәрбие үдерісінің мақсатты бағытталып қалыптасатын және құрастырылатын қасиеті. Бұл ең алдымен, білімділік, дамытушылық және тәрбиелік қызметтерінің бірлігінде және оқытудың мазмұны арқылы жүзеге асады.

Бұдан басқа, «...оқыту-тәрбиелеу үдерісінің тұтастығы оны жүзеге асырудың міндеттері мен құралдарының кешенділігі тұрғысынан, білім, білік және дағдылардың дұрыс арақатынасын анықтауда көрінеді; оқыту және дамыту үдерісін байланыстыруда; білім, білік және дағдыларды әлем және оны өзгерту әдістері туралы көріністерінің бірыңғай жүйесіне біріктіруде көрінеді» [221].

Оқу-танымдық әрекеті қалыптастырудың негізгі мақсаты, сол игерген білімді мамандардың болашақта туындайтын практикалық мәселелерді шешуге пайдалана білу, өздігімен рухани-адамгершілік тұрғысынан ұйымдастырғанда нәтижелі болатындығы мақсат етіледі. Ондай дәрежеге қол жеткізу үшін көптеген мәселелерді кешенді түрде шешу керек болады. Оның ішінде студент өзін қалыптастырушы және дамытушы маман ретінде сезініп, өзі жинақтаған білімін, біліктілігін, дағдысын өздігінше жетілдіре түсетіндей болуы қажет. Демек, жоғары оқу орындарында білім берудің мазмұны мен технологиясы студенттердің кәсіби міндеттерді шешуде өзінің ішкі мүмкіншіліктерін, жеке тұлғалық әлеуетін барынша іске асыруға бағытталса, онда студенттің кәсіби жеке тұлғалық жаңа құрылымдарының қалыптасуына мүмкіндік туады.

Тұлғалық-бағдарлық технология негізінде студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі әлеуметтік тапсырыс, тәрбие процесінің мақсатын анықтайды. Іс-әрекет мақсаты, тәрбие мақсаты туралы бірнеше анықтамалар педагогика ғылымында қалыптасқан. Мұндай мақсатта іс-әрекет нәтижесінің алдын-ала болжануы беріледі. Зерттеушілер іс-әрекет мақсатының әр түрлі жіктелуін атап көрсетеді [222]:

- қамтитын саласы бойынша – стратегиялық, тактикалық, оперативті;
- жалпылау дәрежесі бойынша – жалпы ( танымның жалпы ғылыми әдістерімен келісілген), жеке (заттық сипаттағы жеке біліктердің қалыптасуын көрсететін);
- педагогикалық үдеріс құрамдарының өзара іс-әрекет белгісі бойынша (субъект-субъектілі, субъект-объектілі, объект-субъектілі, объект-объектілі);
- педагогикалық үдерістің бағыттылығы бойынша (білімділік, тәрбиелік, дамытушы).

Біздің ұсынған моделдің мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлық технология негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігі деңгейін жетілдіру болып табылады.

Біздің зерттеу мәселесіндегі модельдеу мақсаты жалпы білім беру жүйесінің кең көлемдегі мақсатымен анықталады, өскелең жас ұрпақты жан-жақты және үйлесімді дамыту, мемлекеттің азаматын қалыптастыру, сонымен

бірге, жоғары оқу орындарындағы студенттерді болашақ педагог маман ретінде рухани-адамгершілігі жоғары деңгейде қалыптастыру. Осы мақсаттар қоғамдағы әлеуметтік тапсырыстар мен сұраныстардан шығады.

Жоғары оқу орындарында студенттердің рухани-адамгершілігін қалыптастырудың басты пәндік мақсатын анықтау оның тәрбие үдерісін ұйымдастыру технологиясын, ұстанымдарын, формаларын, әдістерін, тәсілдерін, сонымен қатар, тәрбиелеу мазмұнының бірізділігін дұрыс таңдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Егер жүйені қалыптастыруда, тәрбие үдерісі жоспарланатын болса, мақсаттың анықтаушы мәні болса, жүйенің қызмет етуінде тәрбие жұмысы тікелей ұйымдастырылады және жүзеге асады, белгіліленген нәтижеге қол жеткізіледі. Мақсат пен нәтиже, жүйенің факторлары ретінде, оның құрылуы мен қызмет етуінің барлық кезеңдерінде әсер етеді. Осылайша, біздің анықтаған мақсаттарымыз, жоғары оқу орындарында студенттердің рухани-адамгершілігін қалыптастырудың басты нәтижесін анықтауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық іс-әрекетті атқаратын қызметі тұрғысынан талдау мұғалімнің жеке тұлғасының жиынтығын құрайтын негізгі қасиеттердің, қатынастар мен іс-әрекеттердің жүйесін қарастыруға мүмкіндік береді және өзі күрделі динамикалық жүйе болып табылады.

Зерттеушілер жоғары оқу орындары эдвайзерінің кәсіби іс-әрекетінің ерекше әлеуметтік мәнін, кез келген басқа білім беру жүйесінің деңгейіндегі мұғаліммен салыстыра отырып, олар мұғалімнің кәсіби-заттық, тұлғалық сипаттамалары мен коммуникативті сапаларының дамығандығын ерекше атап көрсетеді.

Н.В.Кузьмин мұғалімдер әрекеті құрылымының моделін ұсынып, танымдық, жобалаушылық, құрылымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық компоненттердің бірлігін қарастырады. Оның ойынша ұйымдастырушылық компонент – бұл педагогтің өзінің әрекетін ұйымдастыруға және оқушылардың белсенділігін туғызуға қажетті біліктілік жүйесі [177, с.16].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі оқушыларды оқыта отырып тәрбиелеуде және сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруда кәсіби дағдылардың болуын талап етеді. Олар:

– басқа адамның ішкі жан дүниесін түсіне алатын сезімтал болуы;

– балалар үшін барлық жағынан үлгі болуы;

– бүлдіршіндерді жағымды сезімге, жақсылыққа талпынуға, адамдарға жақсылық жасауға, жоғары адамгершілік мақсатқа ұмтылуға қабілеті;

– тәрбиеленушінің жеке ерекшелігін ескере білуі;

– баланың өзіне-өзі сенімін, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын қамтамасыз ете алуы;

– әрбір баламен қажетті қарым-қатынас стилін тауып, оның орнын тауып және өзін-өзі түсінуге талпындыра білуі;

– өзіне баланың құрметінің және олардың арасында беделінің болуын қамтамасыз етуі тиіс [226].

Аталған дағдылар студенттің жоғары оқу орнында теориялық және практикалық білім, білік, дағдыны меңгеру барысында қалыптасады. Жоғары оқу орнында студенттерді кәсіби тұрғыда дайындауда педагогиалық практикалардың маңызы зор. Бұл жөнінде көптеген психологиялық, педагогикалық зерттеулерде және әдістемелік құралдарда қарастырылып, олардың мәні мен маңызы түсіндірілген.

Соңғы жылдары жеке тұлғаның тәрбие арқылы құндылықтарының бағдарын қалыптастыруды модельдеу Г.Қ.Нұрғалиева, К.Әтемова, К.Қожахметова т.б. еңбектерінде қарастырылса [138, 56 б.;103, 46 б.; 166, 67 б.], рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы жеке тұлға моделін Б.Игенбаева, А.Қаплиевалар жасады [171, 142 б.; 169, 28 б.]. Осы педагог ғалымдардың көзқарасы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлық технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу моделін жасауға септігін тигізді. Бұл модель өте күрделі және шексіз жалғаса беретін үрдіс, өйткені, мектеп, ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы байланыс қоғам мен заман талабына сай өзгеріп, толықтырылып, жаңалықтар енгізіліп отыруын талап етеді. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу моделін жасау барысында біз оның құрылымы мен қызметі туралы ғана емес, оның мазмұны мен құрылымына да ерекше көңіл бөлеміз. Бұл модель осы күйінде қалып қоймайды, ол рухани-адамгершілік тәрбиені жетілдірудің әр даму кезеңіне негіз бола отырып, үздіксіз жаңартылып, қайта жасала алады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жоғары оқу орнында оқыған жылдар бойы аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтар аясында жүзеге асырылады. Осы процесс мақсатқа сай және жүйелі жүргізілуі үшін біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу құрылымдық моделін жасадық *(сурет 3).* Аталған модельдің құрылымы негізінен төрт блоктан тұрады. Атап айтқанда: *мақсаттық; мазмұндық; ұйымдастырушылық; нәтижелік.*

Бәрінен бұрын мақсаттық блок мазмұнында мамандыққа деген *әлеуметтік тапсырыс* талаптарын анықтап алудың қажеттігі туындады. Біз оларды былайша топтастырдық:

- мұғалімнің қоғамда лайықты орын иеленуіне қоғамның сұранысы;
- мұғалімнің өзін-өзі таныту, өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі;
- мұғалімнің рухани-адамгершілік сапасын арттыру қажеттілігі және т.б.

Модельдеу кезінде рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын құрайтын рухани-адамгершілік құндылықтар анықталды, сондай-ақ ұйымдастырушылық-педагогикалық міндеттер анықталды. Соның ішінде маңыздысы болып студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруді мүмкін ететін педагогикалық жалпы және жеке шарттар анықталды. Бұл туралы осы диссертацияның 3.2 параграфында кеңінен мазмұндалады.

Бұдан басқа қажетті міндеттер қатарында мыналарды атауға болады:

- оқытудың әр түрлі кезеңдерінде студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиелілігі деңгейіне мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін педагогикалық диагностиканың әдістері мен құралдарын таңдау;

- студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіруді педагогикалық тұрғыдан сүйемелдейтін негізгі бағыттарды (студенттердің оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерінің формалары, оқытудың тұлғалық-бағдарлық технологиялары және т.б.);

- рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру мақсатында оқытушылар мен студенттердің және студенттердің өзара бірлікте атқаратын іс-әрекеттерін ұйымдастырудың тиімді формаларын айқындау (ықшам топтарды, шығармашылық ұжымдарды және т.б. қалыптастыру);

- студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиелілігін танытуға ынталандыру мен өзін-өзі дамытуға талпындырудың негізгі тәсілдерін анықтау.

Біз зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру процесінің негізгі төрт компонентін анықтадық (кесте 5).

*Мотивациялық-құндылық* – гуманистік құндылықтарға сәйкес іс-әрекеттің тұрақты мотивтерін қалыптастыруды қарастырады (рухани-адамгершілік құндылықтарды жеке психологиялық күйі тұрғысынан қабылдау; адамгершілік іс-әрекет етуге ұмтылушылық; күрделі жағдайларда адами қасиеттермен және т.б.)

*Тұлғалық-мазмұндық* – студенттердің тұлғалық-бағдарлы технологиялар және рухани-адамгершілік құндылықтар саласынан білімдерін қалыптастыруды көздейді. Осы компонент арнайы (кәсіби) білімдерді және кәсіби міндеттерді шешу барысында оларды пайдалана алу іскерліктерін кіріктіретін әдіснамалық, теориялық және технологиялық білімдердің бірлігін құрайды. Сондай-ақ, жоғары оқу орны білім алушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруге мүмкіндік беретін ақпараттық оқу-тәрбиелеу ортасын құрайды.

*Эмоционалдық-бағалаушылық* - білім алушылардың өзіндік рухани-адамгершілік сапаларын көрсететін амал-тәсілдерін, іс-әрекеттерін жете ұғынуын және өзінің адамгершілік іс-әрекеттеріне өзіндік талдау жасау мен өздігінен бағалауын, алынған нәтижелерді қойылған мақсаттармен біріктіруін танытады.

*Іс-әрекеттік-нәтижелік* – студенттер рухани-адамгерштік тұрғысынан тұлғалық сапасын танытуға, адамгершілік іс-әрекетке қабілеттілігін көрсетуге мүмкіндік беретін жағдайларды қарастырады. Кәсіби жағдаяттарда рухани-адамгершілік сапасын қолдану іскерліктері кешенін және әрі қарай өздігінен білім алу әрекетін жүзеге асыруын көрсетеді; білім беруші мен білім алушы арасындағы өзара адами қарым-қатынастағы белсенді әрекетті қамтиды, бұл жағдайда білім беруші мақсатын, міндеттерін анықтайды, білім алушының рухани-адамгершілік тұрғысындағы іс-әрекетін белсендіру үшін жағдай тудырады, кері байланысты жүзеге асыру процесіне бағыттайды, бақылайды,

ынталандырады; білім алушыларға оқу іс-әрекеті процесінде шешуге арналған кәсіби бағытталған проблемаларды көрсетеді. Осы компонент білім алушылардың кәсіби және өмірлік тәжірибесіне, олардың кәсіби мотивациясына, жоспарларына, қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне негізделеді.

Мотивациялық-құндылық компонетінің өлшемдері – *рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруге талпынысы.*

*Оның көрсеткіштері* – рухани-адамгершілік құндылықтарға қызығушылығы; тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиеге талпынысы; өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы.




Сурет 3 – Тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жоғары рухани-адамгершілік тәрбиелілігін қалыптастыру моделі

Тұлғалық-мазмұндық компонетінің өлшемдері – *тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік құндылықтар саласынан білімінің болуы.*

*Оның көрсеткіштері* – адами қасиеттерді, адамгершілік әрекеттерді ажырата білуі; жалпыадамзаттық құндылықтардың өмірдегі, қоғамдағы мәнін түсінуі; ұлттық құндылықтардың мән-маңызын меңгеруі; психологиялық-тұлғалық қабілеттерді игеруі; тұлғалық-бағдарлы технологияларды білуі; тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік тәрбиенің арақатынасын түсінуі және т.б.

Эмоционалдық-бағалаушылық компонетінің өлшемдері – *рухани-адамгершілік құндылықтарды эмоционалдық тұрғыдан қабылдауы және бағалауы.*

*Оның көрсеткіштері* – рухани-адамгершілік құндылықтарды идеал тұрғысынан күйзелістен өткізе алуы, талдай білуі, бағалай алуы; рухани-адамгершілік құндылықтардағы адами, рухани-мәдени, қоғамдық-әлеуметтік, жалпыадамзаттық, ұлттық ерекшеліктерді ажырата алуы; рухани-адамгершілік құндылықтардың табиғилығына, адамилығына, жағымдылығына талдау жасауы; тұлғалық-бағдарлы іс-әрекеттерге талдау жасауы және т.б.

Іс-әрекеттік-нәтижелік компонетінің өлшемдері – *рухани-адамгершілік құндылықтарды тұлғалық-бағдарлы іс-әрекеттерде қолдануы.*

*Оның көрсеткіштері* - рухани-адамгершілік құндылықтарды өмір тәжірибесінде пайдалануы; рухани-адамгершілік құндылықтарын өз бетінше жетілдіруі; рухани-адамгершілік құндылықтарды тұлғалық-бағдарлы сабақтарда қолдануы; рухани-адамгершілік тәрбие бағытындағы жалпы мерекелерге қатысуы; рухани-адамгершілік құндылықтар бойынша ізденістік және зерттеу жұмыстарына қатысуы.

Кесте 5 – Студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің өлшемдері мен көрсеткіштері

| Компоненттері | Өлшемдері | Көрсеткіштері |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Мотивациялық-құндылық | Рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруге талпынысы | - рухани-адамгершілік құндылықтарға қызығушылығы;<br>- тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиеге талпынысы;<br>- өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы; |
| Тұлғалық-мазмұндық | Тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік құндылықтар саласынан білімі | -адами қасиеттерді, адамгершілік әрекеттерді ажырата білуі;<br>-жалпыадамзаттық құндылықтардың өмірдегі, қоғамдағы мәнін түсінуі;<br>- ұлттық құндылықтардың мән-маңызын меңгеруі;<br>- психологиялық-тұлғалық қабілеттерді игеруі;<br>- тұлғалық-бағдарлы технологияларды білуі;<br>-тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік тәрбиенің арақатынасын түсінуі және т.б. |
| Эмоционалдық-бағалаушылық | Рухани-адамгершілік құндылықтарды эмоционалдық тұрғыдан қабылдауы және бағалауы | -рухани-адамгершілік құндылықтарды идеал тұрғысынан күйзелістен өткізе алуы, талдай білуі, бағалай алуы;<br>-рухани-адамгершілік құндылықтардағы адами, рухани-мәдени, қоғамдық-әлеуметтік, жалпыадамзаттық, ұлттық ерекшеліктерді ажырата алуы;<br>-рухани-адамгершілік құндылықтардың табиғилығына, адамилығына, жағымдылығына талдау жасауы;<br>-тұлғалық-бағдарлы іс-әрекеттерге талдау жасауы және т.б. |
| Іс-әрекеттік-нәтижелік | Рухани-адамгершілік құндылықтарды тұлғалық-бағдарлы іс-әрекеттерде қолдануы | -рухани-адамгершілік құндылықтарды өмір тәжірибесінде пайдалануы;<br>-рухани-адамгершілік құндылықтарын өз бетінше жетілдіруі;<br>-рухани-адамгершілік құндылықтарды тұлғалық-бағдарлы сабақтарда қолдануы;<br>-рухани-адамгершілік тәрбие бағытындағы жалпы мерекелерге қатысуы;<br>-рухани-адамгершілік құндылықтар бойынша ізденістік және зерттеу жұмыстарына қатысуы; |

5 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Деңгейлері | Төменгі деңгей – Рухани-адамгершілік құндылықтарға қызығушылығы жоқ. Өзін-өзі анықтауға, дамытуға, жетілдіруге ұмтылысы байқалмайды. Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиеге мән бермейді. Тұлғалық-бағдарлы технология мен рухани-адамгершілік құндылықтар саласынан білім деңгейі төмен. Рухани-адамгершілік құндылықтардың түрлерін білмейді. Олардың өмірлік маңыздылығын түсінбейді. Рухани-адамгершілік құндылықтарды эмоционалдық тұрғыдан қабылдай алмайды, талдай алмайды, бағалай алмайды. Рухани-адамгершілік тәрбие іс-шараларына қатысуға ұмтылысы байқалмайды. Рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруде шығармашылық таныта алмайды. Тұлғалық-бағдарлы іс-әрекеттерде өзін көрсете алмайды.<br><br>Орта деңгей – Рухани-адамгершілік құндылықтарға қызығушылығы бар. Өзін-өзі анықтауға, дамытуға, жетілдіруге талпынады, бірақ, оның маңызын, әлеуметтік мәнін түсінуі жеткіліксіз. Бар түсініктерін күнделікті іс-әрекетте көрсете алмайды. Рухани-адамгершілік құндылықтардың түрлерінен хабары бар. Тұлғалық-бағдарлы технологияларды азырақ біледі. Рухани-адамгершілік құндылықтарды эмоционалдық тұрғыдан қабылдай алады. Оларды талдау, бағалау барысында өзгенің көмегіне сүйенеді. Осы саладан практикалық іскерліктерді айтарлықтай біледі, бірақ тұрақты көрсете алмайды. Өзіне сенімділігі аз, сол себепті рухани-адамгершілік тұрғыдан жасаған істері сенімсіз көрінеді. Іс-әрекетінде шығармашылықтың кейбір элементтерін ғана көрсете алады. Ішінара белсенділік танытады, тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік іс-әрекеттердің қарапайым түрлерінде жекелік таныта алады<br><br>Жоғары деңгей – Рухани-адамгершілік құндылықтарға, тұлғалық-бағдарлы технологияға қызығушылығы айқын байқалады. Оның мәнін, адамгершілік мазмұнын, шығармашылық сипатын, оны дамыту мен сақтау қажеттігін толық түсінеді. Осы саладан тұрақты қызығушылығын, білімдерін таныта алады. Рухани-адамгершілік құндылықтардың түрлерін жақсы меңгерген. Тұлғалық-бағдарлы технологияларды біледі. Рухани-адамгершілік тәрбиені дамытудағы тұлғалық-бағдарлы технологиялардың мәнін түсінеді. Оларды практикалық, өмірлік іс-әрекеттерінде көрсетуге ұмтылады. Рухани-адамгершілік құндылықтардың шынайы құбылыстарын эмоционалдық тұрғыдан қабылдай алады. Оларды рухани-адамгершілікті идеал тұрғысынан күйзелістен өткізе алады, талдау барысында жекелік танытады. Осы құндылықтардағы адамилықты, жағымдылықты, пайдалылықты, қажеттілікті ажырата алады. Тұлғалық- бағдарлы рухани-адамгершілік іс-әрекеттерді шығармашылық тұрғыдан атқарады және жекелік танытады. Жоғары оқу орнының әр түрлі іс-шараларында рухани-адамгершілік тұрғысынан айтарлықтай белсенділік танытады. |

Осы мәселені зерттеудің теориялық және практикалық нәтижелерін қорытындылау тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдірудің үш деңгейін (жоғары, орта және төмен) көрсетуге мүмкіндік берді:

1. *Төмен деңгей*

Рухани-адамгершілік құндылықтарға қызығушылығы жоқ. Өзін-өзі анықтауға, дамытуға, жетілдіруге ұмтылысы байқалмайды. Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиеге мән бермейді. Тұлғалық-бағдарлы технология мен рухани-адамгершілік құндылықтар саласынан білім деңгейі төмен. Рухани-адамгершілік құндылықтардың түрлерін білмейді. Олардың өмірлік маңыздылығын түсінбейді. Рухани-адамгершілік құндылықтарды эмоционалдық тұрғыдан қабылдай алмайды, талдай алмайды, бағалай алмайды. Рухани-адамгершілік тәрбие іс-шараларына қатысуға ұмтылысы байқалмайды. Рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруде шығармашылық таныта алмайды. Тұлғалық-бағдарлы іс-әрекеттерде өзін көрсете алмайды.

2. *Орта деңгей*

Рухани-адамгершілік құндылықтарға қызығушылығы бар. Өзін-өзі анықтауға, дамытуға, жетілдіруге талпынады, бірақ, оның маңызын, әлеуметтік мәнін түсінуі жеткіліксіз. Бар түсініктерін күнделікті іс-әрекетте көрсете алмайды. Рухани-адамгершілік құндылықтардың түрлерінен хабары бар. Тұлғалық-бағдарлы технологияларды азырақ біледі. Рухани-адамгершілік құндылықтарды эмоционалдық тұрғыдан қабылдай алады. Оларды талдау, бағалау барысында өзгенің көмегіне сүйенеді. Осы саладан практикалық іскерліктерді айтарлықтай біледі, бірақ тұрақты көрсете алмайды. Өзіне сенімділігі аз, сол себепті рухани-адамгершілік тұрғыдан жасаған істері сенімсіз көрінеді. Іс-әрекетінде шығармашылықтың кейбір элементтерін ғана көрсете алады. Ішінара белсенділік танытады, тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік іс-әрекеттердің қарапайым түрлерінде жекелік таныта алады.

3. *Жоғары деңгей*

Рухани-адамгершілік құндылықтарға, тұлғалық-бағдарлы технологияға қызығушылығы айқын байқалады. Оның мәнін, адамгершілік мазмұнын, шығармашылық сипатын, оны дамыту мен сақтау қажеттігін толық түсінеді. Осы саладан тұрақты қызығушылығын, білімдерін таныта алады. Рухани-адамгершілік құндылықтардың түрлерін жақсы меңгерген. Тұлғалық-бағдарлы технологияларды біледі. Рухани-адамгершілік тәрбиені дамытудағы тұлғалық-бағдарлы технологиялардың мәнін түсінеді. Оларды практикалық, өмірлік іс-әрекеттерінде көрсетуге ұмтылады. Рухани-адамгершілік құндылықтардың шынайы құбылыстарын эмоционалдық тұрғыдан қабылдай алады. Оларды рухани-адамгершілікті идеал тұрғысынан күйзелістен өткізе алады, талдау барысында жекелік танытады. Осы құндылықтардағы адамилықты, жағымдылықты, пайдалылықты, қажеттілікті ажырата алады. Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік іс-әрекеттерді шығармашылық тұрғыдан атқарады және жекелік танытады. Жоғары оқу орнының әр түрлі іс-

шараларында рухани-адамгершілік тұрғысынан айтарлықтай белсенділік танытады.

Зерттеу барысында жасалған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру моделінің, өлшемдері мен көрсеткіштерінің тиімділігін тексеру мен оларды мақұлдаудан өткізу мақсатында тәжірибелі-эксперимент жұмысы жүргізілді. Ол туралы үшінші тарауда мазмұндалады.

# 3 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ

## 3.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдірудің жолдары

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру жолдары анықталды және жүзеге асырылды. Оның тиімді жолдары болып осы бағытта білім алушылармен *аудиториялық жұмыс, аудиториядан тыс жұмыс жүргізу, педагогикалық практиканы пайдалану, пән апталығын өткізу, оларды университеттік іс-шараларға қатыстыру, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға көмектесу, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке баулу, қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасқа түсу, студенттер арасында жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу.*

*Аудиториялық жұмыс.* Барлық білім беру пәндерінің үш блогы да (жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер, кәсіптендіру пәндері) жоғарыда көрсетілгендей, болашақ мұғалімге өзіндік кәсіби іс-әрекетіне қажетті тек базалық білімдерді қалыптастырып қана қоймай, оны рухани-адамгершілік тұрғыдан дамытуға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар мұғалімді даярлаудың дәстүрлі түрі жалпылама немесе топтық тұрғыда ықпал етуге, ол өз кезегінде шығармашылыққа, мәселенің дербес шешімін таба алуға, әр мәселеге деген студенттің өзіндік қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған. Дәстүрлі оқыту (дәріс, семинар) барысында кәсіби оқыту үрдісін жеке дара ету өте ауыр, ал онсыз болашақ шығармашыл-мұғалім тұлғасын қалыптастыру аса қиын. Сондықтан аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстардың, сонымен қатар әр студенттің өзіндік жұмысын белсенді етудің жаңа жолдарын іздестірудің қажеттілігі арта түседі.

Білім беру үрдісінде оқытудың дәстүрлі емес әдістерін қолдануда біз тек жаңашылдық ізін ғана емес, жан-жақты дамыған маманды даярлау сапасы деңгейінің жоғарылағанын байқаймыз.

Дәстүрлі емес оқыту формаларының мәні студенттердің танымдық белсенділігін көтеру, оқу пәндеріне қызығушылығын ояту, студент тұлғасының шығармашылық әлеуетін, бастамашылдықты дамыту, рухани-адамгершілік тәрбиесін арттыруға септігін тигізетін әр студенттің шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға мүмкіндік беру, кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыруға жағдай құру, кәсіби біліктіліктерді ұтымды қалыптастыру болып табылады.

Оқу жұмысының қалыпты формаларының (дәріс, семинар, лабораториялық және практикалық сабақтар, кеңес беру, емтихан, сынақ) студент көзқарасын өзгертудегі мүмкіндіктері аз. Ал оқытудың дәстүрлі емес әдістері кей

жағдайларда оны – режиссер, келесі жағдайда – оқытушы, үшінші жағдайда – кеңес беруші, төртінші жағдайда – балалар мен курстастарының іс-әрекетін ұйымдастырушы, бесінші жағдайда – өлең шығарушы, алтыншы жағдайда – оқушы, жетінші жағдайда – мектепте білім беру үрдісін ұйымдастырушы орнына қояды. Студенттің орындаушы рөлдерінің әр түрлі болуына қарай, болашақ маман тұлғасының дамуының жан-жақтылығы дамиды, оның ойлау өрісі жүйелі сипатта болып, ойлау мен әрекет икемділігі орнайды.

Сол себепті де университет оқытушылары өз сабақтары барысында дәстүрлі оқыту түрлерімен қатар, тұлғалық-бағдарлы оқыту формаларын пайдаланады, ол формалар өздері тарапынан құрылған және де тәжірибеде жиі қолданылатын әдістер болып табылады. Олардың қатарында қателермен жұмыс дәрісі, ойын-семинарлар, викториналық семинарлар, композициялық-семинарлар, диспут-семинарлар жатады.

Зерттеу барысында практикада формасы жағынан әр түрлілігімен шет тілі, өзін-өзі тану, музыка өнерінің теориясы мен әдістемесі, балалар әдебиеті, риторика, еңбекке баулуды оқыту әдістемесі, бейнелеу өнерінің теориясы мен әдістемесі, дүниетануды оқыту әдістемесі сабақтары ерекшеленді.

Осы пәндерді оқыту барысында *екеулеп оқыту дәрісі* жүргізілді. Мәселен, *екеулеп оқыту дәрісін* екі оқытушы жүргізді. Мұндай дәрістер басқа пәндер оқытушыларымен біргелікте жүргізіледі (мысалы, педагогика және психология, психология және басқа да әдістемелік пәндер және т.б.). Мұндай дәрістерді жүргізудің негізгі мәні, біріншіден, әр түрлі ғылым тарапынан мәселені құзыреттілік тұрғысында қарастыру. Екіншіден, екеулеп дәрісті оқыту барысында студенттердің назарын басты ақпаратқа бөлуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, екеулеп дәріс жүргізу білім беру мәселелерін құруға және оны шешуде қолданылады, төртіншіден, пәнаралық кіріктірушілікті іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқытушының бірі немесе студенттің бірі сұрақтарды қойып, мәселелерді қалыптастырса, екіншісі осы мәселені шешу жолдарын ұсынып қойылған сұрақтарға жауап береді. Екеулеп дәрісті өтудің өзге де нұсқасы бар, белгілі бір мәселенің екі түрлі пәнге ортақ болып алдымен бір пән тұрғысында бір оқытушы немесе студентпен түсіндіріліп, содан соң келесі пән тұрғысынан ашылып, айқындалуы мүмкін. Бұл оқытудың түрі студенттерге басты мәселені ерекшелеп өз назарын аудиторияға бұруға мүмкіндік береді, сонымен қатар екі пәнге ортақ мәселелерін ойластыруға мүмкіндік туады. Бақылаудан көретініміз мұндай дәрістердің дайындық деңгейіне студенттердің қатысуы олардың *өзіндік білім алуын* дамытады, ал ол дегеніміз қазіргі күні аса өзекті мәселе.

*Қателермен жұмыс істеу дәрісі* зерттелген ақпаратты игеруді бақылау үшін пайдаланылды. Біздің ойымызша, бұл әдісті аса маңызды теориялық ақпаратты игеруде пайдалану аса тиімді. Дәріс мазмұны жеке парақ беттеріне шығарылып студенттерге өзіндік оқу үшін таратылып берілді. Студенттер мәтіндегі қатені тауып оны ұжымдық талқылау барысында негіздеп беруге

тиісті. Мұндай оқыту түрі теориялық ақпаратты игерудегі *өзіндік бақылауды* дамытады.

*Ойын-семинарлары* мысалы «Не? Қайда? Қашан?» немесе «Брейн - ринг» меңгерілген білімді біріктіру үшін өткізілді. Бұл теледидар шоу бағдарламалары секілді ойын түрі, оған топ студенттері толықтай қатысады.

Ойын өткізілуі үшін командалар таңдап алынады. Ойын өткізілмес бұрын сұрақтар даярланады. Мұндай семинар өту кезінде аудиторияны алдын ала безендірген дұрыс.

Іс-әрекеттің ойындық сипаты, театрды қолдану, ойдан шығарып айту, жарысу мүмкіндіктерін ел алдына шығып көрсету, *студенттердің іс-әрекетін белсендіреді, пән мазмұнына қызығушылықтарын оятады, қосымша ақпараттады игеру аясында мүмкіндіктері ұлғаяды.* Бұл сабақ формасы тақырып бойынша ақпаратты танымдық ойын негізінде жинақтауына мүмкіндік береді.

*Семинарлар–викторинаны* біз пән апталығын өткізу барысында пайдаландық. Мұндай сабақ формасы бізге студенттердің белгілі тақырып бойынша білімдерінің деңгейін тек анықтап қана қоймай, олардың жалпы білімдері мен қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, елтану бойынша викторина, ағылшын тілі сабағы барысында жүргізіліп студенттерге Ұлыбритания және АҚШ елдерінің мәдениетімен танысуға мүмкіндік берді. Ал шетел тіліндегі музыкалық викториналар рухани-адамгершілік аясын кеңейтуге мүмкіндік берді. Оның үстіне музыка (класикалық және қазіргі заманауи) және шетел тілі бойынша бір уақытта екі пәннен білім деңгейін тексеруге мүмкіндік болды. Семинар-викторина барысында өлең айтып және шетел тілінде өзара тілдесу барысында студенттердің сабаққа деген ынтасы артып, өзіндік жұмысқа қызығушылықтары пайда болды.

*Композициялық семинарлар* интеграцияланған (кіріктірілген) сабақтардан тұрады, оның барысында бірнеше өнер және пән түрлері жинақталады (мысалы: музыка мен психология, музыкалық тәрбие әдістемесі және әдебиет немесе поэзия, бейнелеу өнері және экология және т.б.). олар ортақ бір тақырыппен немесе бір идеямен біріктіріледі. Мұндай сабақ түрлерін студенттер оқытушыдан тапсырма алып өз бетімен жасайды (әр студент өзіндік теориялық дайындық деңгейіне орай және рухани-адамгершілік тәрбиесінің деңгейіне сәйкес алады). Мұндай семинар мысалы, «Құрманғазы әуендері» атты сценарий болуы мүмкін. Мұндай сценарий бойынша оқытушы ұсыныстары бойынша құрастырылған әдебиеттер тізімі, студенттерге тек Құрманғазы күйлерімен тағы бір рет танысып қана қоймай, оның шығармашылығына басқа тұрғыдан қарауына мүмкіндік берді, сонымен қатар осы түрдегі сабақ әдістемесімен таныс болды. 3 курс студенттеріне сабақ барысының ұнағаны соншалық, олар басқа курс студенттеріне осындай ашық сабақ өткізу ұсыныстарын білдірді.

*Семинар – диспут.* Мұндай сабақ барысында талқылауға бір немесе екі тақырып ұсынылады. Мысалы: «Кіші мектеп балаларының адамгершілік әрекеттерін дамытудың тиімді жолдары», «Рухани-адамгершілік тәрбиеге мәнерлеп оқудың ықпалы және қазіргі заманғы білім беру үрдісінде мәнерлеп оқуға деген қызығушылықты оятудың тиімді жолдары» және т.б. Алдын ала екі-үш апта бұрын студенттерге аталған мәселелер бойынша алдыңғы қатарлы мектептер тәжірибесімен және әдебиеттермен танысып шығуга мүмкіндік беріледі. Ол дайындық барысында студентте осы мәселелер бойынша өзіндік пікір қалыптасады, олар өз пікірлерін сабақ барысында қорғап, осы мәселелердің бірнеше амалдарын талқылаудан өткізетін.

Мұндай оқыту түрі алынған ақпаратты шығармашылық түрде қабылдауға, өзіндік бір белгілі көзқарас қалыптастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, жүргізілген эксперимент барысын бақылау кезінде, диспут-семинар сабақтары кезінде студенттер ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетінің белсенді болуы байқалған. Сабақтар өте қызықты асқан белсенділікпен, болашақ мұғалімдердің бастамашылық және шығармашылық мүмкіндіктерінің айқын көрінісімен ерекшеленді.

Жоғарыда аталған оқыту түрлері барлық курс студенттері үшін қолданылды. Атап өтетін жайт оқытудың дәстүрлі емес әдістері белгілі деңгейде оқытудың дәстүрлі әдістерімен үйлесімді іске асты. Дегенмен, олардың өзі жоғарыда аталған тұлғаға бағытталған тәрбие амалдарына сәйкес қайта ойластырылуы керек деп есептейміз.

Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиенің сәттілігі жаңа оқыту технологияларын іздестіруді қажет етеді. Біз тәжірибе барысында тұлғаға бағдарлы жаңа технологияны – әр түрлі деңгейлеп оқыту технологиясын негізге алдық. Біздің міндетіміз аталған технологияның тиімділігін жоғарыда аталған пәндер негізінде тұлғаға бағытталған рухани-адамгершілік тәрбиеге қатысты тексеру еді. Бұл міндетті шешу жолында аталған технология мәні мен мақсатын анықтау керек болды.

Деңгейлік жіктеу арқылы оқыту моделін құру мәні – топты белсенділер мен орта деңгейлі белсенділер деп бөлу арқылы ұйымдастырылады, олардың әрқайсысы бағдарлама материалын әр деңгейде түрлі күрделілігі деңгейінде жекеше уақыт аралығында игереді [224].

Сонымен қатар барлық бағдарлама материалы студенттерге әр деңгейде ұсынылуы керек.

Бірінші (минималды) мазмұнның төмен деңгейіндегі талаптарына сәйкес деңгейде болады.

Екінші (базалық) деңгей негізгі болады.

Үшінші (шығармашыл) бұл – аса күрделі деңгей.

Берілген технологияны қосып жұмыс істеуде карта-сұлба жасап алу қажет болды. Ол карта-сұлбаны құрып және енгізуге, белгілі бір студенттің оқу деңгейіне орай зерттеуге мүмкіндік береді. Толтырылған карта-сұлба негізінде жоғарыда көрсетілген 3 деңгейге сәйкес пән мазмұнын қайта өңдеу;

студенттерді мақсат, міндеттерімен және білімді деңгейлеп игеру үлгілерімен таныстыру; оқу мотивациясы мен қызығушылығын оятуға мүмкіндік жасау; студенттің әлеуеттік мүмкіндіктеріне сәйкес оқу деңгейіне бағдарлау; әр түрлі деңгейдегі үй тапсырмасын құрастыру; студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру істерін алдын ала айқындау жұмыстары жүргізіледі. Осы іс-әрекеттер жеке дара, топтық және жұптық формаларда жүзеге асады.

Сонымен қатар келесідей принциптер сақталуы тиіс:

1. Студент материалды өз еркімен таңдайды.

2. Оқытушы студентке қатысты «Өзің қалаған және мүмкіндігіңе сәйкес тапсырма ал, бірақ міндеттіден төмен емес» делінген жаңа психологиялық ұстанымды ұстанады.

Түрлі деңгейдегі оқытудың сұлбасы келесідей:

1. Әр деңгейде сауалнама жүргізу.

2. Жаңа материалды жеткілікті жоғары деңгейде беру (2-ден төмен емес).

3. Барлық деңгейдегі материалды бекіту.

4. Барлық деңгейдегі қорытынды тестілеу.

Тәжірибе көрсеткендей, бұл технологияны семинар және лабораториялық жұмыстарда қолдану аса тиімді (дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларда).

Мысалы, балалар әдебиеті пәнінде жүргізілген «Аңыз әңгімелер тарихы» атты семинар сабағы. Мұндай сабақтар барысында педагогикалық университет студенттері аңыз-әңгіменің негізгі стилдерімен, бағыттарымен, жанрларымен, мазмұнымен танысады, аңыз-әңгімелердің рухани-адамгершілік тәрбиедегі мән-маңыздылығына мән береді. Сондай-ақ бастауыш сыныпқа арналған білім беру бағдарламаларында ұсынылған аңыз-әңгімелерге қатысты туындылармен танысады. Балалар әдебиеті пәнінің бұл бөлімі бойынша жұмыс бағытының жан-жақтылығы, бір жағынан студенттердің шығармашылық даярлығының жоғарылығы, екінші жағынан тәрбиелік маңыздылығы есепке алынады. Оның үстіне эксперимент барысындағы бақылаудан көретініміз, жоғарыда сипатталған технологияны барлық мүмкіндіктері жағынан пайдалануға жағдай жасайды, және де студентке өзіндік рухани-адамгершлік, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуетін көтеруге, зерттеу пәніне деген қызығушылығын оятып өздерін сәтті ортаға көтерілуіне мүмкіндік береді.

Әр түрлі деңгейлі оқыту технологиясы бойынша жұмыс кезінде оқытушы өзін «идея тудырушы» тұрғысынан сезінеді, ол тек белгілі білімдерді беріп қана қоймай, студенттерді өзіндік білім алуға, өзіндік дамуға, өзіндік жетілдіруге, ақпаратты шығармашылықпен игеруге итермелейді. Сондықтан да, әр ел мен әр заман аңызы туралы айтқан кезде оқытушы әр адамның өзіндік дербес ой-талғамы, тұжырымы барын ескеруі керек, біріне өте жақын болған аңыз сарыны, келесі біріне ешбір әсер етпеуі әбден мүмкін. Сол себепті де аңыз өнері туралы ақпарат өте толық және бай болуы керек, сол кезде ғана әрбір жан өз рухани дүниесіне жақын аңызды таңдап алуына болады. Сонымен қатар адамгершілік-эстетикалық талғам өздігінен пайда болмайды, оны ары қарай дамытып және үнемі жетілдіріп тұру керек. Осыған байланысты, студенттердің

рухани шектеулерінің аясын кеңейтуге біздің ойымызша өз кезегінде тұлғалық бағдарлы оқыту технологияларының септігін тигізетіндігі анық.

«Аңыз-әңгіме тарихы» бойынша семинар сабақтарын 2 курс студенттері дербес өткізді, оның барысында түрлі әдістемелік, көркем әдебиеттер, монографиялар кеңінен пайдаланылды.

Бұдан да басқа, жоғарыда аталғандай әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар қолданылды. Мысалы: М.Мақатаев шығармашылығына арналған сабақ барысында мындай тапсырмалар берілді:

Бірінші деңгей тапсырмалары – ақын өмірімен және шығармашылығымен танысу, оның бір туындысын тыңдап өзіндік алған әсерлерімен бөлісу. Басты назарды балаларға арнап жазылған туындыларға бөлу. Ақын өмірі мен шығармашылығының негізгі деңгейлері туралы хат даярлау.

Екінші деңгей тапсырмалары – ақынның бір өлеңін еске түсіріп орындап беру, жазбаша түрде естігеннен алған әсерін суретпен жеткізу немесе өлең түрінде баяндап беру.

Үшінші деңгей тапсырмалары – сабақ конспектін құру, аспапта ақынның бір туындысын орындап беру, бір туындысып таңдап жатқа айту және т.б.

Жоғарыда аталғандардан көретініміз үшінші деңгей тапсырмалары күрделі. Дегенмен эксперимент барысында осы күрделі тапсырмаларды таңдап алмаған студент болған емес.

Сабақтар әр түрлі және өте қызықты болды. Тапсырмаларды орындау барысында әрбір студент өзінің шығармашылық элементтерін қосты: мысалы бір студент тарапынан ақын өмірінің қызықты үзінділері аспап арқылы орындалса, бірі топпен қосып бір өлеңін орындап бере алды, тағы бірі ақын өлеңдерін орындау арқылы «Ал, қане, тап!» ойынын ұйымдастырды, ал үшінші бір студент ақынның өлеңін мәнерлеп оқып берді. Ақынның өміріне және шығармашылығына арналған өлеңдер, туындылар орындалды. Ақын жайында және оның өмір жолы туралы көркем фильм фрагменттері көпшілік назарына ұсынылды.

Осы тұрғыдағы сабақтар басқа да тақырыптар аясында жүргізілді. Жоғары курстарда осы тапсырмаларға қосымша сабақты даярлау, ұйымдастыру және өткізу әдістемесіне қатысты болды. Мұндай түрдегі тапсырмаларды орындау нәтижелерінің кейбірі қосымшада көрсетілген.

Біз жүргізген зерттеу көрсеткендей тұлғалық-бағдарлы технологияларды пайдалану студенттердің өзіндік жұмысын белсенді етуге септігін тигізеді, ол өз кезегінде оқу үрдісінің маңызды бөлігі болып табылады, жаңа формалар мен аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстардың жаңа мазмұнын іздестіруге түрткі болады.

*2. Аудиториядан тыс жұмыс* аудиториялық жұмыстың жалғасы және толықтырушысы болып табылады. Оларға студенттерді оқытушы жетекшілігімен өтетін сабаққа даярлау (мысалы: өлең шығару, өлең жаттау, шетел тіліне аударма жасау, қосымша материал іздеу және қайта өңдеу), қызығушылықтары бойынша қосымша сабақтар (мысалы: классикалық өлеңге

жақын жандар тобы) ол сабақ барысында қызығушылығы бар студенттер өткен заман классиктері туралы мол ақпарат алуына мүмкіндігі туар еді. Сұранысқа байланысты музыкалық аспапта ойнап үйренемін деушілерге қосымша сабақтар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар аудиториядан тыс жұмысқа біздің ойымызша тәлімгер жұмысын да жатқызуға болады. Әр топпен университет қабырғасында тәлімгерлік сағаттар өткізілді, оның барысында әр түрлі оқу-тәрбиелік міндеттер шешілді, оқуда үлгермеушілік байқалған болса уақытында көмек беруге ұмтылды, студенттік ұжымдағы кикілжіңдерді шешуге тырысты, студенттермен жеке дара жұмыстар жүргізілді, әңгіме, диспуттар түрлі өмір мәселелеріне орай ұйымдастырылып тұрды.

*3. Студенттердің университеттік іс-шараларға қатысуы.*

Эксперименттің тағы бір маңызды деңгейі студенттерді өзіндік рухани-адамгершілік тәрбиелілігіне орай университеттік іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру. Педагогикалық университетте түрлі мерекелік іс-шаралардың өтілу жоспары бар.

Мұндай іс-шаралардың басты мақсаты болып студенттерді бірлескен іс-әрекетке баулу, олардың шығармашылық әлеуетінің ашылуына көмек көрсету, оқу барысында алған білімдерін тәжірибе барысында қолдануға мүмкіндік жасау, оқудан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда белгілі бір білік пен дағдыларды игерту, болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіне қатысты білімдерді меңгерту табылады.

Міне осы мақсатта түрлі іс-шаралардың ұйымдастырылуына барлық студенттер жұмылдырылды. Жыл басынан әр жоспарланған іс-шараға студенттер арасынан жауаптылар сайланды. Содан соң топ басшылары, жастар ұйымы тарапынан әр студенттің шамасына қарай міндеттері жүктелді. Осылайша, белгілі бір студент іс-шара сценарийін құрады, өзге студенттер вокалдық, хор, би, әдебиет, поэзиялық, аспаптық нөмірлерді даярлауға кіріседі, үшіншілері театрлық қойылыммен, төртіншілері өткізілетін орынды безендірумен айналысады. Университеттік іс-шараларға белгілі тұлғалар, әншілер шақырылады.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде ең өзекті мәселелердің бірі жастардың бос уақытын ұйымдастыру мәдениетін қалыптастыру. Бұл ретте студенттерге көмек беруші университет мұғалімдері болып табылады, ол студенттерге демалыс, эмоционалды босаңсу және рухани жетілу мен өзіндік даму беруші бос уақытты ұйымдастыру шараларын ұсына білу керек.

*4. Бос уақытты ұйымдастыру мен реттеуде студенттерге көмек көрсету.*

Қазіргі қоғамның әлеуметтік белсенді тұлғаға сұранысы басым. Оны қалыптастыруға бос уақытты ұйымдастырудың ықпалы зор. Бос уақыт тұлға үшін өзіндік әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша іс-әрекеті үшін арналған кеңістік болып табылады. Оның ішіне демалысқа қатысты бос уақыт және түрлі шығармашылыққа және

өзіндік жетілуге бағытталған іс-әрекеттер кіреді. Бос уақыт белгілі деңгейде реттелуі керек, ал бос уақытты сапалы қолдану адамның ішкі мәдениетіне тікелей қатысты. «Бос уақыт мәдениеті – бұл оны сапалы қолдану деңгейі, ол тұлғаның өзіндік дамуына бағытталған арнайы білім, білік және дағдыны игерудегі белсенді шығармашылық іс-әрекетте көрінеді» [225]. Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиенің бос уақытты мәдениетті түрде ұйымдастырудағы басты міндеті  болып түрлі мәдени орталықтарының іс-әрекетін насихаттау, әдемілікке қызығушылықты оята алу, және әрбір студентке өз бос уақытын ұйымдастыруда көмек беру, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қала және облыс өміріне араластыру және жанашырлық сезімін ояту табылады.

Тұрғылықты қалада көптеген мәдени орталықтар орналасқан, олар көптеген сұранысты қанағаттандыра алады. Қаладағы театр ошақтары әр кезең сайын жаңа туындыларымен қуантады, қала музейлері, көркем сурет көрмелері, концерттік бағдарламалар өте көп. Кітапханаларда түрлі өнер туындыларының кештері, дәріс, диспут, жас дарындар көрмесі ұйымдастырылады. Жоғарыда аталғандардан біз қаламызда жастардың бос уақытын ұйымдастырудың түрлі жолдары бар екендігін айқын көре аламыз.

Сонымен қатар тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиенің көмегімен рухани-адамгершілік білімдерді, біліктерді, құндылықтарды, қажеттіліктерді тек сабақ барысында және өнер туындыларымен арақатынас кезінде ғана емес, бұл қасиеттердің өмірлік, яғни болашақ кәсіби іс-әрекет барысында өзіндік жеке шығармашылығын үнемі жетілдіріп және дамытуда өз үлесін қосуы аса маңызды болып табылады. Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастырудағы бос уақытты ұйымдастыруда студент жастардың жас ерекшелігін ескерген жөн.

Жастар жас ерекшелігіне (16-22) өмірге деген қатынастың эмоционалды-сезімталдық сипатта болуы тән, соның ішінде мәдениетке де қатыстылықты атап өтуге болады. Ойдан шығарылған адамдарға ұқсас болу, жағдаяттар ортасында болу, ойын-сауық ортаны іздестіру, өнердегі адамгершілік бағалардың басымдылығы  осыған тікелей байланысты. Бұл аталғандар өзіндік іске асыру үрдісінде топтық ұмтылыс құбылыстарымен сипатталады.

Дегенмен,  әр тұлға қайталанбас және жеке дара екенін естен шығармаған жөн. ЖОО түскен әрбір талапкер өзіндік мәдени деңгейге және өзіндік көзқарастарға, қажеттіліктерге, талғамға ие,  белгілі бір білімі, біліктіліктері және т.б (отбасы, мектеп, әлеуметтік жағдайлар негізінде бала кезден қалыптасқан) бар. Осы аталған қасиеттердің барлығын студенттермен жұмыс барысында ескерген жөн. Бұл жағдайларда жастар ортасында классикалық туындыларды насихаттау, әрбірінің шығармашылық іс-әрекетке қатыстылығын, мүмкіндіктерін дамыту іс-әрекеттері, әр студенттің жеке әлеуеті мен мүмкіндіктерін ескеру аса маңызды.

Оқытушылардың студентке бос уақытты ұйымдастырудағы көмегі, біздің ойымызша, студенттерді көркем өзіндік іс-әрекетке баулу, әр студент бойында

өзіндік білімге, өзіндік үйренуге, өзіндік дамуға деген ұмтылысты дамыту және студенттерге көркем өнер туындыларымен танысуға мүмкіндік береді. Соңғысы тек студенттерге қала аумағындағы барлық көрмелер туралы ақпарат дұрыс және уақытылы берілген күнде ғана іске асады. Сол себепті де университет қабырғасында қалада өтетін түрлі концерт, театрлық қойылымдар, мәдени іс-шаралар туралы ақпарат ілініп тұрады. Оқытушылар мен студенттер бірлесіп концерт, театрға барып, сол іс-шара болғанға дейін де кейін де талқылап қорытынды шығарып отырады.

Бос уақыттың мәдениетін қалыптастыру үшін студенттерді өзіндік көркемдік іс-әрекетке жұмылдыру маңызды. Осы мақсатта университетте қолайлы жағдайлар жасалған, би топтары, хор, театр, вокалдық топтар, қыздар ансамблі ұйымдастырылған. Бұл әр студентке өзінің рухани тұлғасына қатысты іс-әрекетті таңдауға мүмкіндік береді.

Университет оқытушылары студенттермен үнемі өз бос уақыттарын тиімді пайдаланып және жоспарлау мүмкіндігін қалыптастыру бағытында жұмыс жасайды, ол өз кезегінде болашақ мұғалім үшін аса қажетті сапалардың бірі.

Біз жоғарыда атап көрсеткендей рухани-адамгершілік өзіндік тәрбие өзіндік білім алу мен өзіндік даму мүмкіндік деңгейін көтеруге ықпал етеді. Сонымен қатар біздің ойымызша бұл қасиет болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің басты шарты болып табылатынын айта кеткен жөн.

Болашақ бастауыш сынып мұғаліміне рухани-адамгершілік өзіндік тәрбиені, өзіндік білім алуды, өзіндік дамудың қажеттілігі мен мүмкіндігін қалыптастыру үшін қалай көмек беруге болады?

Біздің пайымдауымызша, университет оқытушысының басты міндеті болып студентке рухани-адамгершілік тұрғыдан өзіндік білім алу, өзіндік даму, өзіндік тәрбиені дамытуда жеке жоспарын құруда көмек беру табылады. Бұл үшін ең алдымен берілген іс-әрекет түрінің дұрыс мотивациясына қол жеткізу керек, ол мотивацияға деген қызығушылық ояту керек. Бұл күрделі міндетті шешуде, біздің ойымызша, үнемі аудиторияда және аудиториядан тыс кезде студенттермен жұмыс барысында мысал ретінде 21 ғасыр оқытушысы үлгісін көрсетіп және түсіндіру қажет, қазіргі заман талабына сай мұғалім біртекті емес, ішкі дүниесі бай және өзіндік дамуға бағдарланған болуы қажет, болашақ мұғалімдерге берілген міндеттер өте күрделі және олардың шешімі қосымша психологиялық, педагогикалық, әдіснамалық әдебиеттерге үңілуге итермелеуші, өз мүмкіндіктерін үнемі дамытып және жетілдіруге бағытталған негізде білім берілгені жөн.

Осылайша, бірінші деңгейде біз сендіру әдісін пайдаланған болсақ, содан соң өзіндік даму, білім алу және тәрбиенің жеке дара бағдарламаларын құруға көштік. Берілген бағдарламалар негізі студенттің өз бойында дамытуды қажет етуші кәсіби және рухани-адамгершілік сапалары болып табылады (ең алдымен рухани-адамгершілік үрдісте). Содан соң әр студенттің қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, жеке дара ерекшеліктеріне сәйкес әдебиеттер тізімі

құрастырылады, ол тізімді оқытушы арнайы міндеттелген оқу бағдарламасын ескере отырып ұсынады. Берілген тізімге студент өз қалауымен әдебиеттерді алып және қоса алады, барлық тізімдегі әдебиеттер зерттелген соң мұғаліммен және өз курстастарымен талқылап пікір алмасады. Төмен курстарда бұл тізімдерде көбіне рухани-адамгершілік өзіндік білім мен тәрбие мазмұны басымырақ қамтылса, жоғарғы курстарда әдістемелік амалдарға бағытталған болды.

Жеке бағдарламаның тағы бір маңызды бөлігі болып рухани-адамгершілік тәрбиені жетілдіру табылады. Онда студент (басқаның көмегінсіз) қандай рухани-адамгершілік іс-әрекет барысында жетілдіруді қажет ететінін және ол үшін қандай әрекеттер атқаратынын нақты көрсетеді. Келесі деңгей, біздің ойымызша аса маңызды саналады. Осы жоспарды іске асыру үшін жағдай жасау нәтижелігі болашақ мұғалім бойындағы ерік-жігерінің мықтылығынан талап етіледі. Сонымен қатар студенттің өз жоспарында әр міндетке қатысты уақыт мерзімін белгілеп және орындалу деңгейіне қарай санақ жүргізуін қадағалау аса маңызды.

Атап өтерлік жайт, әр студент үшін рухани-адамгершілік тұрғыдан өзіндік білім алу мен даму жоспарын құру аса қажет, бірақ міндетті емес, өйткені өзіндік жетілдіру үрдісін күшпен жүргізуге болмайды. Дегенмен, берілген эксперимент көптеген студенттер үшін қызықты әдістемелік және нақты мәліметтер жинақтауға, рухани-адамгершілік білімдерін, білік, дағдыларын жетілдіруге, белгілі бір іс-әрекетке қызығушылық танытуға мүмкіндік берді. Бұл аталғандар тәжірибе көрсеткендей студенттерге тек музыка, бейнелеу өнері және еңбек пәндерінде ғана емес, басқа пәндерде де өзін сәтті және белсенді сезінуге жағдай тудырды. Сонымен қатар осындай жеке жоспарлармен жұмыс кезінде көптеген студенттер өз бойларында еңбексүйгіштік, коммуникативті мүмкіндіктер, педагогикалық әділеттілік және адамгершілік сияқты қасиеттерді жетілдірудің қажетті екенін түсінді.

Бағдарламаның жағымды сапаларының бірі болып студент пен оқытушының арасында өзара ақпарат алмасу, өзіндік білім алмасу орын алатындығы саналады. Сондай-ақ, мұның тұлғалық-бағдарлық білім беру мен тәрбиенің басты ұстанымдарының бірі екенін атап өткен жөн.

*5. Пән апталығын өткізу.* Бұл апталықты өткізуде университет басшылығының көмегі аса зор болды. Мұндай апталықтардың бағдарламалары жан-жақты жеткілікті деңгейде жоспарланады, сондай-ақ өз кезегінде студенттен қызықтырушы мәселеге қатысты әдебиетті дұрыс таңдау мүмкіндігін, сонымен қатар каталог, картотека, әдебиеттен конспект жасау, көпшілік алдында сөз сөйлеу, үнемі жаңалық ойлап табуды талап етеді. Біздің ойымызша университетте мұндай пән апталығын өткізу тікелей студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысымен байланысты, өйткені жоғарыда аталған біліктіліктер оның құрамдас бөлігі болып табылады. Пән апталығын өткізу тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиенің басты құралдарының бірі болып табылады. Өйткені басты назар барлық үрдістің рухани-адамгершілік

жағына оны даярлау мен өткізуге бөлінеді. Сондай-ақ, әр студенттің шығармашылығы ескеріледі. Және атап айтарлық жайт жылдан жылға пән апталығының дайындық сапасы және өту деңгейі жақсаруда. Оқытушылар студенттермен бірлесе жұмыс істеп жаңа формалар мен бағыттар табуда.

Университетте студенттердің бастамасымен музыка апталығы жүргізілді. Музыкалық тәрбие әдістемесі бағдарламасында кіші мектеп жасындағы балалармен әр түрлі жұмыс әдістері және формалары қарастырылған, ол бағдарлама құрамынан жаңашылдықты көп көреміз, сондықтан бір сабақ барысында музыкалық ертегіні қоюдың жаңа тәсілдері көрсетілген. Зерттеу нәтижесінде осы әдістеме бойынша жоғары курс студенттері белгілі бір ертегі қойылымын қою керек еді. Осы бағыттағы жұмыс пән апталығы ауқымында рухани-адамгершілік тақырыптарында музыкалық ертегілер жарысын өткізуге түрткі болды.

Жарыстың басты талабы әр студенттің мүмкіндігіне сәйкес ертегіге барлығының толық қатысуы болды. Осылайша, бір студенттер актер, енді біреулері режиссер, қойылымды қоюшы, ұйымдастырушы, үшіншілері – көркем безендірушілер, төртіншілері – музыкалық редакторлар, бесіншілері – костюмерлер рөлін ойнады. Сол себепті де әр ертегі өздігінше ерекше, әр белгілі ертегі мазмұнына студенттер тарапынан эстетикалық шығармашылық, жаңашылдық қосылды. Берілген іс-шара әрбір студентке өзін жаңа бейнеде, рөлде көруге, рухани-адамгершілік құндылықтардың өмірдегі, қоғамдағы мәнін ұғына түсуге мүмкіндік берді.

*6. Студенттердің тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіруде педагогикалық практиканы қолдану.*

Педагогикалық практика мұғалімді кәсіби даярлаудың басты бөлігі болып табылады. Ол болашақ мұғалімдердің педагогикалық біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырудың негізгі іргетасы болуы керек. Әр студенттің кәсіби және тұлғалық сапаларын қалыптастыруға бағытталған барлық оқу-тәрбиелік іс-әрекет, негізінде практикаға деген теориялық даярлық болып табылады. Сонымен қатар, педагогиканы, психологияны оқытудың әдістемесі пәндерінде және оқудан тыс уақытта студенттер практиканы өтудің негізгі талаптарымен, оның құрылымымен, қиындықтарымен және оны шешудің жолдарымен танысады. Осы мақсатта университетте, содан соң мектепте студенттерге білікті мамандар қатысуымен таныстыру – қорытындылау конференциялары жүргізіледі, апта сайын кеңес беріліп және практиканы жүргізудің нұсқаулығы таратылып беріледі. ЖОО оқытушылары студенттер сабақтарына және сабақтан тыс іс-шараларына толықтай қатысады, оның барысында студенттерге сабақты ұйымдастыру мен жүргізуде, өзіндік талдау біліктілігін игеруде, бейімделуші мәселелерді шешуде көмек береді.

Педагогикалық практика бейімдеу, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, айқындау сияқты белгілі бір міндеттерді атқарады. Біз студенттермен жұмысты осы қызметтерді толық қамту мақсатында ұйымдастыруға тырыстық.

Тәжірибе көрсеткендей практиканы өтудегі ең үлкен үрей студенттерде музыка пәнін өткізуде туындады. Бұл ең алдымен студенттердің белгілі бір аспапта ойнай алмауымен байланысты, олардың көпшілігі практика басталғанға дейін белгілі бір теориялық, әдіснамалық даярлықтан өтеді, нәтижесінде практикадан өтуі барысында жақсы көрсеткіштер береді. Сондықтан біз бірінші деңгейдегі басты міндет деп студенттердің үйреншіксіз ортаға бейімделуі деп есептейміз.

Осы мақсатта әрбір студент өзінің сынама және сынақ сабақтарына өтпес бұрын толықтай мектептегі рухани-адамгершілік жұмыстардың барлық бағыттарымен, түрлерімен және формаларымен, оның басты мақсаттарымен, осы мекеме мұғалімдерінің жұмыс бағдарламаларымен, барлық сыныптың рухани-адамгершілік даярлығымен және әр оқушының рухани-адамгершілік тәрбиесімен танысып өтеді. Бұл студенттерге өздерін сенімді сезінуге мүмкіндік береді, оларға рухани-адамгершілік бағыттағы өз жұмысын тек университет әдіскерлері талаптарына ғана сай емес, белгілі бір мекеменің ғылыми жұмысының бағытын ескеруге де мүмкіндік береді.

Практика барысында студенттер өзіндік тәрбие, өзіндік даму және өзіндік білім алумен айналысу керектігін тез түсінеді, себебі алған білімдері жеткіліксіз болып, ал кәсіби маңызды сапалар үнемі дамытуды қажет етеді.

Практиканы ұйымдастыру кезінде әр студент даярлығының тұлғаға бағытталғандығын және шығармашылық сипатын қамтамасыз ету қажет, ол практика кезінде тәрбие мен оқыту объекті ғана болмауға тиісті. Өзара әрекеттестік жүйесін біз өзара әрекеттестік және ынтымақтастық сипатта құруға тырыстық, яғни көздеген мақсатымыз студенттің белгілі субъектілік позициясын қолдау болып табылды.

Педагогикалық практиканы рухани-адамгершілік аспектіде ұйымдастыру кезінде біз тек практика бағдарламасының ғана орындалуын көздемедік, біз әр студентке жеке дара тұлға ретінде қарап, оның бойындағы аса құнды тұлғалық және кәсіби сапаларды ашуға, ал әлсіз жақтарын толтыруға тырыстық. Әрбір студент практика кезінде өз пікірін айтып және қорғауға, кеңес алуға, көмек сұрауға толықтай мүмкіндігі болды.

Біздің іс-әрекетіміздің басты ұстанымы «Барлық сабақтар жалпы талаптарға сай болғанымен, әр сабақ ерекше өзгеге ұқсамайтын болуы керек» болып табылды. Бұл ұстанымды іске асыруда әрбір студент бір жағынан бағдарлама талаптарымен шектеледі, екінші жағынан сол сабақты өткізу формасын, әдіс-тәсілдерін таңдауды өз еркімен іске асыра алды. Нәтижесінде әр студент сабағы өзіндік бір тұлғалық белгіге ие болды. Бұл білім алушылардың рухани-адамгершілік қабылдауын, белсенділігін, танымдық қызығушылығын белсенді етіп, студент-практикантқа оның алдағы жұмысына түрткі болды.

Сонымен қатар балаларда белгілі бір тақырыптарды жалғастыру қажеттілігі туындап, студентте сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастыру қажеттілігі туындады. Мысалы бір студенттің 3 сыныпқа өткен «Адам және

табиғат» атты сабағы. Оқушыларға осы тақырыптағы сабақ қатты ұнап, студент-практиканттан адамның табиғатқа ықпалы, табиғаттың адам өміріне ықпалы, адамның табиғатты бейнелеуі туралы толығырақ ақпарат беруін өтінген. Студент осы сабақты дүниетанумен, музыкамен, бейнелеу өнерімен, әдебиеттік оқумен байланыстырып өткен болатын. Осы сабақтан кейін студент пен оқушылар табиғаттың ерекшеліктерімен шынайы танысу мақсатында демалыс кезінде хайуанаттар бағына, Гүлстан-гүлзар орталығына, табиғат аясына, Орталық мұражайға баруға шешім қабылдады. Хайуанаттар бағынан жануарлардың, құстардың дыбыстауына, қоректенуіне мән берсе, Гүлстан-гүлзар орталығында өсімдіктердің тіршілік етуі, гүлдердің түрлері, олардың атауларының өздерінің қасиеттеріне байланысты аталуына баса назар аударды. Орталық мұражайдағы сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы жануар тектес, өсімдік тектес ою-өрнектердің мән-мазмұнына терең үңілді. Нәтижесінде оқушыларға алдын-ала экскурсия алдында берілген тапсырмалары бойынша зерттеу жұмыстары орындалды. 3 сынып оқушыларының экскурсиядан кейін шама-шарқынша жасаған зерттеу жұмыстарының есептері слайд шоу, тұсау кесер, бағдарламалық кеш тұрғысынан ұйымдастырылды. Олардың осы іс-шараларға қызығушылығы оны орындау барысындағы белсенділігінен көрінді. Олардың табиғат туралы, бейнелеу өнері туралы білімдерінің артуымен қатар табиғатқа, адам еңбегіне деген аялы көзқарастары артты. Экскурсияға бару, зерттеу жұмыстарын жүргізу, іс-шараны өткізу барысындағы өзара қарым-қатынастары негізінде шығармашылықтары, бір-біріне сыйластықтары, достықтары дамып қана қоймай, өзара көмектесу, табиғатқа қамқорлық жасау сияқты адамгершілік іс-әрекеттері артты. Ал бұл болса оқушылардың сабақ тыс уақыттағы бос уақытын ұйымдастыру нәтижесінің тиімділігін көрсетті.

Әрине бұл сабақтардың барлығы дерлік студенттермен жоғары деңгейде жүргізілді. Бұл тікелей түрлі объективті және субъективті жағдайларға байланысты, және ең алдымен әрбірінің рухани және кәсіби даярлығына байланысты. Дегенмен, біздің ойымызша, ең басты нәтиже педагогикалық іс-әрекетте көпшілігінің өзіндік жетілуге деген ұмтылысының оянуы.

Сынақ сабақтармен қатар студенттер ашық сабақтар, сондай-ақ сабақтан тыс жұмыстар жүргізді. Студенттермен жұмыс кезінде біз олардың барлық іс-әрекет аясын рухани-адамгершілікке сай етуге тырыстық. Сол себепті де басты назар тек сабақтың мазмұндық және тәрбиелігі жағына ғана емес, дайындалған материалдардың рухани-адамгершілік мазмұнына, қарым-қатынас жасау әдебіне, сыртқы бейнесіне, жүріс-тұрысына да мән берілді. Сонымен қатар біздің пікірімізше практика барысында студенттер кіші мектеп жасындағы рухани-адамгершілік тәрбие бойынша жұмысты ғана жүргізіп қоймай, сонымен қатар өздері де рухани-адамгершілік тәрбиеге ие болады. Осы деңгейге жетуіне мектеп мұғалімдерімен және ата-аналармен қарым-қатынас та ықпал етті.

*7. Студенттерді кіші мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесі бойынша ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке баулу.*

Жоғарыда атап өткеніміздей іс-әрекеттің бұл түрі педагогикалық практиканың ажырамас бөлігі болып табылады. Дегенмен оған студенттерді араластыру ЖОО оқыту барысында, оқу үрдісінде және оқудан тыс үрдісте жүреді, ғылыми-зерттеу іс-әрекеті өте күрделі және оны игеру қысқа мерзімде мүмкін емес. Ол белсенді ұйымдастыру жұмысын студенттермен жаңа жұмыс формаларын іздестіруді талап етеді.

Сол себепті де студенттердің ғылыми-зерттеушілік педагогикалық іс-әрекетіне қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыру үшін оқытушының үнемі бағытталған жұмысы оқыту сабақтары үрдісінде, курстық жұмысты жазу бойынша нұсқаулықты жазу және өзге де жұмыс формалары жүргізіледі. Университетте «Дәстүрлі өнер және фольклор» орталығы, «Кіші ғылым» академиясы, «Көкжиек» ғылыми үйірмесі, «Інжу-маржан», «Назқоңыр», «Үміт» үйірмелері, «Ізгілік», «Жан жылуы», «Педагогикалық шеберлік» клубтары құрылған. Осы ұйымдар қала мұғалімдерімен және университет студенттерімен түрлі ғылыми-зерттеушілік, ұйымдастырушылық, әдістемелік, тәрбиелік жұмыстар жүргізеді. Рухани-адамгершілік тәрбиелеу орталығы өзге де орталықтармен, оқытушылармен, белсенді түрде ғылыми-зерттеушілік жұмысқа студенттерді араластырады. Бұл ретте біз үшін маңызды болып орталықтардың өзара әрекеттестігі, олардың басты психологиялық-педагогикалық бағыттары бойынша бірлескен жұмысы табылады.

Экспериментті жүргізу кезінде рухани-адамгершілік тәрбие беру орталығының негізгі міндеті тек қана білім беру мекеме қызметкерлерімен қарым-қатынас құрып қана қоймай, сонымен қатар, ғылыми-педагогикалық мәселелер бойынша түрлі бағыттағы жұмыстар мен студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесі үрдісін толықтай басқару болып табылады.

Орталықтың барлық жұмысы толықтай студенттерде қазіргі заманауи мәселелерге қызығушылығын ояту және белсенді түрде ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне араластыруға бағытталған. Ол үшін төмен курста оқу зерттеушілік бағытын тексеру орын алатын. Бұл рухани-адамгершілік тәрбие жұмысы бойынша зерттеу бағдарлама мазмұнын түсіндіру негізінде, жұмыс көлемі мен оның ерекшеліктерін ескеру арқылы іске асады. Рухани-адамгершілік тәрбие мәселелеріне қызығушылық танытқан студенттерге біз зерттеу тақырыптарын ұсындық, ол тақырыптардың аясы түрлі аспектілерді қамтыды, мысалы: тұлғаның белгілі бір рухани-адамгершілік сапаларын қалыптастырудағы өнердің ықпалы, тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесінің психологиялық негіздері зерттеу тапсырмалары оларға интеграцияланған пәндерді де қарастыруға мүмкіндік болды. Тақырыпты таңдау кезінде біз студент тұлғасының ерекшеліктері мен қызығушылықтары және мүмкіншіліктерін ескердік. Біздің мақсатымыз студент таңдап алған тақырыбын университетте оқу барысында толықтай алып жүре алатындай деңгейде болуын қадағаладық. Оқудағы ғылыми-зерттеушілік жұмыс нәтижелері оқу бағдарламасына сәйкес курстық жұмыс және дипломдық жұмыс жазумен көрінеді. Біз бұл екі ғылыми-зерттеу жұмыс тақырыптары бір-бірін толықтырып жалғастыруға мүмкіндік

болуын қадағаладық. Біздің ойымызша, мұндай тұғыр студенттің ғылыми-зерттеу жұмысының сапасын көтеріп, және болашақ мамандығына шығармашылық көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*8. Қоршаған ортаға және оқытушылар, студенттер, мұғалімдер, қызметкерлер қарым-қатынасына белсенді араласу.*

Қоршаған орта сұлулығы қазіргі тұлғалық дамуда аса маңызды. Заманауи адам сұлулықты жұмыста да, тіршілікте де тапқан дұрыс. Сол себепті де еңбекке баулу әдістемесі сабағында балалар тұрғын үй мәдениетімен танысты. Затты табиғи материалдан жасау барысында үйлесімділік, стиль бірлігі, қолданбалық және руханилық бірлігі талаптарын ескеру қажеттілігі ескертіледі. Осындай талаптарды жүзеге асыруда студенттердің түстік және сызықтық үйлесімділік туралы түсінігі қалыптасады. Студенттерге арнайы «Әсемдікті өз қолыңмен жаса», «Сұлулықтың адам өміріне ықпалы», «Жан сұлулығы мен тән сұлулығы» тәрбие сағаттарын даярлау практикалық тапсырмалар беріледі, оны студенттер өз бетінше таңдап алады. Сонымен қатар ұжымдық, топпен біргелікте университет аудиторияларын және мектеп кабинеттерін безендіруге қатысуы олардың еңбекке ынталығын дамытып, жұмысқа жауапкершіліктерін арттырады, сыйластық, достық, ұйымшылдық қарым-қатынастары, белсенділіктері артады, шеберліктері шыңдалады.

Тұлғалық-бағдарлы рухани- адамгершілік тәрбие беруде оларды қазіргі заманауи тұрмыстық мәдениетке араластыру, басты адамгершілік нормаларды үйрету, жұмыста, үйде, қоғамдық орындарда және қонақта өзін- өзі ұстау әдептеріне үйретуді қоюға болады. Бұл бағыттағы жұмыс педагогика, психология пәндерінің лабораториялық және практикалық сабақтарында жүргізіледі. Студенттерге тұрмыстық мәдениетке қатысты баяндама жасау тапсырылады. Көптеген студенттер кіші мектеп жасындағы балаларға қарым-қатынас жасау және тұрмыс мәдениеті бойынша тәрбие сағаттарын жүргізе алады.

*9. Жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру бойынша студенттер арасында жүргізілген жұмыс.*

Педагогикалық шеберлік, гуманитарлық-эстетикалық циклдағы пәндер бойынша сабақ барысында оқудан тыс уақытта студенттер адам сырт бейнесінің негізгі сипаттамаларымен танысты (жүріс-тұрысы, қылығы, киім үлгісі, эмоционалды жағдайы), стиль туралы түсінік қалыптастырды, сонымен қатар сән үлгісінің тарихы, қоғамға және заманға сай өзгеру үрдістері, сырт киімнің адам жасына әсері, жыл мезгілдерінің адам киіміне әсері туралы ақпараттар берілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиелілігін дамытудың жоғарыда айтылып өткендей жолдары бірқатар педагогикалық шарттарды сақтағанда нәтижелі жүзеге асырылады. Бұл туралы келесі параграфта мазмұндалады.

### 3.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары

Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіруде белгілі бір педагогикалық шарттарының сақталу керектігін эксперимент негізінде дәлелдеу барысын осы бөлімде сипаттауды жөн санадық.

Шарттар өзіндік бір жүйелі құрылым, өйткені әр іс-әрекетте белгілі бір жүйе құрамын қамтамасыз етуші өзіндік бір шарттар тобы болады. Сол себепті де *жалпы* және *жеке* шарттарының жүйелі бірлігінің болуы тұлғаға бағытталған рухани-адамгершілік тәрбиенің іске асыруға және ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы шарттардың бірі – *әдіснамалық қамтамасыз ету*. Ғылыми әдебиеттерде әдіснама әдістер туралы ілім деп түсіндіріледі. Берілген ілім зерттелуші мәселенің объективті заңдылығын айқындау мақсатымен педагогикалық ғылымның зерттеу әдістерін анықтауға мүмкіндік тудырады.

Педагогикалық үдерісте алынған ақпарат объективтілігі мына жағдайларға мән беру қажеттілігін көрсетеді. Егер педагогикалық ұжым педагогика және психология негіздерін жетік меңгерген болса, пәндерді оқытудың әдістемесін, алынған мәліметті өңдеу мен диагностикалау әдістерін, оқу-тәрбиелік үрдісті ұйымдастыру әдістемелерін толық игерсе, онда олар жоғары кәсібилігімен ерекшелене алады. Біздің зерттеуімізге қатысты негізгі әдіснамалық ережелер тұлға дамуы туралы білім, ғылыми іс-әрекет теориясы, танымдар, жалпы мен жекенің бірлігі, олардың өзара байланысы туралы білім, теория мен практика бірлігі, тұлға дамуы мен тәрбиедегі жүйелілік амалы болып табылады.

Педагогикалық университетте кәсібилігі жоғары білікті мамандар қызмет етеді, олардың басым бөлігі ғылым докторлары мен профессорлар, ғылым кандидаттары мен доценттер болып табылады. Соған қарамастан біз тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиені *жүйелі жүзеге асыру мақсатында* университетте ғылым докторлары, профессорлардың қатысуымен әдіснамалық семинарлар ұйымдастырдық. Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие бойынша әдіснамалық ережелер университет оқытушыларымен тұтас бағдарлама әрекетін іске асыру негізінде игерілді, оның барысында түрлі форма, әдістер және ақпарат алудағы түрлі жолдар қолданылды. Бұл Қазақстанның беделді жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста оқытушылардың өзара тәжірибе алмасуы, оларға тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиенің жаңа формалары мен әдістерін пайдалануға, сонымен қатар, студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесінің әдістемелерін зерттеуге мүмкіндіктер берді.

Университет оқытушылары тәжірибелі-эксперименттік жұмысқа қатысып, әдіснамалық ережелерді жеке зерттеп, ғылыми орталықтар жұмысына қатысып, университет ішілік және университет аралық конференцияларға қатысып, ғылыми мақалаларын басылымға беріп, әдістемелік нұсқаулықтарын ұсынды.

Алдынғы бөлімде атап өткендей белсенді ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне университет студенттері қатысты, олар сабақ барысында, сабақтан тыс уақытта қажетті әдіснамалық білім, білік және дағдыларды игерді. Осы мақсатта болашақ мұғалімдер әдіснамалық семинарларға қатысуға белсенді түрде тартылады және олар үшін арнайы сабақтар жүргізіледі.

Осылайша, тәжірибелі-эксперименттік жұмысқа қатысушылардың барлығының *әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етілуі* маңызды орынға ие.

Тұлғалық-бағдарлық рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің келесі тиімді шарты *материалдық қамтамасыз ету* болып табылады. Рухани-адамгершілік тәрбиеде өзара рухани және материалдық байланысты екі жақтарының болуы заңды. Руханилық жаңа рухани құндылықтар тудырады, олар өзіндік іске асуда материалдық құндылыққа алып келеді. Өз кезегінде материалдылық рухани құндылықты болашақ ұрпаққа беруде маңызды құрал болып табылады, және де жаңа материалдық құндылықтар құруда бастапқы негіз болып табылады. Ұсынылған үрдіс диалектикалық және өзара байланысты болып табылады. Сондықтан материалды қамтамасыз етуді құру бағытында жұмыс істеу барысында біз рухани-адамгершілік тәрбиенің іске асуын, және педагогикалық тәжірибе алмасуды қамтимыз.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмысты талдау бастапқы деңгейде бірнеше теориялық қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

- университетте өзіндік біртұтас блоктан, әдістемелік әдебиеттерден, түрлі дидактикалық материалдан, оқытудың техникалық құралдарынан, құрал-жабдықтардан тұратын материалды-техникалық база құру қажет;

- оқу- тәрбие үрдісін жетілдіру үшін материалдық базаны қолданудың нақты тәртібі мен құрылымы өңделген болуы тиіс;

- оқу-материалдық құралдарды тиімді қолдануға жаңа оқу-әдістемелік құралдарды алудың жоспарын құру әсер етеді, ол өз кезегінде материалды базаны сақтау мен дамытуға септігін тигізеді.

- материалдық қамтамасыз ету оқу-тәрбие үрдісінің құрамдас бөлігі болуы керек, өйткені материалдық-техникалық құралдар студенттің тұлғасына бағытталған рухани-адамгершілік тәрбие үшін аса қажет болып табылады;

- материалдық-техникалық құралдарды нәтижелі қолдануға оқу-тәрбие үрдісінде осы құралдарды дұрыс қолдану әдістемесі, оқытушылар мен студенттерде танымдық мотивациясын қалыптастыру оң ықпал етеді.

Эксперимент барысында біз қазіргі заманауи оқу және әдістемелік әдебиеттерді, педагогикалық ЖОО студенттері мен кіші мектеп жасындағы оқушының рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесіне қатысты дидактикалық материалдарды алу үшін көп күш жұмсадық, соның негізінде оқытушылар мен студенттер сабақты заманауи бағдарламаларға сәйкес оқытудың дәстүрлі және дәстүрлі емес технологияларын қолданып ұйымдастыруға мүмкіндік алды. Көптеген көрнекілік құралдарды студенттер өз бетінше даярлады.

Педагогикалық университетте компьютерлік сыныптардың бар болуы бізге тестілеуді электронды түрде өткізуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар

компьютер сыныптарында біз көптеген сабақтарымызды өткіздік, оның қатарында сынақ сабақтары да кіреді.

Университетте қазақ тілі, математика, шетел тілі, музыкалық білім беру, бейнелеу өнері, еңбекке баулу, дүниетану кабинеттері бар.

Педагогикалық университеттің материалдық базасы әрі қарай даму үстінде, күннен күнге оқу-әдістемелік құралдармен, техникалық оқыту құралдарымен толықтырылады.

Әдістемелік қамтамасыз ету тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі шарттарының бірі. Университеттің педагогикалық ұжымы үнемі мемлекеттік стандарт негізінде әр пән үшін оқу бағдарламаларын және жұмыс бағдарламаларын құрумен айналысады. Әр бағдарлама жыл сайын жеке әдістемелік тәжірибемен, тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие мәселелері аймағында арнайы әдістемелермен, ұжымдық зерттеулермен жаңартылып тұрды. Бағдарламаларды құрастыру кезінде осы саладағы тәжірибелерді толықтай жинақтауға тырыстық. Жыл сайын оқытушылар рухани-адамгершілік тәрбие саласынан әр түрлі пәндік әдістемелік нұсқаулықтар шығарды. Эксперимент барысында біз үнемі университет оқытушыларымен, тәлімгерлермен тәжірибе алмасып бірлескен іс-әрекет құра білдік, кафедра отырыстарында, конференцияларда олармен рухани-адамгершілік тәрбиені белсенді етудің нұсқауларын өзара талқылаудан өткізіп пікір алмастық.

Тиімділіктің келесі жалпы шарты *ұйымдастырушылық-басқарушылық қамтамасыз ету* болып табылады.

Білім беру үрдісін басқару ЖОО-нда теориялық, әдіснамалық, әдістемелік, практикалық деңгейде іске асады. Бұл деңгейлер байланыс түзуші жүйеге сәйкес педагогикалық үрдіс тұтастығын құрады. Педагогикалық университетте ұтымды басқару университеттің, факультеттің ғылыми кеңесімен, ректорат, деканат жиналысы негізінде, кафедра отырыстарымен, әдістемелік ұйымдар арқылы, жастар комитеті, студенттік өзін-өзі басқару, оқытушының ата-аналармен, деканның және кафедра меңгерушісінің жеке жұмысымен түрлі формада жүзеге асады.

Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиені ұйымдастырушылық-басқарушылық қамтамасыз ету ғылыми орталықтар арқылы іске асады, және де студенттік деканат жұмысы, рухани- адамгершілік тәрбие бойынша студенттік кеңесті құру арқылы жүзеге асырылады.

Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие тиімділігінің жалпы шарттарының бірі *кадрлық қамтамасыз ету* болып табылады.

Педагогикалық университетте кадрлармен жұмысқа аса мол назар бөлінеді. Университетте жоғарыда атап өткеніміздей аса тәжірибелі білікті мамандар қызмет етеді. Жылдан жылға олардың кәсіби деңгейі жоғарылау үстінде оған әдіснамалық семинарлардың, университет конференцияларының өткізілуі, басқа ЖОО шығармашылық байланыста болуы, республикада орталықтандырылған «Өрлеу» педагогтардың біліктілігін көтеру курстарынан,

шетелдік тағылымдамалардан өтуі, осы курстарда жаңа технологиялармен қарулануы дәлел бола алады. Тәжірибе көрсеткендей университетте олардың білімдерін жетілдіруге барлық жағдай жасалынған.

Сондай-ақ, зерттеу барысында жоғарыда аталып өткендей, жалпы шарттармен қатар, жеке шарттарды да анықтап алдық.

Соның бірі – *оқу-тәрбие үдерісін тұтас руханиландыру.*

Біз педагогикалық университеттің өміріне жан-жақты өзгерістер енгізуге, әр студентке өзіндік шығармашылық әлеуетін барынша жүзеге асыруға көмек беруге, болашақ мұғалімдерге өзіндік іс-әрекеттің барлық аясында жетістікке деген ұмтылыс арту керектігін сезінуге жағдай жасауға ұмтылдық.

Эксперимент барысында алынған мәліметтер қойылған болжамды растады, егер тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие *оқу, оқудан тыс,* практикалық, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті қамтыса, онда ол тиімді болады. Осындай жүйелі амал шарттарында ғана студентте мәселеге деген ерекше көзқарас қалыптасады, ол өз мүмкіндігін ашуға ынталанып, өзін-өзі түсініп, өз мәдени деңгейін жетілдіріп өмірдегі өзіндік ерекше жолын табуға мүмкіндік алады.

Бұл ретте басты назарды студенттердің пікіріне бөлдік, олардың түрлі мәселелер бойынша пікірін тыңдап, өзіндік талдау, тексеру мен бағалауға тапсырмалар таратып бердік. Сонымен қатар эксперимент барысында барлық курс студенттеріне жалпы мәдениет деңгейін тексеруді ұсындық. Эксперименттің басында және соңында алынған нәтижелер өзіндік бағалау негізінде жалпы мәдениет деңгейі жоғары курс студентері мысалында көрсетілген. Айта кететін жайт, өзіндік бағалау барлық көрсеткіштері бойынша өскен жоқ, біздің бақылауымыздан көретініміз студенттердің өзіне деген талап қоя алуы, өзіндік жетілдіруге ұмтылысы өскен.

Болашақ мұғалімнің тұлғалық және кәсіби қалыптасуының негізі оның оқу іс-әрекеті болып табылады. Сол себепті де келесі рухани-адамгершілік тәрбие дамуының жеке шартының бірі *педагогикалық ЖОО оқу бағдарламаларының рухани-адамгершілік тәрбиесі әлеуетін барынша пайдалану және ашу* деп есептейміз. Бұл бағыттағы жұмыс пен оның қорытындылары туралы талдау нәтижелерін осы зерттеудің 3.3 бөлімінен көре аласыз. Жүргізілген эксперимент негізінде біз әр пәннің толық рухани- адамгершілік жағын ашып қана қоймай, әлеуетінің аса жоғары екенін айта отырып ол бағыттағы дамыту мен жетілдіру жұмыстарының үздіксіз жүруін қадағалау керек деп ойлаймыз. Біз анықтағандай студенттермен тек дәстүрлі әдістерді қолданып қана қоймай, тұлғаға бағдарлық ұстанымдарына сәйкес тәрбие мен оқытудың жаңа тиімді формаларын іздестіруді қажет болып табылады. Сол себепті тағы бір басты шарттардың бірі *оқу және оқудан тыс жұмыстың рухани әр түрлі формаларын іздестіру* болып табылады.

Біз бұл ойымызды педагогикалық университетте толықтай сауалнама жүргізген соң ұсындық, ол тексерудің басты мақсаты студенттердің рухани-адамгершілік қажеттіліктерін анықтау болды. Сауалнамада рухани-

адамгершілік тәрбиенің дамуы әр түрлі адамгершілік іс-әрекет негізінде іске асуы берілген (бейнелеу өнерімен айналысу, классикалық музыка концерттеріне бару, мұражай, театр, көркем өзіндік іс-әрекетпен айналысу, өлең тыңдау, кітап оқу, бимен айналысу, вокалға қатысу). Студенттерге рухани-адамгершілік іс-әрекеттің ішінен жиі айналысуды қажет етуші әрекетті таңдау ұсынылған (күніге, күнара, аптасына 2-3 рет, аптасына 1 рет, екі аптада 1 рет, айына 1 рет).

Алынған нәтижелер рухани-адамгершілік қажеттіліктер сызбалар жүйесінде көрсетілген. Көптеген студенттер бірнеше рухани-адамгершілік іс-әрекет түрлерін таңдаған. Сонымен қатар студенттер өз тараптарынан өзге де іс-әрекеттер түрлерін ұсынған, олардың ішінде өлең шығару, өлең жазу әрекеттерін атауға болады.

Бұл көрсеткіштер бізге педагогикалық университеттегі бар іс-әрекеттерді дамытумен қатар оның жаңа түрлерін ашу қажет екендігін айқын көрсетті. Жоғарыда атап өткендей оқу формаларының жаңа түрлері белсенді түрде енгізіледі, ол өз кезегінде сабаққа деген қызығушылықты оятып, танымдық үрдістерін белсенді етеді, жеке даралыққа, өзіндік жетілдіруге ұмтылысын оятады.

Сол себепті де эксперименттің барысында бізді мұғалімдердің жеке ерекшеліктері қызықтырды, студенттің рухани-адамгершілік тәрбие деңгейін, осы саладан қызығушылықтарын, қажеттіліктерін тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін зерттеу және де соған сәйкес *рухани-адамгершілік тәрбиенің тұлғаға бағытталған түрлі әдістерін өңдеу* біздің жұмысымыздың тағы бір шарты болды. Дегенмен бұл шартты келесі болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік тәрбиесі бойынша педагогикалық ғылым жетістіктерін практикаға ендірусіз жүзеге асыра алмаймыз. Сол себепті де біз барлық эксперимент барысында көрнекті ғалымдар, педагог және психологтар еңбектерімен танысып, практикалық конференцияларға қатысып, тәжірибе алмастық. Бұл бағытта үнемі жұмыс істеу тәрбие үрдісін қазіргі заманауи зерттеулерді ескеріп жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талабына сай педагогикалық ғылымның басты бір міндеті пәнаралық интеграцияны іске асыру. Қазіргі нарықтық заманда әлемдік білім беру кеңістігіне енуі жағдайы республикадағы білім беру саласына жаңа талаптар қоюда. Өмірге қадам басарда тұлға білуі, түсінуі, әрекет етуі үшін әмбебап өмір бағдарларын игеруі керек.

Қазіргі әлеуметтік мәдени мәселелер мұғалімге оқушыларды кең ауқымды ойлауға үйрету тұрғысынан жаңа талаптар қойып отыр. Сол себепті де болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы рухани- адамгершілік тәрбие шарттарын іске асыру үшін пәнаралық байланысты күшейту, тәрбие үрдісінің түрлі компоненттерін кіріктіру қажет.

Бұл бағыт бойынша жұмыс барысында біз түрлі интеграция теорияларын, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының кешенділігін, оқушылар мен оқытушылар үшін әдістемелерді зерттедік. Олардың ішіндегі біз үшін

қолайлысы тақырыптық кіріктіру болды. Тақырыптық кіріктіруде мынадай ережелерге сүйендік:

- рухани іс-әрекеттің барлық түрлері жалпы бір дүниені бейнелейді, бірақ олар әр түрлі ғылым және өнер формаларында болуы мүмкін;

- өнердің және ғылымның тәрбиелік мәні жалпыадами құндылық ретінде рухани тәжірибені жас ұрпаққа беру үрдісінде аса маңыздылыққа ие және тұрақты болады;

- адам қоршаған әлеммен үйлесімділікте болуы тиіс.

Тақырыптық кіріктіру – бұл бірнеше пәндердің белгілі тақырыпта диалог көмегімен бірігуі. Тақырып нақты мазмұннан, бейнеден, эмоционалды күйден, адамгершілік және эстетикалық мәнділіктен тұрады. Ол бір байланыстырушы тетік ретінде бірнеше пәндер арқылы өтіп және пәндер диалогын құруға мүмкіндік береді.

Берілген ұстанымға сәйкес жұмыс істеу үшін әр пән мұғалімдері үшін қосымша тақырыптар ерекшеленеді. Бір-екі апта аясында оқытушы бір рет қосымша тақырыпқа көшеді және оны өз пәні арқылы ашып көруге тырысады, ол кезде жалпы сабақ тақырыбы ауыспай, оған тек 6-7 минут бөлінеді.

Пәнаралық байланыс, осылайша, табиғи түрде оқу үрдісі барысында туындайды. Әр оқытушы өз дербестігін, жылдар бойы өңделген бағдарлама мен жоспарларын сақтап қалады. Тек қана ескі материалға шығармашыл көзқараспен қосымша тақырыпты ашуға мән беруі керек. Мысалы, қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні кезінде оқытушы негізгі тақырыпты талдау барысында оқытушы қосымша тақырыпқа көшіп өнер туындысы туралы айта кетуіне болады.

Тақырыптық кіріктіру сабағын іске асырудың түрлері өте көп. Атап айтқанда туындыны талдаудың біршама басқа амалы, жаңа бейнелік салыстыру немесе қауымдастық, жаңа жаттығулар немесе шығармашылық тұрғысындағы тапсырмалар, қосымша тақырып бойынша қысқаша әңгіме; түсіндіру барысында назарды бір мәселеге бөлу; студенттерге деген жаңа сұрақ; мәселелі диалог; түсіндірме әдіс-амалдарын атауға болады.

Тақырыптық кіріктіру сабағы барысында ықпалдастыру әр пән бойынша әлемді тұтас тануға көмек береді. Бұл ретте бейнелік, нақты, еліктірме ойлау дамиды, әлем бірлігін адамның түрлі іс-әрекеттерінен көре алуға болады. Тақырыптық кіріктіру негізінде студенттер өз білімдерін бір пәннен келесі пәнге мақсатты түрде ауыстырады.

Ұқсас тақырыптарды ашу кезінде оқытушылар түрлі құралдармен сөз, дыбыс, сызық, түс, қозғалыс айналадағы әлемді бейнелеуге болады. Бұл жазушы шығармашылығын жалпылама түсінуге мүмкіндік береді. Тақырып бойынша жұмыс қорытындысы студенттер үшін сурет, шығарма, суырып салмалық, сабақ бөлімінің конспектісі сияқты біріккен жалпы тапсырмалар болады.

Тақырыптық кіріктіру практика көрсеткендей өте көп, олар бағдарламаның құрамына кіргізілген. Бұл тақырыптарды үлкен топтарға бөлуге болады,

мысалы «Табиғат–біздің үйіміз», «Қоршаған ортамен қарым- қатынас», «Әлемдегі сұлулықты тани білу», «Мен және ұжым», «Өзіңді тани біл».

Өз жұмысымызда біз болашақ мұғалімдерде тек әлем әртүрлілігін біріктіру сезімінің қалыптасуы ғана емес, сол сезімді өз оқушыларына беруге деген ынта тудыруға тырыстық. Сол себепті де студенттерге интеграцияланған сабақ жоспарын құрып және оны практика барысында өз сыныптарында өту керектігі айтылып тапсырма берілген.

Кіріктірілген сабақтан тыс іс-шара мысалы «Өнерге саяхат» атты конспект болып табылады. Ол сабақта студент дүниетану мен музыка сабағын біріктірген.

Зерттеу барысында біз педагогикалық университетте өткізілген іс-шаралардың да өзара бірін-бірі байытып, толықтыра түсуін қадағалаймыз.

Оның бір мысалы университетте жүргізілген мерекелік іс-шара. Бұл іс-шара да өзгелері сияқты алынған білімді електен өткізу, яғни бағалауға бағытталған.

Әр түрлі тәрбиенің құрамдас бөліктерінің кіріктірілуін іске асыру үшін біз тек қана университеттегі оқу-тәрбие үрдісін талдап қана қоймай, декан, оқытушылар және тәлімгерлермен де шығармашылық байланыста болдық. Пәнаралық кіріктірілу сұрақтары үнемі әдіснамалық семинарларда, конференция және кафедра отырыстарында талқыланып тұрды. Біз өз күш-жігерімізді біріктіріп бір тәрбиелік іс-шараның басқа де іс-шаралармен жалғасуына, тәрбиелік іс-шаралардың жүйелі жүргізілуіне аса мән бердік.

Сол себепті де біздің ойымызша келесі тұлғаға бағытталған рухани-адамгершілік тәрбиенің тағы бір басты шарты – әр *студенттің практикалық іс-әрекеті негізінде жұмысты ұйымдастыруы.*

Бұл дегеніміз бір жағынан болашақ мұғалімдер сабақта белсенділік танытса, екінші жағынан практика барысында мектеп оқушыларымен байланысты үзбей әрекет етуі нәтижесінде белсенді іс-әрекетке түседі. Жүргізілген эксперимент кезіндегі бақылау және оның нәтижелері ұйымдастырылған іс-әрекеттің әрбір студент тұлғасының толықтай шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беретіндігін көрсетті. Біздің мақсатымыз аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстар барысында студенттердің өз бойындағы шығармашылық әлеуетті пайдаланып, оны болашақ тәрбиеленушілерімен іс-әрекет барысында толыққанды қолдана алуына жағдай жасау болып табылды.

Студент әр өткізген сабағына, сабақтан тыс іс-шараға өзіндік бір шығармашылық қиялын (фантазиясын) қосса екен деген үміт болды. Біз олардың жаңа формалар мен әдістерді пайдалануын қолдап, балалар мен және оның ата-аналарымен қарым-қатынас құрудың жаңа тақырыптарын табуға көмек беруге тырыстық.

Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие әр студенттің практикалық іс-әрекетіне сүйенуі керек, өйткені сол ретте ғана университет қабырғасындағы оқу іс-әрекетіне кәсіби мотивациясы қалыптасады.

Міне сол себепті де белгіленген тағы да бір  шарт әрбір студенттің рухани-адамгершілік *тәрбие әдістемелері мен әдістерін игерумен* тығыз байланысты.

Жүргізілген экспериментті талдау мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді, бір немесе бірнеше шарттардың орындалмауы өз кезегінде тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиенің дұрыс іске асуын қамтамасыз етпейді.

Осылайша, біз бұл бөлім аясында эксперимент негізінде педагогикалық шарттардың сақталуы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғасына бағытталған тәрбие беруде аса маңызды екенін дәлелдедік.

Жоғарыда аталған барлық педагогикалық шарттар мен жолдарды іске асыру және олардың ортақ өзара байланыстылығы бізге университетте тұлғалық-бағдарлық рухани-адамгершілік тәрбиені ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері ұсынылған жалпы және жеке педагогикалық шарттарды сақтау арқылы  педагогикалық ЖОО бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлық рухани-адамгершілік тәрбиесінің  белгілі деңгейде табысты өтетіндігін көрсетеді.

Эксперимент барысында біздің өңдеп құрастырған моделіміз педагогикалық ЖОО бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғасына бағытталған рухани-адамгершілік тәрбиенің тиімділігін арттырып, білім беру мекемелерінде белгілі жолдар мен педагогикалық шарттарды сақтау барысында қолданысқа енгізуге болатындығын дәлелдейді.

### 3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмыс  нәтижелері

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаты, міндеттері мен мазмұны анықтау және қалыптастыру эксперименттерінің барысында жүзеге асырылды.

Анықтау эксперименті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің деңгейі қазіргі талаптарға сәйкес еместігін анықтады. Осы сәйкессіздіктің себептерін анықтау мақсатында студенттерден алынған интервью мен сауалнама  нәтижелері негізінде жүргізілген ранжирлеу бірқатар кемшіліктерді құрады:  студенттердің тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік құндылықтар саласынан теориялық білімдерінің жеткіліксіздігі (I ранг); рухани-адамгершілік іс-әрекеттерінің ішінара сипат алуы (II ранг); қоршаған ортаның рухани әсері деңгейінің төмендігі (III ранг); оқытушылар мен студенттердің әдістемелік әдебиетпен жеткілікті қамтамасыздандырылмауы (IV) және жоғары оқу орындарында студенттердің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру үрдісінің материалдық-техникалық құралдармен жеткіліксіз қамтамасыздандырылуы (V ранг). Анықталған себептер жиынтығы тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде болашақ мұғалімдердің  рухани-адамгершілік тәрбиелілігі деңгейін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиелілігі деңгейін анықтау барысында  алдыңғы параграфтарда баяндалған өлшемдер қолданылды, атап айтқанда:

- Мотивациялық-құндылық – *рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруге талпынысы;*

- Тұлғалық-мазмұндық – *тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік құндылықтар саласынан білімінің толықтығы;*

- Эмоционалдық-бағалаушылық – *рухани-адамгершілік құндылықтарды эмоционалдық тұрғыдан қабылдауы және бағалауы;*

- Іс-әрекеттік-нәтижелік – *рухани-адамгершілік құндылықтарды тұлғалық-бағдарлы іс-әрекеттерде қолдануы.*

Айтылып өткендей рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдірудегі жетекші өлшемдердің бірі студенттердің *рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруге талпынысы* болып табылады. «Студенттер және рухани-адамгершілік құндылықтар» атты сауалнаманың «Сіздің рухани-адагершілік құндылықтарды меңгергіңіз келе ме және қайда» деген сұрағына студенттердің 93,0% - игергісі келетіндігін, олардың 32% - аудиториялық дәрістерде, 21,9% - аудиториядан тыс жұмыстарда; 21,9% - университеттік іс-шараларда, 16,4% - ғылыми-зерттеу жұмыстарында осы құндылықтарды игергісі, зерттегісі келетіндігін айтты. Сонымен бірге студенттердің 7% рухани-адамгершілік құндылықтарды талдағысы келмейтіндіктерін жасырмады. Олармен болған интервью олардың басым бөлігінің тұлғалық-бағдарлы технологияларды үйренуге талпыныстары жоқ екендігін көрсетті.

Студенттердің тұлғалық-бағдарлы технологияларға негізделген рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің келесі өлшемі тұлғалық-мазмұндық, *тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік құндылықтар саласынан білімінің толықтығы* болып табылады. Оқытушылар мен білікті мамандар қатысқан педагогикалық сараптама болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие саласынан білімінің даму динамикасы деңгейінің төмен екендігін анықтады. Сарапшылардың тұжырымдауынша даму динамикасы төмен студенттер - 55% құрайтындығын көрсетті. Сарапшылар, студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтардың мазмұндық құрылымын, түрлерін білмейтіндігін, тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен олардың ерекшеліктері туралы түсініктерінің аздығын, тұлғалық-бағдарлы әдіс-амалдарды білмейтіндіктерін атап көрсетті. Зерттеу барысында сарапшылар мен студенттердің жауаптары, сондай-ақ құжаттамалар (оқу жоспарлары, жұмыс бағдарламалары) мен дәрістерді талқылау негізінде олардың тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие саласынан білімінің төмен деңгейінің себептері анықталды:

1. Рухани-адамгершілік сабақтарының жеткіліксіздігі;
2. Тұлғалық-бағдарлы технологиялар туралы ақпараттардың аз берілуі;
3. Тұлғалық-бағдарлы технологиялардың жиі қолданылмауы;
4. Рухани-адамгершілік тұрғыдан даму кезеңдері мен пәнаралық байланыстың жеткіліксіздігі;
5. Тұлғалық-бағдарлық технологиялар негізінде студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруге арналған аудиториялық, аудиториядан тыс

жұмыстардың, пән апталықтарының, ғылыми-зерттеу жұмыстарының, қоршаған ортамен қарым-қатынас істерінің және т.б. ұйымдастырылмауы;

6. Университеттік іс-шараларда тұлғалық іс-әрекеттерге студенттерді баулудың жеткіліксіздігі және т.б.

Сонымен бірге сауалнама нәтижесі студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтар мен тұлғалық-бағдарлы технологиялар саласынан ақпараттық деңгейінің жоғары еместігін көрсетті. Біз бұл олқылықтың орын алуы жоғары оқу орындарында тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруге арналған жұмыстардың жүргізілмеуінен деп білеміз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері педагогика және психология, қазақ тілін оқытудың теориясы әдістемесі, риторика, матемактиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі, жазуға үйрету әдістемесі, риторика, шетел тілі, музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі, бейнелеу өнерін оқытудың әдістемесі, еңбекке баулу, дүниетану пәндерін оқуы барысында тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік саласынан белгілі бір практикалық іскерліктер мен дағдыларды меңгереді. Осы бағытта жүргізілген сараптау бағасы мен өзін-өзі бағалау нәтижелері студенттердің тең жартысының орта деңгейі – жауап бергендердің 49,3%, ортадан жоғары – 26,0%, ортадан төмен – әрбір бесінші студент, және төмен деңгейі – 6,9% екендігін көрсетті. Таң қаларлығы бірде бір студент өзінің практикалық іскерлігі мен дағдысының деңгейін жоғары деп көрсетпеді. Мұнда сараптау бағасына студенттердің өзін-өзі бағалауы сәйкес келді.

Студенттердің практикалық іскерліктері мен дағдыларының қалыптасқандығының деңгейі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған тұлғалық-бағдарлы әдіс-амал түрлері бойынша бағаланды.

Эксперимент жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес студенттердің тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдірудің жолдары, қиындықтары, кемшіліктері зерттелді, тиімді формалары, әдістері мен құралдары анықталды.

Қалыптастыру эксперименті барысында факторлық талдау жүзеге асырылды. Осы мақсатта студенттердің тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру үрдісіне себеп болған басымдық факторлар анықталды. Әдетте, фактор дегеніміз «... белгілі бір құбылыстың, өзгерістің қозғаушы күші, себебі» деп тұжырымдалады [117, 175 б.]

Сараптау сауалнамасы негізінде жеке тұлғаның тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіруге ықпал ететін мынадай факторлар анықталды: білім беру процесі, жалпы білім беру пәндерін, базалық пәндерді, кәсіптендіру пәндерін оқытуды тұлғалық-бағдарлы технологияларға негіздеу, бұқаралық ақпарат құралдары, аудиториядан тыс сабақтар, университеттік іс-шараларға қатысу, бос уақытын тиімді пайдалану

(көрмелерге, конкурстарға қатысу, өздігінен білім алу процесі және т.б.). (кесте 6).

Кесте 6 - Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруге әр түрлі факторлардың ықпалы (студенттер мен оқытушылардың бағасы бойынша)

| Реттік нөмер | Факторлар | Орташа арифметикалық баға | | Бағалаудағы айырмашылық |
|---|---|---|---|---|
| | | Студенттер | Оқытушылар | |
| 1 | Білім беру үдерісі | 3,6 | 3,9 | 0,3 |
| 2 | Жалпы білім негіздері пәндерін оқыту | 3,5 | 3,8 | 0,3 |
| 3 | Базалық пәндерді оқыту | 3,3 | 3,3 | 0,0 |
| 4 | Кәсіптендіру пәндерін оқыту | 3,2 | 3,3 | 0,1 |
| 5 | Бұқаралық ақпарат құралдары | 3,1 | 3,1 | 0,0 |
| 6 | Аудиториядан тыс жұмыстар | 3,0 | 3,2 | 0,1 |
| 7 | Бос уақытты тиімді ұйымдастыру | 2,9 | 2,9 | 0,0 |
| 8 | Университеттік іс-шараларға қатысу | 2,8 | 2,8 | 0,0 |
| 9 | Өздігінен білім алу | 2,7 | 2,6 | 0,1 |
| 10 | Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу | 2.5 | 2,5 | 0,0 |
| 11 | Қоршаған ортамен қарым-қатынас | 2,2 | 2,3 | 0,1 |

Жүргізілген зерттеу рухани-адамгершілік тәрбиелілікті жетілдіруге оқу факторларының басымдық ықпалын анықтауға мүмкіндік берді. Өйткені студенттер де, оқытушылар да білім алушыны рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде білім беру үдерісінің (студенттер – 3,6; оқытушылар – 3,9), жалпы білім негіздері пәндерін оқытудың (3,5 балл – студенттер, 3,8 - оқытушылар); базалық пәндерді оқытудың (3,3 - студенттер, 3,3 – оқытушылар); кәсіптендіру пәндерін оқытудың (3,2 және 3,3) ықпалы басым деп, есептеді.

7 кестеде көрсетілгендей студенттер зерттеліп отырған саладан деңгейлерін көтеруге тигізетін қиындықтар қатарында уақыттарының жетіспейтіндіктерін (20,5%), материалдық қиындықтарын (8,2%), арнайы әдістемелік әдебиеттердің жоқтығын (5,4%), оқытушылармен тікелей қарым-қатынас жасамайтындығын (5,4%) атап өтеді. Сонымен бірге жауап берушілердің 1/3 бөлігі олардың рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруде қиындықтарының жоқтығын атап көрсетті. Таң қаларлығы, студенттер оқу материалдарын әзірлеу деңгейін, қабілеттерінің жоқтығын, арнайы сабақтардың аздығын және т.б. қиындықтардың қатарында атап өтпеді.

Кесте 7 – Студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиелілігі деңгейін жоғарылатудағы қиындықтарды бағалауы

| Қиындықтардың себептері | Абс. | % |
|---|---|---|
| 1. Уақыт жетпейді | 15 | 20,5 |
| 2. Материалдық қиындықтар | 6 | 8,2 |
| 3. Рухани жетіспеушілік | 3 | 4,1 |
| 4. Оқу материалдарын даярлау | 3 | 4,1 |
| 5. Арнайы әдебиеттердің жоқтығы | 4 | 5,4 |
| 6. Рухани-адамгершілік құндылықтардың ерекшеліктерін түсінбеушілік | 1 | 1,3 |
| 7. Қолайлы жағдайдың тудырылмауы | 1 | 1.3 |
| 8. Тұлғалық-бағдарлы технологиялар туралы ақпараттардың аздығы | 2 | 2,7 |
| 9. Оқытушылармен қарым-қатынас жасамауы | 4 | 5,4 |
| 10. Қабілеттілігінің жоқтығы | 2 | 2,7 |
| 11. Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие саласынан арнайы білімдердің аздығы | 2 | 2,7 |
| 12. Жалқаулық | 5 | 6,8 |
| 13. Себептер көп | 1 | 1,3 |
| 14. Қиындықтар жоқ | 24 | 32,8 |

Кесте 8 – Студенттердің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдірудегі кемшіліктер (оқытушылардың пікірі бойынша %)

| Кемшіліктер | Абс. | % |
|---|---|---|
| 1. Осы саладан элективтік курстың болмауы | 29 | 46,0 |
| 2. Арнайы оқу материалдарының жоқтығы | 20 | 31,7 |
| 3. Оқытушының практикалық даярлығының жетіспеушілігі | 10 | 15,8 |
| 4. Жауап жоқ | 4 | 6,3 |

Студенттер сауалнамаға жауап беру барысында рухани-адамгершілікті қалыптастыру бойынша жоғары оқу орындарындағы кемшіліктерді, бос уақытты тиімді ұйымдастырудың жүзеге аспайтындығын (13,7%), арнайы іс-шаралардың жоқтығын (9,6%) атап өтеді. Ал оқытушылар мұның себебін басқадан іздейді, мысалы арнайы курстың жоқтығын (46,0%), арнайы оқу

материалдарының жоқтығын, оқытушының практикалық даярлығының жеткіліксіздігін (15,8%) атап өтеді (Кесте 7-8).

Қалыптастыру эксперименті барысында студенттердің және оқытушылардың ұсыныстары мен тілектері есепке алынды. Бірқатар ұсыныстардың арасынан мыналар іріктеп алынды: тұлғалық-бағдарлы технологиялар және рухани-адамгершілік тәрбие элективтік курс бағдарламасының мазмұнын жасау және ендіру (24,7%), оқудан тыс іс-шаралардың жоспарын жасау және оны ұйымдастыру (16,4%), пән апталықтарын ұйымдастыру (13,7), университеттің жалпы іс-шараларына ендіру (11%) құрады.

Университет оқытушыларының көрсеткен бірқатар ұсыныстары негізге алынды. Олардың қатарында тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие бойынша әдіснамалық семинарлар ұйымдастыру (71,4%), материалдық-техникалық қамтамасыздандыру (46,0%), әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету (4,7%) сияқты айтылған ұсыныстарын атауға болады.

Сонымен алынған нәтижелер студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің жеткіліксіз деңгейін көрсетті. Айқындалған деңгейді былайша сипаттауға болады:

- студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарға аса мән бермеуі, оқу үдерісінде рухани-адамгершілік саласынан оқу материалдарын көбірек оқуға, осы саладан университеттік студенттік іс-шараларға қатысуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды жеке меңгеруге ұмтылысының айтарлықтай көрінбеуі;
- рухани-адамгершілік құндылықтар түрлері мен олардың өмірдегі, қоғамдағы мәні, рөлі туралы ақпараттануының төмендігі, тұлғалық-бағдарлы технологиялар туралы теориялық білімдерінің аздығы;
- тұлғалық-бағдарлы технологияларды пайдалану бойынша практикалық іскерліктері мен дағдыларын меңгерудің жеткіліксіздігі;
- студенттердің рухани-адамгершілік белсенділіктерінің жеткіліксіздігі, және оларды көрсетуге ұмтылыстарының бірден болмауы.

Эксперименттік зерттеу барысында студенттердің осы саладан деңгейлерін анықтауда өзін-өзі бағалауы жүргізілді. Оның нәтижесін Кесте 9-дан көруге болады.

Кесте 9- Студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесі дамуының деңгейін жеке бағалауы

| Деңгейлер | Абс | % |
|---|---|---|
| Жоғары | 11 | 15,0 |
| Орта | 48 | 65,8 |
| Төмен | 19 | 19,2 |

Алынған өзін-өзі бағалау нәтижелері рухани-адамгершілік дамуын өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейін анықтайды. Жауап бергендердің 2/3(65,8 %) өзінің деңгейін орташа, 15,0% - жоғары бағалайды. Студенттердің жауаптарының нәтижелерін сарапшылардың бағалауымен салыстыру өзін-өзі бағалауда көтермелеушілік болғандығын көрсетеді.

Зерттеу барысында әдебиеттерге жасаған теориялық талдау нәтижелері мен анықтау экспериментінің нәтижелері негізінде жасалған модель және оның педагогикалық шарттар мақұлдаудан өткізілді.

Алдымен студенттердің *рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруге қызығушылығын арттыру және тұлғалық-бағдарлы технологияларды меңгеруге талпынысын күшейту* мақсатында жалпы білім негіздері, базалық пәндер, кәсіптендіру пәндерінің бірқатар тақырыптары бойынша тұлғалық-бағдарлы технологияларға негізделген рухани-адамгершілік құндылықтар мәнін ашуға арналған аудиториялық жұмыстар (дәріс, жұптап дәріс беру, дәріс-диспут, этикет семинары, композициялық семинар және т.б.) жүргізілді. Бұл туралы 3.1 параграфында мазмұнды баяндалған.

Студенттер осы материалдарды меңгеру нәтижесінде рухани-адамгершілік құндылықтардың әлеуметтік, танымдық мәнін, халық шығармашылығында қалыптасқан адамгершілік қағидаларын түсінді. Рухани-адамгершілік құндылықтар туралы ғұлама ойшылдар, мен қазақ ағартушыларының, жыршы-жырауларының көзқарастарымен танысты. Рухани-адамгершілік құндылықтарды үйрену, сақтау, дамыту қажеттіліктері пайда болды. Рухани-адамгершілік құндылықтарды бағалауға оң қарым-қатынастары артты.

Студенттердің *тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік тәрбие саласынан теориялық білімдерін кеңейту* мақсатында қалыптастыру эксперименті барысында «Тұлғалық-бағдарлы технологиялар және рухани-адамгершілік тәрбие» атты студенттерге арналған элективтік курстың мазмұны жасалды және ол мақұлдаудан өткізілді.

«Тұлғалық-бағдарлы технологиялар және рухани-адамгершілік тәрбие» атты элективтік курстың мақсаты – студенттердің тұлғалық-бағдарлы технологиялар және рухани-адамгершілік тәрбие саласынан тұтас теориялық білімдерін қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруге, сақтап, дамытуға оң қарым-қатынастарын және өмірлік тәжірибеде рухани-адамгершілік сапаларын көрсете алу іскерліктерін дамыту. Оның мазмұны кесте 10-да көрсетілген.

Оның міндеттері:

- студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарға қызығушылығын қалыптастыру және оның қоғам мен адам өміріндегі мәнін түсінуге тәрбиелеу;
- рухани-адамгершілік тәрбиенің ұғымдық аппараты мен негізгі принциптерін меңгеру;
- рухани-адамгершілік құндылықтар саласынан білімдерін толықтыру, рухани-адамгершілік құрамына талдау жасау іскерліктерін дамыту;

- тұлғалық-бағдарлы технология саласынан білімдерін кеңейту; оның ерекшеліктеріне талдау жасау іскерліктерін арттыру;

- тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын меңгеру, оның атқаратын рөліне эмоционалдық қатынастарын кеңейту;

- тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие бойынша меңгерген білімдерін практикада пайдалануға тәрбиелеу;

- тұлғалық-бағдарлы технология саласынан іскерліктері мен дағдыларын дамыту.

Ұсынылған элективті курс теориялық бөліктен және оны ұғынудың практикалық-бағыттаушылық компонентінен тұрады. Курстың сағат көлемі - 45 сағат, яғни 1 кредитті құрайды. Курстың көптеген тақырыптары бойынша, қарастырылған лекциялық оқыту формасынан бөлек, семинарлық сабақтар және СӨЖ, ОБСӨЖ енгізілген. Курс 30 аудиториялық сағатты құрайды. Курстың құралуы ғылыми-дәйекті мазмұнның логикасына сәйкес келеді.

Элективті курс сабақтарында оқытудың белсенді формалары мен әдістерін (дәріс-дискуссия, іскерлік ойындар, накты жағдаяттарды талдау және т.б.) қолдану анағұрлым тиімді болады.

Кесте 10 - «Тұлғалық-бағдарлы технологиялар және рухани-адамгершілік тәрбие» атты элективтік курстың тақырыптық мазмұны

| Тақырыптар | Дәріс | Семинар | СӨЖ | ОБСӨЖ |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдірудің қажеттілігі | 1 | 1 | | 1 |
| «Адамгершілік», «адамгершілік тәрбие», «руханилық», «рухани-адамгершілік», «рухани-адамгершілік құндылықтар» ұғымдарының мәні | 2 | 2 | 1 | 1 |
| Рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұндық құрылымы | 2 | 2 | 1 | 1 |
| Тұлғалық-бағдарлы технологиялар сипаттамасы | 2 | 2 | 1 | 1 |
| Болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдірудегі тұлғалық-бағдарлы технологиялар әлеуеті | 2 | 2 | 1 | 1 |

10 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| «Өзін-өзі» тану курсы тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу құралы | 2 | 2 | 1 | 1 |
| Болашақ мұғалімдерді тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің құрылымдық моделі | 2 | 2 | 1 | 1 |
| Болашақ мұғалімдерді тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдістемесі | 2 | 2 | 1 | 1 |
| Барлығы | 15 | 15 | 7 | 8 |

Диссертациялық жұмыста осы элективті курстың қысқаша мазмұнына тоқталып кетуді дұрыс деп таптық.

**1-тақырып.** *Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдірудің қажеттілігі.*

Рухани-адамгершілік тәрбиенің бүгінгі күндегі маңызы. Рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгерудің мектеп мұғалімдеріне қажеттілігі мен жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне тигізер пайдасы. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында, Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттарында балалар мен жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу қажеттілігінің көрініс табуы. Мұғалімдердің, соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиелілігі қажеттігінің себептері.

**2-тақырып.** *«Адамгершілік», «адамгершілік тәрбие», «руханилық», «рухани-адамгершілік», «рухани-адамгершілік құндылықтар» ұғымдарының мәні.*

«Адамгершілік», «адамгершілік тәрбие», «руханилық», «рухани-адамгершілік», «рухани-адамгершілік құндылықтар» ұғымдары туралы түсінік беру. Олардың мән-маңызы мен мазмұнын ашу. «Адамгершілік» пен «руханилық» ұғымдарының ара қатынасын аша түсіндіру.

**3-тақырып.** *Рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұндық құрылымы.*

Ғұлама-ойшылдардың рухани-адамгершілік тәрбие туралы айтқан ой-пікірлері (Қорқыт ата, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қ.А.Яссауи, М.Х.Дулати, А.Иүгінеки, және т.б.)

Қазақ ағартушылары мен XIX-XX ғасыр басындағы ақын-жазушылардың еңбектерінде берілген рухани-адамгершілік тәрбие идеяларына тоқталу

(Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнабаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов және т.б.).

Рухани-адамгершілік тәрбие қарастырылған шетелдік және отандық ғалым-педагогтар еңбектеріне шолу (Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко; А.А.Бейсенбаева, Р.Төлеубекова, А.А.Калюжный, Ұ.Әбдіғапбарова, Р.Ж.Шалтаева, А.Қ.Рысбаева, Г.А.Омарова және т.б.).

Рухани-адамгершілік құндылықтар жіктемесіне тоқталу. Рухани-адамгершілік тәрбиелілік –адами қасиеттердің, адамгершілік іс-әрекеттердің, психологиялық-тұлғалық қабілеттердің, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың тұлға бойында қалыптасып, дамуы екендігін нақты мысалдармен дәлелдеу.

**4-тақырып.** *Тұлғалық-бағдарлы технологиялар сипаттамасы.*

Тұлғалық-бағдарлық технологиялар қарастырылған шетелдік және қазақстандық еңбектерге шолу жасау. (А.Кумбс, Э.Колли, Р.К.Минз, И.Я.Лернер, М.Н.Скатин, В.В.Краевский, Б.М.Бим-Бад, А.В.Петровский, И.С.Якиманская, С.М.Бахишева, Ә.М.Мұхаметжанова, Б.Б.Жақыпақынов, Б.К.Құдышева, Ш.Т.Мұқанбетова)

Тұлғалық-бағдарлы технологиялардың мақсатын, міндеттерін, оларға қойылатын талаптарды мазмұндау. Тұлғалық-бағдарлы технологиялардың ерекшеліктерін көрсету. Тұлғалық-бағдарлы әдіс-амалдарға тоқталу.

**5-тақырып.** *Болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдірудегі тұлғалық-бағдарлы технологиялар әлеуеті.*

Тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесінің өзара байланысын негіздеу. Тұлғалық-бағдарлы әдіс-амалдардың (диалог, студенттің жеке тәжірибесі, еркін шығармашылық және т.б.) студенттердің адами қасиеттерін, адамгершілік іс-әрекеттерін, жалпы тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерін дамытуға тікелей ықпал ететіндігін мысалдар негізінде дәлелдеу. Тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиені жүзеге асыру формаларына тоқталу (дәріс, екеулеп дәріс, дәріс-диспут, этикет семинары, композициялық семинар, оқудан тыс іс-шаралар және т.б.)

**6-тақырып.** *«Өзін-өзі» тану курсы тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу құралы.*

«Өзін-өзі» тану пәнінің республиканың білім беру сатыларына жаппай ендірілуі туралы мазмұндау. Өзін-өзі тану пәнінің тұжырымдамалық негіздеріне, құрылымы мен мазмұнына, ерекшеліктеріне және әдістемелік технологияларына мән беру, оларды ашып түсіндіру. Өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру жолдарына кеңінен тоқталу.

Өзін-өзі тану пәнін бастауыш сыныпта оқыту әдіс-тәсілдерін талдау (шаттық шеңбері, әңгіме, әңгімелесу, тыныштық сәті, өзіммен-өзім, шығармашылық жұмыс, жағдаяттарды талдау, жүректен-жүрекке және т.б.).

**7-тақырып.** *Болашақ мұғалімдерді тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің құрылымдық моделі.*

Болашақ мұғалімдердің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру моделінің мақсатына тоқталу. Модельдің мақсаттық; мазмұндық; ұйымдастырушылық; нәтижелік төрт бөлігінің мазмұнын аша түсіндіру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру процесінің негізгі төрт компонентін ашу. Оның мотивациялық-құндылық, тұлғалық-мазмұндық, эмоционалдық-бағалаушылық, іс-әрекеттік-нәтижелік өлшемдеріне мән беру. Осы өлшемдердің көрсеткіштерін нақты мысалдармен дәйекті дәлелдеу. Мотивациялық-құндылық – рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруге талпынысы; тұлғалық-мазмұндық – тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілік құндылықтар саласынан білімі; эмоционалдық-бағалаушылық – рухани-адамгершілік құндылықтарды эмоционалдық тұрғыдан қабылдауы және бағалауы; іс-әрекеттік-нәтижелік – рухани-адамгершілік құндылықтарды тұлғалық-бағдарлы іс-әрекеттерде қолдануы.

**8-тақырып.** *Болашақ мұғалімдерді тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдістемесі.*

Болашақ мұғалімдерді тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдарына тоқталу (аудиториялық жұмыс, аудиториядан тыс жұмыс жүргізу, педагогикалық практиканы пайдалану, пән апталығын өткізу, оларды университеттік іс-шараларға қатыстыру, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға көмектесу, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке баулу, қоршаған ортамен және белсенді қарым-қатынасқа түсу, студенттер арасында жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу).

Білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің деңгейін педагогикалық диагностикалау. Осы қалыптастырудың элективтік курс, оқудан тыс іс-шаралар (пән олимпиадалары, студенттердің ғылыми-практикалық конференциялаыр, ғылыми-инновациялық жобалар, көрмелер, концерттер, конкурстар және т.б.) және арнайы ұйымдастырылған шаралар (кездесулер, акциялар, тұлға танымдық кештер және т.б.) мен студенттің қоғамдық, өзін-өзі басқару істері негізінде жүзеге асатындығына кеңінен тоқталу. Қалыптастыруда қолданылатын педагогикалық құрал-әдістерге (сауалнама, проблемалық дәрістер, семинарлар, диспут дәрістері, іскерлік ойындар, және т.б.) мән беру.

Элективтік курсты оқыту барысында проблеманың теориялық-әдіснамалық негіздеріне аса мән берілді. Мазмұндық сипатына тәрбиелік мүмкіндіктеріне ден қойылды.

Теориялық білімді меңгеру барысында студенттер берілген тапсырманың шешімін шығармашылықпен іздестіруге үйренеді, тапсырма нәтижесін ұтымды пайдалануға машықтанады, өз ойларын тұжырымдай білуге жаттығады. Практикалық сабақ барысында студенттің рухани-адамгершілік тәрбиені практикада тиімді пайдалана білу қабілетіне аса мән берілді, іс-шараларға қажетті материалдарды сұрыптай білуге үйретілді, шығармашылық ізденіске дағдыландырылды, педагогикалық шеберлігі шыңдалды.

Студенттердің тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие саласынан білімінің даму динамикасы 4- суретте көрсетілген.




Сурет 4 - Студенттердің тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбие саласынан білімінің даму деңгейі

Элективтік курсты оқыту барысында берілген білімдер студенттердің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді жүйелі меңгеруіне септігін тигізді. Рухани-адамгершілік құндылықтар түрлерінен білімдерін тереңдетті. Олардың рухани-адамгершілік құндылықтарды эмоционалдық тұрғыдан қабылдау сезімдерін дамытты. Дейтұрғанмен оларға бөлінген сағат көлемдерінің аздығынан тұлғалық-бағдарлы технология түрлерінен толық білімі мен практикалық іскерліктерін толық қалыптастыра алмады. Бұл білімдер студенттердің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіруде жеткіліксіз болды. Осыған байланысты тұлғалық-бағдарлы технологияға негізделген рухани-адамгершлік тәрбиені жетілдіруге арналған аудиториядан тыс жұмыстар, университеттік студенттік іс-шаралар, бос уақытты ұйымдастыру, пән апталығы, педагогикалық практика, инновациялық, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен қоршаған ортамен қарым-қатынас істері ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл туралы 3.1 парагафында мазмұндалған.

Өткізілген жұмыстардың міндеттері болып:

- студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарға қызығушылығын қалыптастыру және олардың қоғам және адам өміріндегі мәнін түсінуге тәрбиелеу;

- рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі ерекшеліктері мен мазмұнын меңгеру;

- тұлғалық-бағдарлы технологиялардың негіздерін қалыптастыру; оның рухани-адамгершілік тәрбиені жетілдіру сипаттары мен мүмкіндіктеріне талдау жасау, салыстыру, қорыту және орындау іскерліктері;

- рухани-адамгершілік саласынан практикалық іскерліктерін арттыру;
- осы саладан меңгерген білімдерін практикада пайдалануға тәрбиелеу;
- рухани-адамгершілік мәдениетіне белсенді қарым-қатынасын дамыту.

Сонымен студенттердің меңгерген теориялық білімдері практикалық жұмыстар арқылы бекітіледі.

Қалыптастыру эксперименті барысындағы сарапшылардың бағасы бойынша практикалық іскерліктер мен дағдыларды жетілдірудің тиімді формаларының бірі болып «этикет семинары», «диспут семинарлар» және оқытушының көмегімен студенттің өткізген «шеберлік сынып» табылды. Мұндай жұмыс формалары студенттердің тұлғалық-бағдарлы технологиялар бойынша практикалық іскерліктері мен дағдыларының қалыптасқандығының, меңгерген білімдері негізінде осы саладан деңгейлерінің жоғарылағанын байқатты

Сонымен қалыптастыру эксперименті барысында 2012, 2013, 2014 жылдары үш кесінді алынды. Оның нәтижелері рухани-адамгершілік тәрбиелілігі жетілдірілгенінің мотивациялық-құндылық, тұлғалық-мазмұндық, эмоционалдық-бағалаушылық, іс-әрекеттік-нәтижелілік компоненттеріне сәйкес жүзеге асырылды. Қалыптастыру эксперименті барысында эксперименттік топтардағы студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру үрдісінде мынадай өзгерістер болды (кесте 11).

Кесте 11 - Эксперимент тобындағы студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиелілігі жетілдірілгенінің деңгейі бойынша бөлінісі (%)

| Өлшемдер | Деңгейлер | 2012 ж. | 2013 ж. | 2014 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Мотивациялық-құндылық | Ж | 36,0 | 48,0 | 64,0 |
| | О | 36,0 | 40,0 | 32,0 |
| | Т | 28,0 | 12,0 | 4,0 |
| Тұлғалық-мазмұндық | Ж | 8,0 | 20,0 | 52,0 |
| | О | 56,0 | 64,0 | 48,0 |
| | Т | 36,0 | 16,0 | 0,0 |
| Эмоционалдық-бағалаушылық | Ж | 8,0 | 32,0 | 60,0 |
| | О | 52,0 | 44,0 | 40,0 |
| | Т | 40,0 | 24,0 | 0,0 |
| Іс-әрекеттік-нәтижелілік | Ж | 12,0 | 60,0 | 78,0 |
| | О | 52,0 | 36,0 | 18,0 |
| | Т | 36,0 | 4,0 | 4,0 |

*Мотивациялық-құндылық.* Эксперимент тобы студенттерінің рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруге қызығушылығы 2012 жылы 72,0% -дан 2014 жылы 96,0% дейін көтерілді, оны сақтап, дамытқысы келетін талпыныстары (68,0% дан 92,0% ға дейін), дербес білім алуға ұмтылысы (16,0% дан 54% ға дейін) артты. Рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелілігінің мотивациялық-құндылық өлшемі көрсеткіштерінің динамикасы жағымды жағына өзгерді: төмен деңгей қалыптастыру экспериментінің басында 28,0% болса, соңында 4,0% құрады; орта деңгей 36,0%-дан 32,0%-ға дейін дейін азайды, және жоғары деңгей 36, 0%-дан 64,0%-ға дейін жоғарылады.

*Тұлғалық-мазмұндық.* Эксперименттік тәжірибе жылдарында студенттердің тұлғалық-мазмұндық көрсеткіштерінің динамикасы жағымды сипатқа ие болды: төмен деңгей қалыптастыру экспериментінің барысында 36,0% дан соңында 0,0%ға дейін азайды, орта деңгей - 56,0%-дан 48,0%ға дейін азайды, және жоғары деңгей 8%-дан 52,0%-ға дейін көтерілді.

*Эмоционалдық-бағалаушылық,*Эксперимент барысында студенттер рухани-адамгершілік құндылықтардың эмоционалдық сипатымен жеткілікті деңгейде қаруланды. Эксперимент соңында олардың эмоционалдық бағалаушылығының қалыптасқандығының орта деңгейі 40,0%-ды және жоғары деңгейі 60,0%-ды құрады.

*Іс-әрекеттік-нәтижелілік.* Қалыптастыру эксперименті барысында жасалған шаралар студенттердің рухани-адамгершілік тұрғыдан белсенділігін арттырды. Барлығы дерлік (92,0%) пән апталығына, ғылыми ізденістік-зерттеу жұмыстарына, университеттік студенттік іс-шараларына қатысты. Эксперимент тобы студенттері 2014 жылы республикалық пән олимпиадаларына, әр түрлі жарыстар мен байқауларға белсенді қатысты, конференцияларда осы тақырыптарда баяндама жасады, педагогикалық практика барысында тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгертуге арналған сабақтар әзірлеп, өткізді. Қорытынды кесінді рухани-адамгершілік белсенділік деңгейлерін өзгертуді анықтады: төмен 36,0%-дан 4,0%-ға дейін, 52,0%-дан 18,0%-ға дейін, жоғары 12,0%-дан 78% ға дейін өзгерді.

5-суретте студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиелілігі жетілдірілгенінің динамикасы көрсетілген.




Сурет 5 – Студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиелілігі жоғарылағандығының деңгейі

*Бастапқы кесінді:* төмен деңгейі – 36,0%, орта деңгейі 56,0%, жоғары деңгейі – 8,0%.

*Аралық кесінді:* төмен деңгейі – 16,0%, орта деңгейі 64,0%, жоғары деңгейі – 20,0%.

*Қорытынды кесінді:* төмен деңгейі – 0,0%, орта деңгейі 36,0%, жоғары деңгейі – 64,0%.

Сонымен, тәжірибелі-эксперимент жұмысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу моделінің, оның өлшемдері мен көрсеткіштерінің, деңгейлерінің дұрыстығын, айқындалған педагогикалық шарттардың ықпалының басымдығын көрсетті. Сондай-ақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технология негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу әдістемесінің тиімділігін дәлелдейді.

# ҚОРЫТЫНДЫ

1. «Адамгершілік», «адамгершілік тәрбие» «руханилық», рухани-адамгершілік», «рухани-адамгершілік құндылықтар», «рухани-адамгершілік тәрбие» ұғымдарының мәнін зерттеу оларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруге, олардың бір-бірімен өзара байланысын көрсетуге және болашақ мұғалімнің рухани-адамгершілік тәрбиесінің құрылымдық мазмұнын анықтауға мүмкіндік берді.

2. Тұлғалық-бағдарлы технологиялардың мақсаты мен міндеттерін, басты талаптары мен ерекшеліктерін терең зерттеу тұлғалық-бағдарлы технологиялар мен рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің арақатынасын анықтау мүмкіндігін туғызды (мәселен, оларға ортақ мақсат – білім алушыға құндылық қарым-қатынас жасау, оның тұлғалық қасиеттерін, адами сапаларын, даралығын дамыту, субъектілік ерекшеліктерін ашу және т.б.*)*. Білім беру мен тәрбиелеу саласында қолданылатын тұлғалық-бағдарлы әдіс-амалдардың (диалог, педагогикалық қолдау, студенттердің жеке тәжірибесі, еркін шығармашылық, жеке тұлғалық іс-әрекет, бірлестіктегі іс-әрекет, жағдаяттарды талдау және т.б.) барлығының да студенттердің адами қасиеттері мен адамгершілік әрекеттерінің дамуына, психологиялық-тұлғалық қабілеттерінің жетілуіне, жалпыадамзатттық, ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға аялы көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етіп, олардың рухани-адамгершілік тәрбиелілік деңгейін көтереді.

3. Жоғары педагогикалық оқу орындарында оқытылатын «Өзін-өзі тану» курсының технологиясы негізінен тұлғалық-бағдарлы әдіс-амалдар арқылы жүзеге асырылады. «Өзін-өзі тану» курсы мақсатынан туындайтын студенттердің өзін-өзі анықтау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалау, өзінің іс-әрекеттеріне, тәжірибесіне талдау жасау бойынша білім-біліктерін арттыру, дағдыларын дамыту – олардың рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіру негіздерінің бірі болып табылады.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру үрдісі мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастырушылық, нәтижелік бөліктерден құралған модель арқылы жүзеге асырылады. Олардың рухани-адамгершілік тәрбиелілігінің деңгейі мотивациялық-құндылық, тұлғалық-мазмұндық, эмоционалдық-бағалаушылық, іс-әрекеттік-нәтижелілік компонеттерінің бірлігінде және оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштер негізінде жасалған құрылымнан талап етіледі.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру жолдары болып тұлғалық-бағдарлы әдіс-амалдар мен рухани-адамгершілік білім мен тәрбие материалдарын қолдану арқылы аудиториялық жұмыс, аудиториядан тыс жұмыс, университеттік студенттік іс-шаралар, бос уақытты ұйымдастыру, пән апталығын өткізу, осы саладан педагогикалық практиканы тереңдету,

инновациялық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мен қоршаған ортамен қарым-қатынастарын белсендіру табылады.

6. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру үрдісінің әдістемелік жүйесі рухани-адамгершілік білім мен тәрбие мазмұнын тұлғалық-бағдарлы технология тұрғысынан қарастыруды және осы мазмұнға сәйкес оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерде оларды ұйымдастырудың формаларын, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын анықтауды көздейді.

7. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары жалпы және жеке шарттарға топтастырылады. Жалпы шарттарға тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру үрдісін әдіснамалық, материалдық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, кадрлық тұрғыдан қамтамасыз ету жатады. Жеке шарттары болып оқу-тәрбие үрдісінде рухани-жағымды орта құру; оқу мен оқудан тыс іс-әрекеттерді кіріктіру; оқу бағдарламаларының рухани-адамгершілік әлеуетін кеңінен пайдалану; тұлғалық-бағдарлы рухани-адамгершілік тәрбиенің түрлі әдістерін өңдеу және т.б. табылады.

8. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіру бойынша жасалған элективті курс бағдарламасы, оқу материалдары мен оқудан тыс іс-әрекеттерде өткізілетін іс-шаралар жоспары мен әдістемелік нұсқаулар осы проблеманы тиімді шешуде септігін тигізеді.

Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай *ұсыныстар* жасауға болады:

1 Рухани-адамгершілік тәрбие құрылымының, рухани-адамгершілік құндылықтар түрлерінің, рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі тұлғалық-бағдарлы технологиялар мүмкіндіктерінің мазмұны осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге көмектеседі. Оларды мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін орталықтардың, мекемелердің әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет.

2. Тұлғалық-бағдарлы технологияларға негізделген рухани-адамгершілік сабақтарды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіру мақсатында жоғары оқу орнының оқу үрдісінде тиімді пайдаланған жөн.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелілігін жетілдіруді біздің ұсынып отырған бағдарламалар, оқу материалдары, жеке сабақтар, іс-шаралар жоспары бойынша жүзеге асырған дұрыс.

4. Тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу бойынша әдістемелік нұсқауларды жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үрдісінде тақырыптық іс-шараларды өткізуде негізге алу қажет.

5. Педагогикалық жоғары оқу орындарында кіші мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық орталығын және рухани-адамгершілік тәрбиесі орталығын құрған жөн.

6. Ұсынылып отырған тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруді жүзеге асыру жолдарын жоғары педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға болады.

Зерттеу проблемасы өте күрделі болғандықтан және алғаш рет зерттеліп отырғандықтан толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта болашақ мамандардың тұлғалық-бағдарлы эстетикалық тәрбиесін дамыту, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық-бағдарлы адамгершілік тәрбиесін белсендіру, бастауыш сыныптың гумандық бағыттағы сабақтарын тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде ұйымдастыру, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы іс-әрекетке даярлау және т.б. проблемалар арнайы зерттеуді қажет етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1 Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты // Егемен Қазақстан. - Астана, 2012, қаңтар – 28. - №41-42(27114).

2 Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңы. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2007. – 192 б.

3 Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы.

4 Васильев В. А. Конфуций о добродетели // Социально-гуманитарные знания. - 2006. - № 6. - С. 132-146.

5 Платон. Диалоги Сократа / пер. с древнегреч. В.Н.Карпова. - СПб.: Азбука-классика, 2009. – 448 с.

6 Платон. Собрание сочинений / под общ. ред. А. Ф. Лосева, В. Ф. Асмуса, А. А. Тахо-Годи. (Серия «Философское наследие»). - М.: Мысль, 1990-1994. –527 с.

7 Аристотель. Этика.Политика. Поэтика // Собр.соч.: в 4 т. - М., 1984. – 455 с.

8 Гегель. Философия права / пер. с немец. Б.Г.Столпнера. - М.: Мир книги; Литература, 2009. – 464 с.

9 Стретерн П. Декарт за девяносто минут / пер. с англ. Т.Л.Ждановой. - М.: Астрель, 2005. – 77 с.

10 Монтень М. Опыты. Избранные главы. - М.: Правда, 1991.- 230 с.

11 Кант И. Основоположения метафизики нравов // Соч.: в 8 т. - М.: Чоро, 1994. - Т. 4. - 406 с.

12 Толстой Л.Н. Мысли о воспитании // Пед.соч. - М.: Педагогика, 1989. – 514 с.

13 Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. - М.: Педагогика, 1982. - 570 с.

14 Асмус В.Ф., Жан Жак Руссо. Историко-философские этюды. - М.: «Мысль», 1984. - С. 135.

15 Широков В.А., Широков О.В. Симферополь: «Улицы рассказывают». - Симферополь: Таврия, 1983. - 208 с.

16 Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека: советы воспитателям. - Минск:Нар. асвета,1978.-288 с.

17 Макаренко А. С. Педагогические сочинения в 8-ми томах. — М.: Педагогика, 1983-1986. – Т. 1-8.

18 Гершункий Б.С. Философия образования для 21 века (В поисках практико-ориентированный образовательных концепций) Рос. Акад. Обр., Ин-т теории образования и педагогики. - М.: Совершенство, 1998. – 604 с.

19 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: учебник для студентов пед. вузов // В 2-х кн. - М.: Владос, 2000. – Книга 1. – 576 с.

20 Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 75 б.

21 Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тілінен ауд. А.Егеубаев. - Алматы: Жазушы, 1986. - 178 б.

22 Жандарбек З.З. Ходжа Ахмет Йасави и возрождение тюркской государственности // Суфизм в Иране и Центральной Азии: материалы международной конференции 2–3 мая 2006 года г. Алматы / редактор-составитель С. Абдулло. - Алма-Ата, 2006. — С. 171-177.

23 Дулати Х.М. Тарихи Рашади. –Алматы: Санат, 2003. – 616 с.

24 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. - Алматы:Рауан, 1994. -215 б.

25 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Рауан, 1985. – 215 б.

26 Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 1986. - 312 б.

27 Құдайбердиев Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991. - 80 б.

28 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы / қазақ тілі мен оқу - ағартуға қатысты еңбектер. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 418 б.

29 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ғылым, 1999. – Т. 4. - Б. 304

30 Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы,1991. – 384 б.

31 Жұмабаев М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 447 б.

32 Adlier P. Planung sozialer Prozesse. – Berlin, 1974. – 232 p.

33 Бердяев Н.А. Философия творчества, культуры и искусства. – М.: Искусство, 1994. – 512 с.

34 Зенковский В.В. Философия и культура. –М.: Смысл, 1991. – 231 с.

35 Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. – Алматы: Ғылым, 1998. – 172 б.

36 Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. – Алматы: Атамұра, 1994. – 344 б.

37 Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 181 б.

38 Әлеуметтік философия: Хрестоматия / құр. Қ.Әбішев. – Алматы: Ғылым, 1997. – 128 б.

39 Алтаев Ж., Ғабитов Т. Философия және мәдениетану. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 272 б.

40 Ғабитов Т.Қ. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 128 б.

41 Нұрмұратов С.Е., Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ ФжСИ, 2000. – 180 б.

42 Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Смысл, 2004. – 352 с.

43 Ананьев Б.Г. Психологическая структура личности и ее становление в процессе индивидуального развития человека. Психология личности. Хрестоматия. – Самара : Бахрах, 1999. – Т. 2. - С. 7-94.

44 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1972. –304 с.

45 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Изд-во «Питер», 2001. – 720 с.

46 Давыдов В.В. Теория развития обучения. – М.: Педагогика, 1996. – 214 с.

47 Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1989. – 554 с.

48 Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 1982. –247 б.

49 Тәжібаев Т. Жалпы психология. –Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 238 б.

50 Темірбеков А., Балаубаев С. Психология. – Алматы: Мектеп, 1996. – 230 б.

51 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Санат, 1993. – 272 б.

52 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996. – 224 б.

53 Шерьязданова Х.Т. Психолог в детском саду. – Алматы: Рауан, 1997. – 135 с.

54 Намазбаева Ж.И. Жалпы психология. – Алматы: Жазушы, 2006. – 287 б.

55 Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. – Алматы: КазГУ им. аль-Фараби, 1992. – 198 с.

56 Гаврилова В.А. Религиозность и богоборчество в поэзии М.Ю. Лермонтова. – М.;Ярославль: РЕМДЕР, 2010. – 68 с.

57 Крылов Н.Б. Введение в методологию индивидуального образования. – М.: Народное образование, 2005. – 254 с.

58 Лихачев Д. С. Великое наследие // Избранные работы: в 3 т. – Л.: Худож. лит., 1987. – Т. 2. – С. 3-342.

59 Харламов И.Ф. Педагогика. – М.: Гардарики, 1999. – 520 с.

60 Власова Т.И. Когнитивно-бихевиоральный подход в психотерапии и консультировании. – Владивосток: ГИ МГУ,2006. – 251 с.

61 Ганжин В.Т. Нравственность и наука. – М.: МГУ, 1978. - 141с.

62 Газман О.С. Педагогика свободы: путь в гуманистическую цивилизацию XXI века // Классный руководитель. - 2000. - №3. - С. 6-33.

63 Каган М.С. Философская теория ценности. – Санкт-Петербург, Петрополис, 1997. – 205 с.

64 Шемшурина А.И. Основы этической культуры. – М.: ВЛАДОС, 2001. - 111 с.

65 Щуркова Е.Н. Педагогическая технология . - М.: Педагогическое общество России, 2010. – 256 с.

66 Драккер П.Р. Жаңа шындықтар / ауд. Б.Каранакчы. – Анкара: Түркияның жұмыс банкісі мәдениет баспасы, 1996. – 130 б.

67 Bursalıoğlu Z. Okul Yönetimde Yeni Yapı ve Davranış. New structure and behavior in shool administration. - Ankara: Pegem Publishing, 1994. - 452 p.

68 Özdemir. Muhammet. Fen Egitiminde Bilimsel Süreç Becerilerine Dayalı Laboratuar Yönteminin Akademik Basarı, Tutum ve Kalıcılıga Etkisi. (Yayınlanmamıs Yüksek Lisans Tezi). – Zonguldak: Zonguldak Karaelmas Üniversitesi SBE, 2004. – S. 214.

69 Koray Özlem. Fen Egitiminde Yaratıcı Düsünmeye Dayalı Ögrenmenin Ögrenme Ürünlerine Etkisi", (Yayınlanmamıs Doktora Tezi). – Ankara: Gazi Üniversitesi SBE, 2003. – S. 126.

70 Aytaç Serpil – 2002. Yaratıcı Kisilik ve Yönetici // http://www.isguc.org/serpil_aytac1.php (16.04.2005).

